Жалпы елімізде бүгінде ұлттық спорт ойынының 272 түрі бар. Олардың 12 -ісі – авторлық ойындар. Бір ғана асық ойынының мыңнан астам түрі бар екені айтылады. Алайда бәрінің шарты, ережесі жазылған бір де бір кітап жоқ. Ғаламтордан да мандырымды жауап ала алмайсың. Мерзімді басылымдарда жазылып жататыны болмаса. Сала мамандары бірқатарының мектеп бағдарламасына кірген ережесін жасап шықты. Оған «Ханталапай», «Хан ату», «Құлжа ату», «Құмар», «Қақпақыл», «Қаржу» немесе «Қаржымақ», «Төрт асық», «Бес тас», «Иірмекіл», «Омпа», «Бәйге», «Бес табан» т.б. ойын түрлері жатады. Асық ату ойындарының нақтылы зерттелгені 41-дің үстінде. Жоғарыда аталған «үштіктің» тарапынан бұрынырақта ойластырылған «Үш бас» асық ойыны 42-ші ретпен енгізілді. Бұл ойындарды негізінен жасөспірім балалар ойнайды. Яғни болашақ ел қорғайтын жауынгер жас кезінде асық ату арқылы мергендігін шыңдайды, дәлдігін жетілдіреді, ептілігін арттырады. Осылай жастай шыныққан бала ержеткенде епті жауынгерге айналады. Қысқасы біздің «Ұлттық спорт» деп жүргеніміздің тарихи-этнографиялық маңызы, міне, осы.

Аталмыш авторлар үштігінің күшімен «Қазақ шаңырағы» топтық-командалық ұлттық спорт ойынының ережесі түзіліп, айналымға енгізілгенін де атап өткеніміз жөн. Бүгінде бұл ұжым ежелден бар ұлттық ойындарымыздың негізінде «Қазақ қырандары» аталатын ұлттық сапалық-сынақтық спорт ойынының ережелерін түзіп, мақсатын айқындап, сынақтан өткізу үстінде. Бұған дейін «Үш бас» ойынынан онлайн-жарыс ұйымдастырылған болатын. Ендігі жерде мұндай іс-шараны «Қазақ қырандарынан» да ұйымдастырудың мүмкіндігі бар. Бір отбасында екі бала болса жеткілікті. Ендігі жерде оны ұлттық ойын түріне айналдыруымыз керек. Айта кетейік, «Үш бас» бірқатар жиын- тойларда жұрт назарына ұсынылып, бильярдты, теннисті алмастыра да бастады. Қысқасы, оған жеген ел-жұрттың қызығушылығы жоғары.

Ал мына «Қазақ қырандарының» неліктен ұлттық сапалық-сынақтық ойын түріне жататындығына келетін болсақ, бұрыннан бар ұлттық жеті ойынның ең қиын жаттығулары оның түпнегізі етіліп алында. Яғни дәстүрлі ойындардың біразын біріктіріп, бір арнаға жинақтап, қазақыландырдық. Ондағы жүрістерді орындауға мектеп, колледж оқушылары мен жоғары оқу орындары студенттерінің мүмкіндігі жете ме, жоқ па ол жағын да зерттедік. Тәжірибелік сынақтар да өткіздік. Осынау топтық ойын түрі бар- жоғы он минутқа ғана созылады. Алайда ұзақ, үздіксіз жаттығуды, дене мүшелерін ұдайы жаттықтыруды талап етеді. Аяқ пен қолдың, мойын мен омыртқаның буындары қоғзалысын қамтамасыз ететін, күш қолдануды, қырағылықты, дене күші, қасиеттерін (сапаларын) қажет ететін ойын. Бүгінгі таңда ғаламтор киырларын кезіп, тек саусақтары ұшымен ғана жұмыс істейтіндіктен, қимыл-қозғалысы шектеліп, физикалық тұрғыда жетілмей қалып жатқан жасөспірімдердің күшін еселеуге зор септігін тигізетін осындай ойын түрінің қажеттігі айқын сезіліп те отыр.

«Қазақ қырандарының» құрамына күш қолдануды, қырағылықты, болмыстық, сапалық қасиеттерді қажетсінетін «Білек айқас», «Құс жүріс», «Қол тартыс», «Бел күрес», «Салмақ көтеру», «Иық итеріс», «Сынақ» секілді ойын түрлерін енгіздік. Бұл ойындардың оған қатысушыларға физикалық тұрғыдан зор пайда берері анық.

Жалпы ойынды ашық алаңда, спорт залында өткізуге болады. Ортадан сызық сызылады. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді де сол ортадағы сызықта санына, бойларына қарай қатар түзеп тұрады. Ойынды жүргізу үшін екі топқа ортақ бір басқарушы (төреші) тағайындалады. Төрешінің берген бұйрығы

бойынша ойын басталады. Ойынға қатысушылар айла-амал қолданып, алаңның ішінде жүріп, өз тобына жеңіс әкелуді қарастырады. Бірақ белгіленген межелі жерден шығуға немесе шатасуға болмайды. Ойын ойыншылардың дене күшін, жүгіру қабілетін жетілдіріп, денелерін шындап, денсаулықтарын жақсарта түседі. Бұл ойындар адамның денесін ширатып, бұлшық еттерді қатайтады, төзімділікке, батылдылыққа, ептілікке, керек кезінде тез ойланып, әдіс таба білуге машықтандырады.

Ойын төрешінің басшылығымен басталады және тоқтатылады. Егер ойыншылар бір-бірін жеңе алмаса бірдей ұпай беріледі. Спортшы жарақаттанған немесе киімі қолайсыздық туғызған жағдайда ғана жарыс тоқтатылады. Ойыншы ойынды жалғастыра алмаса ол ойыншыға жеңіліс жарияланады.

Ойын басқарушының берген командасы бойынша қатар түзеп сапта тұрған ойыншылар оң жақ шетінен бастап қатар санын «бір, екі, »... деп сол жақ шетіне дейін санап шығады. Содан соң 1 санындағылар 1-ші команда, 2 санындағы ойыншылар 2-ші команда болып бөлінеді. Жарыстың спорт залда өткені дұрыс, өйткені зал сызықтары дайын. Мысалы: залдағы үш сызық, ортадағы шеңбер, оның тең бөлінгені. Осы шеңбер ортасында ойынның көп түрі өтеді. Жарыс бір-біріне қос қолдап сәлемдесуден басталады. Содан соң ойын төрешінің берген бұйрығы бойынша екі топ жарысқа түседі. Екі топтың мүшелері сапалық-сынақтық сайыстар арқылы бір-біріне, өз өнерлеріне сенімділікті үстеп, жеңіске деген құлшыныстарын білдіреді. Ойынды жоғарыдағыдай тәртіппен жүргізе беруге болады. Ойын қимыл бірлігін қалыптастырып, жеке, топтық іс-әрекетке тәрбиелейді.

Бүгінде ұлттық ойындарымызға аса көңіл бөлінбей отырғаны, тіпті кейбір ұлттық спорт түрлерінен айырылып қалу қаупі бар екендігі айтылып та жазылып та жүр. Өз жерімізде тұрып өзіміздің ұлттық ойындарымызды ұлықтай алмауымыз – өзімізге сын. Егер дер кезінде қолға алмасақ, ұлттық ойындарымыздың барлығы «қолды» болып кетуі де ғажап емес. Онсыз да, көкпарды қырғызға, ат үстіндегі полоны ағылшындарға, садақ тартуды Венгрияға «сыйлап» жіберген жайымыз бар.

Елбасы Н. Назарбаев 2020 жылға қарай дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтардың санын 30 пайызға жеткізу, соның ішінде балалар мен жасөспірімдер санын 15 пайызға жеткізу туралы тапсырма берген болатын. Бүгінде елімізде орташа есеппен әрбір 130 – ыншы тұрғын ұлттық спорт түрімен айналысады екен. Аз ба, көп пе, оны өздеріңіз топшылай жатарсыздар. Дене шынықтыру мен спорт саласындағы басым бағыттардың бірі қазақстандықтардың дені сау ұлт болып қалыптасуын қамтамасыз ету. Бұл ретте бұқаралық спортты дамытуға жағдай жасау аса маңызды.

Рас, ұлттық спорт ойындарын ортамызға қайта оралтудың тиімді тетіктері де жоқ емес. Қалай болғанда да ұлттық спорт ойындарының шын жанашыры басқа емес, өзіміз болуға тиіспіз. Баршаның күш жұмылдыруын қажет ететін бір игілікті іс осы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. ҚРБЖҒМ. Типтік оқу бағдарламасы. Ұлттық спорт түрлері. Астана. 2006ж.
2. Қазақша-орысша орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Дене тәрбиесі және спорт. 31т. Республикалық мемлекеттік «Рауан» баспасы. Алматы 2000ж.
3. Б.Төтенай. Дене тәрбиесі. Оқулық. «Фолиант» Астана. 2012ж.

4. Б.И.Иманбекова. Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыс. Алматы -2003.
5. Т.Баимбетов. Дене шынықтыру сабақтарындағы жалпыдамытушы жаттығулар және терминология . Әдістемелік құрал. Алматы. «Қазақ университеті» 2006ж
6. Джекенев Б.С., Касымов С., Шилібаев Б.А. Ұлттық қимыл-қозғалыс және спорт ойындары Оқу құралы. ТарГУ им М.Х.Дулати. Тараз қ. 2014 ж.
7. Шилібаев Б.А., Бекбергенова Ж. Еліміздегі дене шынықтыру және спорт, олимпиадалық ойындар тарихы. Оқу құралы. ТарМПИ. Тараз қ. 2016 ж.

УДК

Нурпеисова Макпал Муратбековна
Кандидат экономических наук, профессор
Университет «Нархоз» г. Алматы, Казахстан

ВОПРОСЫ АТТРАКТИВНОСТИ ОБЪЕКТОВ ВПШ СТАНДАРТОВ И ИХ ТРЕБОВАНИЙ К ОРГАНИЗАЦИИ УСЛУГ

Аннотация. На данный момент страны, расположенных по одному из маршрутов продвигают свои инфраструктурные проекты как элементы Экономического пояса Шелкового пути. Инфраструктура Экономического пояса Шелкового пути состоит и из элементов индустрии гостеприимства. Атрактивность - слово, исходником которого является латинское "attrahere", означает «привлекать» стандартов и их требований к организации услуг объектов ВПШ

Ключевые слова: аттрактивность, стандарты, услуги гостеприимства

Андатпа. Қазіргі уақытта маршруттардың бірінде орналасқан елдер өздерінің Жібек жолы экономикалық белдеуінің элементтері ретінде өздерінің инфрақұрылымдық жобаларын ілгерілетуде. Жібек жолы экономикалық белдеуінің инфрақұрылымына қонақжайлылық индустриясының элементтері де кіреді. Тартымдылық - қайнар көзі латынша «attrahere» сөзі ҰЖЖ объектілерінің қызметтерін ұйымдастыруға стандарттар мен олардың талаптарын «тарту» дегенді білдіреді.

Түйінді сөздер: тартымдылық, стандарттар, қонақжай қызметтері

Annotation. At the moment, the countries located along one of the routes are promoting their infrastructure projects as elements of the Silk Road Economic Belt. The infrastructure of the Silk Road Economic Belt also includes elements of the hospitality industry. Attractivity - the word, the source of which is the Latin "attrahere", means "to attract" the standards and their requirements for the organization of services of VPS object

Keywords: attractiveness, standards, hospitality services.

Тема региональной экономической интеграции постоянно присутствует в работах экономистов, социологов, политологов дальнего и ближнего зарубежья начиная с середины 50-х годов XX века, т.е. с начала развития интеграционных процессов в Западной Европе.

Ученые из МГИМО Н.Ливенцев и В.Харламова предлагают: «под региональной экономической интеграцией в общем виде процесс постепенного

хозяйственного объединения стран того или иного региона. В результате формируется новый единый хозяйственный организм — международный региональный комплекс».

Авторы обращают внимание на то, что вследствие интеграции «создается новое качество международных экономических отношений» [1]. одно из крупных отличий постсоветской региональной интеграции от иных регионов (Европы, Юго-Восточной Азии), где локомотивом сближения выступает в первую очередь торговля.

Наличие у большинства стран, расположенных в экономическом поясе Нового шелкового пути это общие структурные проблемы экономики в целом и промышленного производства в частности. Задачи перехода в большинстве из них к постиндустриальному развитию обуславливают, положительные перспективы для углубления и расширения их политического, культурного и экономического сотрудничества и развития на этой базе интеграционных процессов.

Прежде, чем приступить к анализу реальных интеграционных процессов, происходящих между странами, расположенными вдоль пояса нового Шелкового пути, необходимо определиться с системой индикаторов интеграционного процесса.

Инициатива по налаживанию Экономического Коридора Шелкового Пути из Китая в Европу, была предложена Председателем КНР Си Цзиньпинем в сентябре 2013 года в столице Казахстана Астане. Для стран Центральной Азии не представляется возможным игнорирование инициатив, исходящих от Китая, даже имея ввиду включенность стран в иные геостратегические альянсы, объединения и международные соглашения.

Создание «Экономического Пояса Шелкового Пути» предполагает целый ряд аспектов, которые затем были развернуты в концепции «Один пояс – один путь» весной 2015 года на Боасском Форуме. Суть концепции «Один пояс – один путь» заключается в «пяти связующих элементах» – политическое согласование, единая инфраструктурная сеть, беспрепятственные торговые связи, свободные валютно-финансовые потоки, дружба и взаимопонимание между народами [2].

Экономический Пояс Шелкового Пути, представляет собой геоэкономическое позиционирование Китая не только в регионе Центральной Азии, но и имеющее долгосрочный стратегический задел. Стратегии большинства постсоветских стран носят многовекторный характер, с целью сохранения государственной устойчивости и принятия адекватной стратегии модернизации.

Постсоветские страны в основе своей избрали в качестве принципов новой государственной стратегии в политическом отношении – направление демократизации, в экономическом – в большинстве своем принципы либерализации и приватизации государственной собственности.

Казахстан с первых дней независимости провозгласил «открытость» для зарубежных инвестиций в качестве приоритета развития. Республика предоставила возможности иностранным компаниям активно участвовать в приобретении активов в прибыльных отраслях сырье-добывающего комплекса страны. На полученные средства смогла реализовать активные структурные экономические реформы.

В постсоветской Центральной Азии сложились переходные политико-экономические режимы, обладающие определенной лабильностью к восприятию различных внешних геополитических конструкций.

Концепция «Один пояс – Один путь» побудила целый ряд государств Евразии вдоль предполагаемого Экономического коридора Шелкового пути к «геополитической активности». К числу таких государств можно отнести, помимо стран Центральной Азии, также государства Закавказья (Азербайджан, Грузию), Иран и Турцию.

. Вовлечение Турции как наблюдателя, а Ирана как потенциального члена Шанхайской Организации Сотрудничества создает новую геополитическую конфигурацию в Евразии.

Таким образом, в настоящее время мы наблюдаем изменение «политических установок» именно в направлении потенциальными участниками Экономического Проекта Шелкового Пути.

Важным пунктом китайской инициативы налаживания «Экономического Пояса Шелкового Пути» Председатель КНР Си Цзиньпин считает необходимость «развивать дорожное сообщение».

Таким образом, идея Экономического Пояса рождалась изначально как инициатива для стран Шанхайской Организации Сотрудничества по налаживанию эффективного транспортного сообщения с широкими возможностями как политического, экономического, так и культурного характера, способствующего сближению народов.

В этой связи необходимо упоминание Новой Экономической Программы Казахстана «Нурлы Жол» / Светлый Путь, нацеленной на активное участие в этой глобальной концепции развития. Поэтому для таких стран как Казахстан ключевое значение имеет маршрут, по которому пройдет Экономический Пояс Шелкового Пути.

Инфраструктура Экономического пояса Шелкового пути берет начало из западных районов Китая, пролегая через ключевые центры экономической активности Европы и Азии. Протяженность данного маршрута составит от 8,5 до 11 тыс. км. Северный маршрут предполагает задействие Транссибирской магистрали через территорию Казахстана.

Потенциальный ежегодный товарооборот между Европой и Азией по оценкам специалистов МВФ составляет более 600 млрд. долларов США. Это очень конкурентоспособный транспортный коридор, поскольку экономит время в пути до 10 суток от тихоокеанского берега до границ ЕС.

Большая часть инфраструктурных проектов на этапе строительства. И возникают вопросы о принятии во внимание фактора масштабного роста перевозок в начале строительства, так как в то время не учитывались многие текущие факторы.

На данный момент страны, расположенных по одному из маршрутов продвигают свои инфраструктурные проекты как элементы Экономического пояса Шелкового пути. МЦПС «Хоргос» - один из крупнейших инвестиционных проектов, реализуемых по инициативе руководителей Казахстана и Китая. Центр расположен на площади 528 га, стоимость проекта 383 млрд. тенге.

Создаваемая здесь СЭЗ «Хоргос – Восточные ворота» имеет хорошие перспективы стать одним из крупнейших в мире сухопутных перевалочных портов. На территории центра разместятся казахстанские, китайские, а также российские и белорусские торговые дома, выставочные павильоны, гостиницы, промышленные объекты и международный туристический комплекс.

На территории СЭЗ уже зарегистрировано 82 компании, а недавно открытый современный пассажирский терминал проходимостью 10 тыс. человек в сутки не имеет аналогов на всем постсоветском пространстве.

Предприниматели стран Таможенного союза будут здесь заключать сделки с партнерами из КНР, не выезжая в эту страну. В течение месяца любой гражданин Китая и стран Таможенного союза сможет находиться в СЭЗ без визы. Автомобильная дорога Алматы – Хоргос, которая является частью межконтинентального коридора Западная Европа – Западный Китай, строится как автобан и соответствует всем мировым стандартам.

Инфраструктура Экономического пояса Шелкового пути состоит и из индустрии гостеприимства. При выборе гостиницы потенциальный клиент в первую очередь обращает внимание на известные предприятия, которые уже успели зарекомендовать себя на рынке гостиничных услуг [3]. Как правило, такими предприятиями являются международные гостиничные сети, располагающие свои отели в крупнейших городах мира

Однако, не стоит забывать о процессах интеграции и концентрации, которые оказывают существенное влияние на гостиничную индустрию.

Индустрия гостеприимства существует в условиях постоянно растущей и жесткой конкуренции, и потребитель, среди множества подобных средств размещения, выберет то, где качество услуг будет на высоте. Одной из проблем современного гостиничного бизнеса является несоответствие мировым стандартам качества обслуживания при мировом уровне цен на услуги.

Роль гостиничного бизнеса в современной экономике постоянно растет и меняется, происходит его внутренняя перестройка. Разнообразие сегодняшнего отельного предложения на рынке услуг гостеприимства и усиливающиеся темпы стратегической конкурентной борьбы заставляют современных отельеров по-новому взглянуть на управленческие аспекты и использовать современные, порой инновационные подходы к организации гостиничного бизнеса.

Вопрос качества гостиничных услуг является крайне важным, при котором стандарты, их реальная форма и содержание являются критерием качества обслуживания, поэтому к предприятиям размещения и питания применяются более строгие требования, касающиеся качества предоставляемых услуг. Высокое качество услуг и гарантированный сервис способны повысить лояльность гостей, а также привлечь, и что не мало важно, удержать большее количество потенциальных потребителей. Чтобы решить эту проблему, гостиницы не должны сокращать расходы на обучение своего персонала. Состав является залогом успешного гостиничного бизнеса, ведь его доходность во многом определяется квалификацией кадров. Также к одной из основных проблем гостиничной отрасли, влияющих на качество предоставляемых услуг в зданиях гостиниц, чтобы всё соответствовало международным стандартам. Каждому работнику гостиницы необходимо придерживаться определенных стандартов обслуживания потребителей, чтобы уровень сервиса был высоким, вне зависимости от того, в каком субъекте нашей страны предоставляются подобные услуги. Вся система обслуживания должна быть сконструирована таким образом, чтобы обеспечивать удобство гостей.

Эффективными средствами обеспечения качества и безопасности услуг в сфере туризма выступают стандартизация и классификация объектов туристской индустрии, которые в соответствии со ст. 4, 5 Закона о туристской деятельности являются одним из способов государственного регулирования туристской деятельности. Причем стандартизация объектов туристской деятельности — составная часть системы технического регулирования РК.

Координацию международной деятельности в области стандартизации осуществляет Технический комитет 228 «Туризм и связанные с ним услуги» ТС

228 Tourism and related services⁷ Международной организации стандартизации (ИСО).

Аттрактивность - слово, исходником которого является латинское "attrahere", что в дословном переводе означает "привлекать".

Группа экспертов Всемирной туристской организации (ЮНВТО) разработала стандарты качества оказания услуг в сфере туризма, которые были приняты Комитетом по обеспечению качества ВТО на его шестой сессии (Варадеро, Куба, 9–10 мая 2003 г.).

В стандартах ЮНВТО качество в туризме предлагается понимать как «результат процесса, предполагающего удовлетворение по приемлемой цене всех законных потребностей, требований и ожиданий потребителя в отношении продуктов и услуг в соответствии с принятыми на взаимной основе договорными условиями и такими основными параметрами качества, как безопасность и охрана, гигиена, доступность, прозрачность, подлинность и существование гармонии между соответствующей туристской деятельностью и ее человеческой и природной средой»..

Стандарты BRC и само его название. BRC Global Standard — Food (Единый стандарт BRC — Пищевая продукция). имеет широкую область применения, включая все аспекты безопасности продуктов питания и требования, как к поставщикам, так и к продавцам. Также принятие и внедрение на предприятии Системы анализа опасных факторов и критических контрольных точек (ХАССП). Наличие документированной и результативной системы менеджмента качества, контроль производственных стандартов, продукции, процессов и персонала повысят безопасность продукции еще на один уровень.

Четвертая версия стандарта FSSC 22000 отражает лучшие отраслевые практики и состоит из ряда отдельных компонентов, которые проверяются как единая система. К ним относятся компании-производители всех видов продуктов питания и напитков, пищевых ингредиентов и добавок, кормов для домашних и сельскохозяйственных животных, а также производители упаковки и упаковочных материалов. Кроме того, **обеспечение** систематического подхода для эффективного выявления и управления рисками безопасности пищевых продуктов.

Кроме того, FSSC расширила область применения своего стандарта, включив в него транспортировку и складирование, розничные операции, а также сферу общественного питания. позволяющая вам определять, каким именно образом ваш бизнес будет соответствовать требованиям схемы по структуре и документации системы управления безопасностью пищевых продуктов.

Одним из ключевых вопросов является снижение непостоянства качества, чему должна способствовать разработка единых стандартов, нормативов и правил обслуживания.

В международной и отечественной практике под стандартом понимается нормативный документ по стандартизации, разработанный на основе согласия, характеризующегося отсутствием возражений по существенным вопросам у большинства заинтересованных сторон (производителей и потребителей), утвержденный признанным органом и обязательный к применению.

Стандарт как нормативный документ содержит правила, общие принципы, характеристики, касающиеся определенных видов деятельности, в том числе гостиничной, и доступен широкому кругу потребителей. По своей природе он предназначен для установления минимально необходимых

требований, делающих любую услугу соответствующей своему назначению по формализованным показателям качества, безопасности и т. д.

При определении объектов стандартизации в гостиничной индустрии исходят из того, что качество определяется техническими и функциональными компонентами. В связи с этим стандартизация распространяется на следующие элементы услуг и обслуживания:

- термины и определения в гостиничной индустрии, необходимые для взаимопонимания и однозначности восприятия понятий; описывающие услуги; условия их оказания; договорные отношения и безопасность;
- классификацию типов средств размещения и их услуг, категоризацию средств размещения;
- способы и методы формирования, продвижения и оказания услуг;
- способы оценки и минимизации рисков для здоровья и жизни потребителей при пользовании услугами;
- содержание и формы информации об услугах, предлагаемых средствами размещения, посредниками (турфирмами), и пути компенсации за непредоставление объявленных услуг;
- технологии, устанавливающие стандартные требования к формам документов и составу информации в них, а также к другим элементам.

К целям стандартизации в сфере гостиничных услуг относятся подтверждение и обеспечение поддержания заявленного уровня качества и безопасности потребления услуг, а также защита интересов потребителей от недобросовестной конкуренции на рынке.

Государственные стандарты в сфере гостиничных услуг утверждаются, как правило, Государственным комитетом по стандартизации (Госстандарт)-раннее по стандартизации и метрологии (Госстандарт РК). На уровне предприятий внедрение стандартов и нормативов является важным элементом системы управления качеством. Они призваны снизить вероятность ошибок в функциональном качестве и обеспечить постоянство высокого качества обслуживания. Стандарты, нормативы и правила (инструкции) подробно закрепляют производственные обязанности за отдельными подразделениями и службами, должностными лицами предприятия размещения, определяют порядок их взаимодействия и субординации, регламентируют процесс исполнения различных операций при оказании тех или иных услуг.

Стандартизация играет ключевую роль в обеспечении точного информирования потребителя об уровне качества средства размещения как основы формирования ожиданий.

Прежде чем остановить свой выбор на конкретном средстве размещения, потребитель стремится собрать информацию о данном предприятии. Объем информации, необходимый для принятия решения, должен соответствовать тому набору показателей, который использует потребитель для формирования ожиданий. Право потребителя на полную и достоверную информацию о качестве приобретаемой услуги закрепляется в законодательном порядке. Реализация этого права – важная составляющая управления качеством услуг.

В силу неосязаемости услуг средств размещения в распоряжении предприятий не так много способов передать потребителю информацию о качестве. Средства размещения стремятся визуализировать свои услуги, повысить их осязаемость с помощью печатных изданий, брошюр, каталогов, видеоинформации на различных носителях, сайтов в Интернете. Эти носители

информации дают возможность в том или ином объеме создать представление о техническом качестве и номенклатуре предоставляемых услуг. Однако не существует ни одного способа показать функциональное качество до момента начала обслуживания. В распоряжении потребителя могут находиться лишь косвенные свидетельства данного качества – мнения других потребителей, информация о достижениях средства размещения в области качества (сертификаты, дипломы и т. д.). Таким образом, принимая решение воспользоваться услугами средства размещения, потребитель в любом случае рискует не получить ожидаемой услуги. Снизить степень риска и повысить адекватность формирующихся ожиданий поможет ранжирование средств размещения по категориям исходя из уровня качества услуг (обслуживания), т. е. рейтинг, или категоризация. Ранжирование осуществляется по принятой шкале. Уровень качества услуг определяет преимущества, получаемые потребителем, а также лимитирует сферу его притязаний по ассортименту и качеству потребляемых услуг, т. е. ограничивает ожидания. Каждое предприятие ежегодно инспектируется. Этой работой занимаются специально подготовленные инспекторы, которые регулярно обследуют гостиницы. Для гарантированной работы по обеспечению исполнения стандартов они обязаны регулярно проходить обучение на курсах. Гостиницы проверяются анонимно. Поселившись на одни сутки как клиент и получив счет, инспектор представляется руководству и после этого проводит детальную проверку всего предприятия. При смене собственника гостиницы автоматически теряют свою категорию и должны быть переаттестованы. Оплата за работу по аттестации гостиницы зависит от ее размеров, оснащенности оборудованием, кроме того, оплачивается регистрация присвоенной категории.

Список литературы

1. Ливенцев Н.Н., Харламова В.Н. Международная региональная экономическая интеграция. – М.: РОССПЭН, 2001. – 314 с
2. Си Цзиньпин. О государственном управлении. – Пекин: Издательство литературы на иностранных языках, 2014. – 391 с.
3. Волков Ю. Ф. Технология гостиничного обслуживания. – Ростов н/Д.: Высшее образование, 2003.
4. Сенин В. С., Денисенко А. В. Гостиничный бизнес: классификация гостиниц и других средств размещения. – М.: Финансы и статистика, 2004.
4. Яковлев Г. А. Экономика гостиничного хозяйства: учебное пособие. – М., 2005.

Омаров Бахытжан Сұлтанұлы

Халықаралық туризм және меймандостық университеті,
Туркестан қаласы, Қазақстан

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ОҚУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Аңдатпа: Бұл мақалада ұлттық ойындарды оқу және тәрбие үдерісінде, туристік жорықтарда пайдаланудың өзектілігі жайлы баяндалған. Сонымен қатар ұлттық ойындардың атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып отырған көне халықтың дәстүрлері, шаруашылық мәдени, өмір

тіршілігінің жиынтық белгісі болған ойын өнері ретінде жастарға өнегелі ұлттық тәрбие беру жайлы баяндалады.

Түйін сөздер: ұлттық ойын, халық педагогикасы, ойын, оқу, тәрбие.

АКТУАЛЬНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНЫХ ИГР В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ

Аннотация: В данной статье подчеркивается место и значение национальных игр в учебно-воспитательном процессе и туристических походах. Говорится о нравственном воспитании молодёжи в национальном духе на основе культуры, быта и традиций, передаваемых из поколения в поколение, от старших к младшим через игровое искусство.

Ключевые слова: национальная игра, народная педагогика, игра, обучение, воспитание.

THE ACTUALITY OF USING OF NATIONAL GAMES IN EDUCATING AND UPBRINGING PROCESS

Annotation: This article emphasizes the place and importance of national games in the educational process and hiking trips. It is about the moral education of young people in the national spirit on the basis of culture, life and traditions passed down from generation to generation, from older to younger through the game art.

Keywords: national game, folk pedagogy, game, training, education.

Оқушыда жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осымен байланысты бағдарлама халқымызға тән әдептілік, қонақжайлық, мейірімділік, т.б. сияқты қасиеттер, табиғатқа деген қарым-қатынасындағы біздің халыққа тән ерекшеліктер. Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысып келеді. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойынды туристік жорықтарда қолдану оқушылардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы.

Халық педагогикасының адам, отбасы, өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу туралы арман-мақсаттарын, орныққан пікірлерін, ұсыныстарын қамтып көрсететін педагогикалық идеялар мен салт-дәстүрлері өткен мен қазіргінің арасындағы байланысты көрсетеді.

Туристік жорықтарда халықтық педагогиканың ең бір көне тиімді құралдарының біріне ұлттық ойындар жатады. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді.

Сөйтіп, өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді.

Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз қуу», «Тоғызқұмалақ» т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады.

Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе.

Ұлы педагог В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды», - дейді [1]. Демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы баии түседі.

Туристік жорықтар мен оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін көпшілік тұрғыда пайдаланған жағдайларда оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Жорықтарда «Сиқырлы қоржын», «Көкпар», «Асық» «Ақсүйек» секілді т.б. ұлттық ойындарды дәріптеу өте тиімді екеніне көз жеткізу қиын емес.

Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, аса көрнекті жазушы М.Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», - деп тегіннен тегін айтпаса керек.

Е.Сағындықов өз еңбегінде: «Қазақтың ұлт ойындары тақырыпқа өте бай және әр алуан болады», - дей келіп, ұлт ойындарын негізінен үш салаға бөліп топтастырған [2].

М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінен бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Кезінде ұлттық ойындарды зерттеген авторлар қатарында М.Тәнекеев, Б.Төтенаев, М.Балғымбаев, Ә.Бүркітбаев, т.б. есімдерін атауға болады.

Қазақ халқының ұлттық ойындарының зерттелуі. Қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы сипаттамалық жинақтар, деректер және құжаттар дұрыс зерттеу мен талдауды қажет етеді.

Ұлттық дәстүрлі халық ойындарының ел арасындағы беделі, тарихи қоғамдағы алатын орны және болашақ ұрпақты өсірудегі қажеттілігі, оның шығу тарихы туралы ғылыми тұрғыдан бізге дейінгі ғалымдар да көп ізденді. Осы мәселеге байланысты зерттелеген ғылыми еңбектерді біз хронологиялық шектігіне қарай бірнеше топқа бөліп қарастырамыз.

1. Орыстың отарлау саясаты кезеңіндегі алғашқы орыс әскери шенеуніктері мен миссионерлерінің көшпенділер хақындағы зерттеу жұмыстары;

2. Кеңес заманы кезеңіндегі Орта Азия және Қазақстан халықтарының ұлттық ойындары туралы жазылған ғылыми еңбектер;

3. Мектеп жасына дейінгі балаларды дене шынықтыруға баулу әдістерін педагогикалық сипаттағы бағыт-бағдарлама тұрғысынан зерттелген жинақтар.

4. Тәуелсіз егеменді елдер кезеңіндегі (1992 жылдан бүгінге дейін) аталған тақырыпқа қатысты ізденістер.

Қазақ балаларының ұлттық ойынына тоқталғандардың бірі – орыс ғалымы А.Алекторов. Мәселен, оның «О рождении и воспитании детей киргизов, правилах и власти родителей» (Орынбор, 1891) атты еңбегін атауға болады.

Автор бұл еңбегінде көшпенді қазақ халқының өмір сүру салтындағы баланың дүниеге келген сәтінен бастап өсу динамикасына дейін ұлттық ойын

мен қимыл-қозғалыс әрекетінің алатын орны және балғындардың денсаулығы мен дене мүшесінің қалыптасып дамуындағы жеке халық ойындарының қажетті жақтарын ашып көрсетеді.

Туристік жорықтардағы ойындар халық тәрбиесінің дәстүрлі табиғатының жалғасы. Ежелден дәстүрлі ойындарда халықтың өмір сүру әдісі, тұрмыс-тіршілік еңбегі, ұлттық дәстүрлері, батырлық-батылдық туралы түсінігі, адалдыққа, күштілікке ұмтылуы, шыдамдылық, т.б. құндылықтарға мән берілуі – халық данышпандығының белгісі.

XX ғасырдың басында өмір сүрген этнограф М.Гуннер қазақтың ұлттық ойындарын былайша жіктейді:

1. Жалпы ойындар;
2. Қарсыласу мен күресу сипатындағы ойындар;
3. Ашық алаңқайдағы ойындар;
4. Қыс мезгіліндегі ойындар;
5. Демалыс ойындары;
6. Ат үстіндегі ойындар;
7. Аттракциондық-көрініс ойындар.

Қазақтың ұлттық қозғалыс ойындарын спорттық ойындардан ажыратып, алғаш рет бөліп қараған ғалым М.Гуннер қазақ ойындарына топтамалық жіктеу жасай отырып, ұлттық ойындарды оқу үрдісінде сонымен қатар туристік жорықтарда пайдалануға ұсыныс жасайды. Бұл жерде айта кететін бір жайт, Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1943 жылғы шешіміне сәйкес 1949 жылы жарық көрген «Краткий сборник казахских народно-национальных видов спорта» атты еңбегі М.Гуннердің толықтырып, өңделген кітабы. XX ғасырдың басында көшпенді халықтар: қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, қалмақ, т.б. отар елдері туралы этнографиялық деректер жинақтап, олардың ұлттық мәдениетінің тармағы – халық ойындары, оның ішіндегі құрамдас бөлшегі болар ойынын жинап зерттеуді Түркістан генерал-губернаторы арнайы шенеуніктер мен миссионер ғалымдарға жүктеген.

Кеңес дәуірі жылдарында қазақтың ұлттық дәстүрлі халық ойындары күн тәртібіндегі өзекті мәселе болғанына қарамастан, сол тоталитаризм кезінде дәстүрлі ұлттық ойындарды зерттеген авторлар қатарында М.Тәнекеев, Б.Төтенаев, М.Балғымбаев, Ә.Бүркітбаев, т.б. есімдерін атауға болады. Әсіресе М.Тәнекеевтің қазақтың ұлттық және дәстүрлі ойындарын зерттеген деректерінің өзі жеке мәселе. Оның негізгі еңбектері Қазақстандағы спорт пен дене тәрбиесі саласына арналған. Ең бастысы, ол дене тәрбиесінің халықтық педагогикасы сияқты көкейтесті мәселесінің негізін қалаған М.Тәнекеевтің авторлығымен шыққан алғашқы туынды «Казахские национальные виды спорта и игры» (Алматы, 1957). Бұл зерттеуінде ізденуші қазақтың «Тоғызқұмалақ» ойынының ереже тәтіптерін таразылап, халық ойынының қажетті жақтарын ашып, сонымен қатар басқа да ұлттық қозғалмалы, спорттық ойын түрлеріне тоқталып, анықтама беріп жіктеп, құнды мұрағат деркелеріне сүйене отырып, ғылыми сараланған пікірлер айтады. Ғалым негізінен Қазақстандағы Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде дене тәрбиесі мәдениетінің дамуын талдай отырып, тарихта тұңғыш рет, дене мәдениеті мен спорттың екі даму бағытын қара халқтық және ақсүйектік деп көрсетіп, оны формациялық әдістемеге сүйеніп, яғни таптық тұрғыдан қарастырады. Сонымен бірге ғалым зерттеуіне әскери қолданбалы маңызы бар кейбір спорт және ойын түрлерінің өрлеуіне отаршыл Ресей патшалық өкіметінің саяси көзқарасын көрсетеді. М.Тәнекеевтің аталған еңбегінде таптық-формациялық идеологиялық көзқарас тұрғысынан сол заманға

сай зерттелгеніне қарамастан, бүгінгі күні өз құндылығын жоймаған, ғылыми тұрғыдан аса жоғары еңбек болып табылады. М.Тәнекеевтің басшылығымен бұдан басқа да бірнеше ғылыми монографиялық еңбектер жазылды. М.Тәнекеевтің халықтық спорттық тарихи педагогикасының проблемалары дене тәрбиесіндегі ұлттық және интернационалдық факторлардың өзара байланысы тұрғысынан қарастырылады. Онда Қазақстан территориясындағы дене тәрбиесінің ежелгі формалары, дене тәрбиесі мен спорттағы ұлттық, интернационалдық және ұлттық өзара ықпал мен өзара байланысу процестері, дене тәрбиесінің халықтық педагогикасы және Абайдың халықтық спорт туралы ой-пікірлері жан-жақты талданып берілген [4].

Адам өміріндегі ұлттық және спорттық қимыл-қозғалыстың және ойынның алатын орны, формасы және мазмұны үлкен адамның тұрмыстық күйімен, еңбек түрімен және мазмұнымен салыстырылса, қаладағы қажеттіліктің бір тұсы адамды дағдыға үйрету [5].

Ғалым А.Усова өз еңбегінде ойынның мәнін баланың дербес іс-әрекеті, айналасындағы өзгерістерді танып-білуге, белсенді әрекет етуге жол ашу ретінде түсіндіреді.

Дене шынықтыру жаттығуларын туристік жорықтарда ойынмен ұштастырған сәтте баланың тұрақты іс-әрекетке бейімділігінің қалыптасуы айқын сезіледі, сондықтан дене шынықтыру күнделікті қажеттілік болуымен қатар денсаулықтың, шыдамдылық пен тез қимыл-әрекеттің символы.

Қазақстандағы дене шынықтыру, ұлттық ойындар мәселесіне басқаша сын көзбен қарауды талап етеді. Осы орайда соңғы жылдары біздің қарастырып отырған тақырыбымызға орай бірнеше ғылыми еңбектер жарық көрді. Е.Мұхиддинов қазақтың ұлттық ойындарын дамыған қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық құрылыммен байланысты қарастырады. Дене шынықтыру пәнінің теориялық дәлелдемесін қазақтың ұлттық ойындарының тәжірибелік жағымен біртұтас алып қарайды.

Сонымен түйіндеп айтарымыз, қазақтың ұлттық ойындарының басқа халықтардың ұлттық ойындарынан айырмашылығы - оның шығу, пайда болу тегінің ерекшелігіне байланысты белгілі бір тәрбиелік мақсат бірлігін көздейтінінде.

Сабақта және тәрбиеде, яғни туристік жорықтар мен мектептерде ұлттық ойынды ұтымды пайдаланса, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру шарттары теориялық тұрғыдан негізделсе, онда жастардың білімге деген құштарлығын арттыруға және халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сухомлинский В.А. О воспитании. – М: Политиздат, 1973 – 125
2. Сағындықов Е. Ұлттық ойындарды оқу – тәрбие процесінде пайдалану.- Алматы: Рауан, 1993 – 76 бет
3. Жұмабаев М.Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. -106 б.
4. Таникеев М.Т. Теория и практика взаимовлияния национальных факторов в развитии физического воспитания и спорта в Казахстане. – Алматы, 1998. – 270 с.
5. Omarov, B., Orazbaev, E., Baimukhanbetov, B., Khudiyarov, G., Anarbayev, A. - Test battery for comprehensive control in the training system of highly Skilled

Мырзабекова Ляззат Турсыналиевна

Арнайы пәндер оқытушысы
Тараз инновациялық колледжі
Тараз қаласы

ТУРИЗМ – ЭКОНОМИКАНЫҢ ТЕГЕУРІНДІ САЛАСЫ

***Аңдатпа:** Мақалада жалпы әлемдік туризмнің дамуы айтылып, туризммен жапсарлас дамитын жанана салалар туралы баяндалады. Туризмнің жылдық пайдасы туралы дәйектер келтіріліп, туристік индустрияны дамытудың артықшылықтар мен тиімділіктері жазылған. Сондай-ақ, жаһандану заманына сай құбылған туризм түрлері де қамтылған. Автор Қазақстанның туристік әлеуетіне өзіндік пікірін келтіреді.*

***Түйін сөздер:** туризм, саяхат, туризм түрлері, жасстар туризмі, этнотуризм, туризм саласы*

Мырзабекова Ляззат Турсыналиевна

Преподаватель специальных дисциплин
Таразский инновационный колледж
Город Тараз

ТУРИЗМ - ОТРАСЛЬ ЭКОНОМИКИ

***Аннотация:** В статье рассказывается о развитии мирового туризма в целом и о смежных отраслях, которые развиваются параллельно с туризмом. Приводятся аргументы о годовой пользе туризма, изложены преимущества и выгоды развития туристской индустрии. Кроме того, есть различные виды туризма, которые были изменены в соответствии с глобализацией. Автор приводит свое мнение о туристском потенциале Казахстана.*

***Ключевые слова:** туризм, Путешествия, виды туризма, молодежный туризм, этнотуризм, сфера туризма*

Myrzabekova Lyazzat Tursynaliyevna

Teacher of special disciplines
Taraz Innovation College
Taraz City

TOURISM-A BRANCH OF THE ECONOMY

***Annotation:** The article describes the development of world tourism in general and related industries that are developing in parallel with tourism. The arguments about the annual benefits of tourism are presented, the advantages and benefits of the development of the tourism industry are outlined. In addition, there are various types of tourism that have been changed in accordance with globalization. The author gives his opinion about the tourism potential of Kazakhstan.*

***Keywords:** tourism, Travel, types of tourism, youth tourism, ethnotourism, tourism sector*

Халықаралық сарапшылардың пікірінше қазіргі кезде туризм әлемдік экономикадағы қарқыны төмендемейтін саланың біріне жатады. Сондай-ақ, әлемдегі кірісі ең жоғары сала да осы – туризм.

Туризм көп елдерде жалпы ішкі өнімнің қалыптасуына, қосымша жұмыс орнын құруға және сыртқы сауда балансының белсенділігіне ықпал етуде. Сондықтан да, соңғы жылдары туризм әлемдегі ең табысты бизнестің біріне айналды. Туризмнің елдің экономикалық қуатын күшейтіп, халықтың тұрмысын жақсартудағы, жұмыссыздықты азайтып, кәсіпкерліктің көбеюін арттырудағы алар орны өзгеше. Бұл сөзіме келтірілген мына деректер дәлел бола алады. Халықаралық туризм ұйымының 2019 жылы наурызда жариялаған мәліметіне қарағанда, 2017 жылы аталған саланың әлемдік GDP-ға қосқан үлесі 10,4 пайызды құрап, 319 млн адамның кәсіптенуіне мұрындық болды. Бұл 2018 жылы кәсіптенген адам санының 10 пайызын құрайды.[1]

Туристік индустрия қалпына келетін ресурстармен жұмыс істегендіктен туризмнің маңызы жылдан-жылға өсуде. Туризмнің тек валюталық түсім ғана емес, басқа да салаларға тигізетін әсері мол, оның 32 салаға жанама ықпалы бар (турфирмалар, көлік түрлері, мейманхана кешендері, демалыс үйлері, санаториялар, ұлттық парктер, тамақтану сферасы, т.б.). Бұл дегеніміз - әлемдік өндірісте әр 9 адамның жұмыс орны деуге болады. Әлем бойынша жыл сайын 1,5 млрд. ішкі және халықаралық саяхаттау тіркелетінін ескерсек, туризм индустриясының мемлекеттік бюджетке түсіретін валюталық түсімі, орта және шағын бизнестің дамуына көмегі, тауар мен қызмет көрсету нарығы арқылы аймақтардың экономикасының дамуына ықпалы өте зор. [2]

Туризм кеш өркендеген сала болғанымен, оның қазіргі даму аяқ алысы өте тез. Өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап туризм әлемдегі жаңадан гүлденген салаға айналды. Деректерге сүйенсек, 90-жылдардың өзінде туризмнен кіретін кірістің халықаралық экспорт кірісіндегі үлесі 8 пайыздан асып, одан түскен табыс мұнай өнімдері мен автомобиль экспорты табысынан кейінгі маңызды кіріс көзіне айналған.[3]

Заман дамуы түрленген сайын сәйкесінше халықтың тұрмысы жақсарып, мәдениет өресі өскен сайын туризм де ішкі жақтан түрленіп, мазмұны жағынан байып барады. Атап айтқанда, бұрын сыртқы және ішкі туризм деп бөлінсе, қазір бұрынғыдай көркем жер, әдемі аумақтарды саяхаттау сияқты дәстүрлі туризм тәсілі таңсық болудан қалып, демалыс туризмі, ойын-сауық туризмі, жиналыс туризмі, жастар туризмі сияқты жиырмаға жуық түрлері пайда болды.[4]

Сонымен қатар, туризмнің даму бағытында да мынадай тың беталыс байқалды. Біріншіден, экономиканың дамуына ілесе, адамдардың рухани мәдениетке деген қажеттіліктері артып, саяхаттау жұртшылықтың негізгі тұрмыс тәсіліне айналды. Екіншіден, жаңадан дамыған елдердің туристік орындары көбейіп, Азия елдеріне саяхаттап келетін туристер жыл өткен сайын көбейіп келеді. Үшіншіден, қатынас қолайлылығы артқан сайын сауда сипатындағы туризм жандана түсті.[5]

Бұл жолда біздің елімізде де туризм саласы айтарлықтай дамып келеді. Қазақстан 1993 жылы Дүние жүзі туристік ұйымының мүшелігіне енді. Дәл осы жылы туризмді дамыту бағдарламасы дайындалып, содан бері туризм сан-салалы шаруашылықты шалқытып, экономиканы нығайтудың маңызды саласы ретінде қаралып келеді.[6]

«Ұлы Жібек Жолының» жаңғыруы еліміздің туризм дамуының үлкен концепциясының құрылуына алып келді. Қазақстанда туризмнің дамуын дұрыс жолға қою тек табыс алып келу ғана емес, еліміздің басқа елдермен байланысы нығайып, халықаралық бет-бейнеінің қалыптасуына негіз болды.[7]

Қазақстандағы туризмнің тамыры тереңде жатыр. Тарихи алғы шарттары біздің дәуірімізге дейінгі үшінші мың жылдықта Ұлы Жібек жолының дамуы алғашқы туристік негіздердің қалыптаса бастауының көрінісі болып табылады.

Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін туризм басқада экономика салалары сияқты орталықтан қатаң регламенттелді. Туристік қызметтегі КСРО — ның негізгі аймақтары Кавказ, Қырым, Балтық өңірі, Ресейдің, Орта Азияның тарихи орталықтары болды. Сонымен, бірге, Қазақстанның бірқатар сәулет, археологиялық, мәдени ескерткіштері мен табиғи көрнекті жерлерінің тарихи мәніне іс жүзінде жарнама жасалмады және сұраныс болмады. Кеңестік кезеңде Қазақстандағы туризм идеологиялық қызметті атқарған мәдени-ағарту жұмысы жүйесі элементтерінің бірі болып саналды және оның басым рөліне қарамастан, қалдық қағидаты бойынша қаржыландырылды және елеулі экономикалық маңызға ие болмады.[8]

Бүгінде жағдай мүлдем басқа. Еліміз өзінің 30 жылдық Тәуелсіздігінде келелі жетістіктерге жетті. Экономикасын дамытып, берік саясатымен танылған дамушы елге айналды. Елімізде өткізілген түрлі халықаралық шаралар әлемдік қауымдастықта танылуымызға үлкен жол ашты. Ата-бабаларымыз көзінің қарашығында қорғаған кені байтақ жерімізде туризмнің барлық түрін (танымдық, ойын-сауық, этника, экология, сауықтыру, спорттық, аң аулау, балық аулау, серуендеу) дамытуға қажетті шарт-жағдай толықтай жетерлік. Географиялық және климаттық жақтан алып айтсақ, Қазақстанның оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс өңірлерінің табиғаты, ауа райы бір-бірінен өзгеше. Бұл Қазақстанда жыл бойы, төрт маусымда да туризм шаруашылығын шалқытуға аса тиімді деген сөз. Атап айтқанда, көрінісі көз сүріндіретін Бурабай, Баянауыл, Марқакөл, Катонқарағай, Қарқаралы, Алатау, Хан Тәңірі баурайы, Түлкібас сияқты көрінісі көз сүріндіретін көркем өңірлер де, Шарын шатқалы, Сақ қорғаны, Маңғыстау түбегі сияқты ғажайып жерлер де, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Айша бибі, Арыстан баб кесенесі сияқты мәдени, тарихи мұралары да, Каспий, Балқаш көлі, Алакөл сияқты жағажайдың кереметін сезіндіретін сулы алқаптар да көп. Әлемдегі әсем қалалардың қатарында тұратын Нұр-Сұлтан мен Алматы да туристердің арнайы келіп, аялдайтын қалалары қатарында. Шыңға шығушыларды, тауға өрмелеушілерді, құмды, шөлді, жаяу немесе велосипедпен аралаушыларды, шаңғы тебушілерді баурауға да Қазақстанның мүмкіндігі мол.

Ал мәдениет, салт-дәстүр тұрғысынан сөз қозғасақ, қазақ ұлтының бай салт-санасымен, дәстүрімен, ұлттық ойындарымен де саяхатшыларды баурауға болады. Мысалы, Моңғолияда әр жылы өтетін бүркітшілер мерекесінің өзіне көп туристер келеді. Қазақстанда да мұндай мерекелерді әр облыс, аудандар жыл сайын өткізіп отыруына әбден болады.

Туризм дамыса, қызмет ету саласының даму өрісі кеңейеді. Қатынас саласының кірісі артып, қонақүйлердің, көңіл көтеру орындарының, дәмхана, мейрамханалардың, сауда-саттық орындарының саудасы арта түседі. Сондықтан туризмді дамытуда тиімді детальдарды ұтымды пайдаланудың пайдасы көп. [2]

Туризмді болашағы зор деп танысақ, қазірден бастап жас ұрпақты осы салаға бағыттағанымыз жөн. Бұл орайда негізгі рөлді жастар туризмі алады. Жастар туризмін дамытуды бастауыш мектептен бастап қолға алу керек.

Қазақстанның балалары алдымен өз Отанының көркем жерлерімен танысу үшін міндетті түрде ел іші саяхатын ұйымдастыру керек. Бұл өз кезегінде патриоттық тәрбиенің берілуіне де жол ашады. Өз елін тану арқылы оған деген мақтаныш сезімін осындай саяхаттар арқылы қалыптастыра аламыз.

Туризмді дамыту - маңызды салалардың бірі. Демек, біз өзіміздің қатпарлы тарихымызға үңіліп, әр жердің тарихын әсерлі жеткізіп, өзіндік ұлттық ерекшелігімізбен, мәдени құндылығымызды кіріктіріп, әлемсаяхатшыларын баурайтын әдістерді табуға жұмыстануымыз қажет. Келешек ұрпақты да елінің мерейін асырып, беделін биіктетуге баулуымыз шарт. Қорыта айтқанда, Қазақстан туризм саласында өзінің айшықты орнын басқа елдерден ерекшеленіп тұратын туризм жүйесін қалыптастыру арқылы ғана алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Алрисаков М.Б. Введение в туризм 1999ж
2. Дурович А.П., Копанев А.С. Маркетинг в туризме: Учебное пособие Минск:1998ж
3. Исмаев Д.К. Основы стратегии и планирования маркетинга в иностранном туризме'- 'Высшая школа по туризму и гостиничному хозяйству М.; 1994ж
4. Доғалова Г.Н. Халықаралық экономика : Оқу құралы — Алматы: Экономика, 2000. — 88б.
5. Гуляев В.Г. 'Туристские перевозки' М., 1998ж
6. Долматов Г.М. Травовые основы туристского бизнеса: Учебное пособие М.; 1997ж
7. Ердавлетов С.Р. География туризма: история, теория, практика А.; 2000ж
8. Азар В.И., Туманов С.Ю. Экономика туристского рынка. М., 1998ж

Әбдиева Ғазиза Ільясқызы

п.ғ.м., аға оқытушы

Халықаралық туризм және қонақжайлылық университеті,
Туркестан қаласы, Қазақстан

Амантай Ақбота

«Дене шыңықтыру және спорт» мамандығының 1 курс студенті,
Халықаралық туризм және қонақжайлылық университеті,
Туркестан қаласы, Қазақстан

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ОҚУ- ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ТАБЫСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУЫНЫҢ ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Андатпа: "Ынтымақтастық педагогика" негізінде оқушылардың табысқа жетуге арналған ортаны қалыптастыру, күнделікті оқыту барысында жаңа әдістерді қолданып, сабақты қызықты және нәтижелі өткізу. Бұл мұғалімдер мен оқушылардың қарым-қатынасын тығыз байланыстырып, кері байланыс орнатып, сапалы білім алуға, спортқа деген қызығушылық танытуға, салауатты өмір салттың қалыптастыруға қолайлы мүмкіндіктер тудырады.

Түйінді сөздер: салауатты өмір салтты, оқушы тұлғасы, оқу-тәрбие үдерісі, табысты тұлға, қалыптастыру, дамыту.

**Абдиева Газиза Ильясовна
Амантай Акбота**

СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ УСПЕШНОГО ФОРМИРОВАНИЯ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ ШКОЛЬНИКОВ В УЧЕБНО- ВОСПИТАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Аннотация: формирование у учащихся среды для достижения успеха на основе "педагогика сотрудничества", который помогает провести интересный и продуктивный урок с использованием новых методов в процессе ежедневного обучения. Это создает благоприятные возможности для тесного взаимодействия учителей и учащихся, установления продуктивной обратной связи, получения качественного образования, интереса к спорту, формированию здорового образа жизни.

Ключевые слова: здоровый образ жизни, личность школьника, учебно-воспитательный процесс, успешная личность, формирование, развитие.

Қазіргі таңда салауатты өмір салтындағы маңызды мәселе болуы жас ұрпақтың негативті әдетке бет бұруы аландатып отырған жағдайлар бар. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын табысты қалыптастыруы арқылы алған теориялық білімдерін болашақта денсаулығын сақтау, жақсарту, нығайту, белгілі бір бағытта (дұрыс тамақтану арқылы да жақсарту, дұрыс, жүйелі ойлау да) болып табылады. Бүгінгі күні, мектеп тарапына оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін оны оқу-тәрбие үдерісінде жаң-жақсы насихаттау, жалпы тамақтану мәдениеттің қалыптасуын, теориялық-тәжірибелік білім бағытын жүйелі жетілдіру керек деп ойлаймыз.

Қазіргі ақпараттық, онлайн негізінде сабақ өткізіліп жатқан кезде, салауатты өмір салтының басты себептері: жанұяның әлеуметтік - экономикалық жағдайы (дұрыс, дәрумендерге бай тамақтану, спорт секцияларына қатысу, үй жағдайында жасалатын жағдай), отбасындағы келеңсіз жайттар (ата-аналардың спортқа деген көз қарасы), алдына мақсат қоймай, уақытын бос өткізу (уақытты дұрыс жоспарлай білу), интернет желісіне аландау (тәрбие талаптары).

Қазіргі кезде білім беру мекемелерінің алдында тұрған күрделі міндеттердің бірі – жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын жүйелі және мақсатты қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортасын таза ұстауға, сапалы білім алып, сол білімді келешектегі өмірінде табысты тұлға моделінде пайдалана білуге жүйелі, кіші жастан бастап тәрбиелеу. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын табысты қалыптастыруы арқылы алған білімдерін болашақта денсаулығын жүйелі сақтау, жақсарту, нығайту болып табылады. Мектеп тарапына оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін оны оқу-тәрбие үдерісінде жаң-жақсы дұрыс насихаттау, жалпы мәдениеттің және тамақтану мәдениеттің, спорт мәдениеттің қалыптасуын, білім бағытын жүйелі жетілдіру керек деп ойлаймыз.

Бүгінгі таңда өз тәуелсіздігін алған егеменді еліміз осы бағытта Қазақстан мектептеріне жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын ұстана білетін дара да табысты тұлғаларды тәрбиелеу, педагогтардың басты талап етіп қойылған мақсаты. Мектеп тарапына салауатты өмір салты бойынша ұйымдастырылатын іс-шара түрлері келесі бағытты болу керек деп ойлаймыз: сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, демалыс күндерінде, спорт секцияларында, дене шынықтыру сәттерін күн сайын ұйымдастыру, дене шынықтыру сабақтарында қызықты ұлтық ойындар қолданып отыру, волонтерлық қозғалыстар; дене тәрбиесі және салауатты өмір салты бойынша тақырыпты сабақтары, спорттық секциялар мен үйірмелер, ата-аналар үшін ақпараттық-ағарту курстары, экологиялық форумдар, ғылыми жобалар, сенбіліктер, семинар-тренингтер, демалыс күндердегі денсаулық фестивалдері, спорттық спартакиадалар, денсаулық қауіпсіздік бағдарлары, оқушылар арасында «сенім қызметтерін» ұйымдастыру арқылы қолайлы жағдайлар жасау мен қатар, балалардың психологиялық көз қарастарында түзеу шаралары маңызды. Баланың дене, әлеуметтік – психологиялық, биологиялық, физиологиялық денсаулығын сақтау арқылы, жас ұрпақ тұлғасының өзара үйлесімділігін, білімін тереңдету, тек табысты тұлға ғана емес бақытты тұлға қалыптастыру маңызды деп білеміз.

Әрбір мемлекет өз азаматтарының денсаулығын сақтауды басты мақсат тұтатыны анық. Салауатты өмір салтын қалыптастыруды жүзеге асыру денсаулық сақтаудың басты жұмысы болып табылады. Қазақстан азаматтарының денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын ынталандыру туралы Елбасының жолдауын, егемендіктің негізгі кілтін ұстар жас ұрпақтың болашағына апаратын, алтын бағыт десе де болады. «Дені сау адам - табиғаттың ең қымбат жемісі» деп тегін айтылмаған. Елбасымыз «Салауатты өмір салтын ынталандыру әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, есірткілерді, темекі мен алкогольді тұтынуды қойып, тазалық пен санитария шараларын сақтауымызға бағытталған»[1]. «Қазақстан-2030» стратегиясында салауатты өмір салтын ұстануға байланысты төмендегі іс-шаралар маңызды деп көрсетілген: нашақорлық пен наркобизнеске қарсы күрес, темекі мен алкогольді тұтынуды қысқарту, тамақтануды, қоршаған орта мен экологияның тазалығын жақсарту [2]. Мемлекет тарапына қарастырылып жатқан мәселелер, адам өмірінің басты құндылығы адам денсаулығын жақсарту мен нығайту мәселесіне байланысты болып келеді.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру баланың өзіне, жан-жақты көп көмегін береді. Өз-өзіне қызмет жасау, денсаулығын нығайту, сақтауға негізделген. Жеке адамның сапалы тіршілік етуге бағытталған мүмкіндіктерін қалыптастыру болып саналады. Адамның әлеуметтік – психологиялық және биологиялық жақтан салауатты өмір салтын қалыптастыруға мына жағдайлар негіз бола алады: белсенді қозғалыс нәтижесінде ағзаны шынықтыру; дене тәрбиесі немесе спортпен шұғылдану; жеке және әлеуметтік гигиеналық талаптарын жүзеге асыру; қарым – қатынас және экологиялық мәдениеті қалыптастыру; дұрыс жыныстық тәрбие алу; зиянды әдеттерден аулақ болу.

Қазіргі кезде білім беру ошақтарындағы дене шынықтыру сабағындағы салауатты өмір салтының негізгі қағидаттардың бірі – белсенділік болып табылу керек. Ол дене шынықтыру мен айналысатындардың ойластырылған негізде, терең түсінуін қамтамасыз етіп, дене шынықтыру - спорт шараларына тұрақты үлкен шынайы қызығушылық мен қажеттілік тудыруға, барынша белсенді болуға жетелеуге бағытталған басты мәселелердің бастамасы деп білеміз. Бұл

қағидатты іске асыру дене шынықтырумен айналысатындардың түрлі жаттығуларды орындау техникаларын біліп, терең түсініп, дене шынықтыру үдерісіне саналы және байсалды, үлкен қызығушылықпен қарауға көмектеседі деп ойлаймыз. Өйткені, белсенділік–адам орындайтын басты іс-шаралардың өлшемі, оның жұмысқа тартылу деңгейі болып табылады. Мысалы, дидактикалық тұрғыдан алғанда, белсенділік деп білім, білік және дағдыларды саналы түрде игерудің алғы шарттары мен нәтижесін атаймыз.

Проблемалық оқыту әдісі теориялық сабақтарда да, тәжірибелік дене шынықтыру сабақтарында да қолдану керек. Мысалға алғанда, проблемалық оқыту әдісі қолданылатын сабақта бастауыш сынып оқушылары тірек-қозғалыс дағдыларын дамыту мәселесін қарастырғанда оларға мынадай сұрақтар қойылуы мүмкін: Аяқпен неше түрлі жолмен қозғалту, сол арқылы денесің шынықтыру болып келеді. Сабақ барысында, оқушылар бұл қозғалыс түрлерін дұрыс меңгеру, деңсаулығына салмақ салмай, денсаулыққа пайдасы арқылы көрсету керек.

Жоғарыда аталған дене шынықтыру сабағына тән ортақ белгілер бұлар - оқушы мен мұғалімнің арасындағы тығыз және дұрыс психологиялық қарым-қатынасты дамыту, дене шынықтыру барысында ойлау қызметі жоғары деңгейде қалыптастыру, ұжымдық жұмыс түрлері мен жеке жұмыс түрлерін бірге нәтижелі қолдану; оқушыларға әсер ететін эмоционалды деңгейін артыру; танымдық тұрғыдан оқушылардың жекелік ерекшеліктерін қарастыру; өз бетінше, жүйелі білім алуға ынталандыру, саралау, жүйелеу әдісін іске асыруға мүмкіндік беру осылар оқу үдерісінің тиімділігін артыруға үлкен жағдай жасайды. Бұның барлығы оқушы білімінің сапасына қазіргі замануи дене шынықтыру сабағында да қойылатын маңызды талаптардың бірі – оқушының денсаулық жағдайын, дене бітімінің дұрыс дамуын, қимыл-қозғалыс мақсатты болу маңыздылығын, психикалық даму ерекшеліктерін ескеру, саралау және жекешелендіру тәсілін қолданудың маңызы зор болып келеді.

Бүгінгі күні, дене шынықтыру сабағында нәтижелі түрде саралау тәсілі бар оқышылармен қоса, қорсеткіші төмен оқушылар үшін де маңызды болып табылады. Әдетте қимыл-қозғалысқа нашар, дене бітімінің дамуы баяу оқушының бұл сабақта үлгерімінің төмен болуының басты себебі болып жатады. Ал орташа оқушыға есептелген сабақта деңгейі, спортта жетістігі жоғары, икемі бар оқушыға қызықсыз болады. Оның үстіне, дене шынықтыру сабағында балалар негізгі, дайындық және арнайы топ деп бөлінеді. Сондықтан, тапсырмаларды да, сабақ мазмұнын да, оқу материалын игеру қарқынын да, нәтижелерді бағалауды да саралау қажет.

Дене шынықтыру сабағында оқытуды тиімді түрде саралай білу әрбір оқушыға білім бере отырып, оларды лайықты әрі шабыттандырушы түрде жұмылдыруға жағдай жасап отыру маңызды. Дене шынықтыру мұғалімі, оқушыларының ішкі мүмкіндігін арттыру үшін бір қатар педагогикалық оқыту тәсілдерін қолдануға болады. Мысалы: оқушылардың қызығушылығын туғызып, олардың қажеттіліктері мен ұмтылысына сай келетін тапсырмалар орындауды қамтитын жаттығуларды әзірлеу және жетілдіру. Бұл оқушылардың ізденісі арқылы әлемдік, отандық спортшылардың өмір жолдары арқылы спортқа деген қызығушылықтарын оята білу керек. Олардың дене шынықтыру сабағы арқылы жаттығулары мен айналысу тәжірибесі арқылы мүмкіндіктерін байқауға болады. Оқушылардың білетіні және қолынан келетіні мен істегісі келетінінің арасында қалай байланыс орнатуға болады деген сұраққа да, дене шынықтыру сабағы барысында жауап алуға болады. Осылар арқылы, дене шынықтыру

мұғалімі оқытуға қалай тиімді кіріктіре алуға болады деген сұраққа да жауап алуға болады. Сондай-ақ, мұғалім оқушылар өздері баратын спорт секцияда үйренген дағдыларын көрсетуді өтініп, сол арқылы спортық мүмкіндіктері төмен оқушылардың, салауатты өмір салтына деген ықыластарын оятуға болады.

Сол себептен, оқушылардың табысқа жетуге арналған ортаны қалыптастыру үшін, күнделікті оқыту барысында жаңа әдістерді қолданып, сабақты қызықты және нәтижелі өткізу болады. "Ынтымақтастық педагогика" негізінде оқушылардың табысқа жетуге арналған ортаны қалыптастыру, күнделікті оқыту барысында жаңа әдістерді қолданып, сабақты қызықты және нәтижелі өткізу, оқушылар ортасында топтық жұмысқа ынталандыру. Бұл мұғалімдер мен оқушылардың қарым-қатынасын тығыз байланыстырып, кері байланыс орнатып, сапалы білім алуға, спортқа деген қызығушылық танытуға, салауатты өмір салттың қалыптастыруға қолайлы мүмкіндіктер туғызады. Сондықтан, мектептердегі дене шынықтыру пәндері арқылы спортқа қызығушылығы оянған әрбір оқушының салауатты өмір салтын сақтап, денсаулықтарына көңіл бөлуі маңызды.

Балалар спортты мектеп кезінең жақсы көретіні анық, сол себептен мұғалімнің негізгі міндеті - олардың спортқа деген ынта-ықыласын, сүйіспеншілігін дене шынықтыру сабағы арқылы арттыра түсу керек. Салауатты өмір салты – кәзіргі кезде бұл ең әуелі денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді де жүйелі іс-әрекеттердің жиынтығы. Оқушылардың жастайынан спортқа қызығушылық танытуы, келешекте оның дені сау, табысты тұлға болып шығарына мүмкіндік береді. Сондықтан, мектептердегі дене шынықтыру пәндері арқылы спортқа қызығушылығы оянған әрбір оқушының салауатты өмір салтын сақтап жүруге жетелейтіні сөзсіз. Сондықтан, жас кезінең оқушының салауатты өмір салтын қалыптастырып, денсаулықтарына аса зор көңіл бөліп, жас ұрпақ тұлғасының «денсаулық - әдемілік айнасы» - деп бекерден айтпаған дана да дара халқымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Білім, 1998.

XҒТАР 06.71.57

Тұрғамбекова Жансая Ержанқызы

«Туризм және басқарушылық форсайт» БББ 2 курс докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

ДЕСТИНАЦИЯ БРЕНДІНІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН АНЫҚТАУ: ТУРИСТТІК БАҒЫТТЫ ДАМУДЫҢ ДРАЙВЕРІ РЕТІНДЕ (Алматы облысы мысалында)

Аңдатпа: мақала туристтік дестинация брендінің мінез-құлқын қалыптастырушы негізгі туристтік объектілерді анықтауға бағытталған. Бүгінгі

күнгі дестинациялық брендингке қатысты тенденциялар мен зерттеулер стратегия, тәжірибе, брендтің тұтынушылық капиталы, дестинациямен үйлесімділік, межелі орынға деген адалдық, ауыздан-ауызға тарау, медиа ұғымдарына бағытталғаны анықталған. Десек те, туристік дестинация ретінде қалыптасып келе жатқан аумақ үшін келушілердің қызығушылығын тудыратын негізгі объектілерді анықтау маңызды деп ойлаймыз. Сәйкесінше, мақала зерттеуінде автор Алматы облысы дестинация брендінің мінезін қалыптастырушы туристік объектілерді анықтауды мақсат еткен.

Кілт сөздер: дестинациялық бренд, дестинация активтері, туристік дестинация, тарихи-мәдени объектілер, табиғи ресурстар.

Тургамбекова Жансая Ержанкызы

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ХАРАКТЕРА БРЕНДА ДЕСТИНАЦИИ: КАК ДРАЙВЕР РАЗВИТИЯ ТУРИСТСКОГО НАПРАВЛЕНИЯ (на примере Алматинской области)

Аннотация: статья направлена на выявление основных туристских объектов, формирующих поведение бренда туристской дестинации. На сегодняшний день, тенденции и исследования, связанные с дестинационным брендингом, ориентированы на концепции стратегии, опыта, потребительского капитала бренда, совместимости с дестинацией, лояльности к месту назначения, распространения из уст в уста, медиа. Тем не менее, для территории, формирующейся как туристская дестинация, мы считаем важным определение основных объектов, представляющих интерес для посетителей. Соответственно, в исследовании статьи автор ставил целью выявление туристских объектов, формирующих характер бренда дестинации Алматинской области.

Ключевые слова: дестинационный бренд, дестинационные активы, туристская дестинация, историко-культурные объекты, природные ресурсы.

Turgambekova Zhansaya Erzhankyzy

DEFINING THE CHARACTER OF DESTINATION BRAND: AS A DRIVER OF TOURIST DESTINATION DEVELOPMENT (on the example of the Almaty region)

Abstract: the article is aimed at identifying the main tourist objects that form the character of the brand of a tourist destination. To date, trends and research related to destination branding are focused on the concepts of strategy, experience, consumer brand equity, destination compatibility, destination loyalty, word-of-mouth and media distribution. Nevertheless, for the territory being formed as a tourist destination, we consider it important to identify the main objects of interest to visitors. Accordingly, in the study of the article the author aimed to identify the tourist objects that form the character of the destination brand of Almaty region.

Key words: destination brand, destination assets, tourist destination, historical and cultural objects, natural resources.

Кіріспе

«Белгілі бір орынның брендин жасаудың кәсіби процесі» ағылшын тілінде «destination branding» тіркесіне сәйкес келеді. Бүкіләлемдік туристік

қауымдастық (United Nations World Tourism Organization; UNWTO) брендтердің негізгі түрлерін ажыратып, оларды: тұтыну тауарларының бренді, қызметтер бренді, дестинациялар бренді, орындар (аумақтар) бренді деп бөлді және дестинациялар брендіне келесідей анықтама берді. Дестинациялардың мәдениет, тарих, тіл, мәдени мұраның және өмір тәртібінің тәжірибесінен құралғанын ескерсек, олар тауарлармен салыстырғанда өзгеріске икемсіз болып келеді [7].

Қазақстан далалары табиғат пен адамның ғасырлай бойғы тарихи байланысының көріністерін көрсетеді. Көшпенділердің саяси мәдениеті қазақстандық шенеуніктер үшін елдің бірегейлігін анықтаудағы басты бағыт болып келеді. Нео-көшпенділер тұрғысынан дәстүрлерді қайта жаңғыртудың бір көрінісі ретінде ауылды жерлерде қазақүйлер лагерлерін орнату жұмыстары жүргізілуде. Осы ретте, дәстүрлі көшпенділер мәдениеті мен келушілердің санын арттыруға бағытталған, мәдени-тарихи мұраларды қайта қалпына келтіру жұмыстарының арасындағы балансты сақтау да негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Туризмді дамыту үшін қазақстандық көшпенділер мәдениетін жылжыту мен трансформациялау барлық мүдделі тараптардың қатысуымен және бірлесе жұмыс істеуімен іске асырылады. Десек те, саяхаттаушыларды қабылдайтын ауылды жерлердегі мәдени көріністер, келушілердің ойынан шығатынай, шынайы көшпенді мәдениетке сәйкес болуын жіті қадағалау керек. Дестинациядағы жалпы туризм саласының көрінісін, түрлі деңгейдегі шешім қабылдайтын басшылар мен тиімді талаптар негізінде қауымдастықтардың қатысуы арқылы анықтау қажет [6].

Әдебиеттерге шолу

Бренд – тауар немесе қызметтің тұтынушы үшін маңызын көрсететін кез-келген нәрсе. Осылайша бренд – компанияның құндылығы. Брендтер – тұтынушылардың өнімге қатысты әсері мен қабылдауын тудырады және оның қызмет етуін көрсетеді. Брендінг стратегиясы: күшті бренд қалыптастыру болып табылады [8, 272 б.].


Дестинациялық брендтің міндеті – алдын-ала таңдалған нарыққа нақты брендтің тиісті, тиімді сипаттамаларын беру және орнықтыру болып табылады. *Дестинациялық бренд* ұзақ уақыт бойы тұрақты болуы керек. Егер оның құрылымының басқа элементтері брендтің идеясы мен маңыздылығын жеткізе алмаса, маршруттардың логотипін немесе жағымды айтылуын тек қана әзірлеу бағыттарды саралауда және таңдауда аз пайда әкеледі. Дестинациялық брендтер тиімді болуы үшін: сенімді, қол жетімді, алуан түрлі, күшті идеяларды жеткізетін, сауда серіктестерін ынталандыратын және тұтынушылар пікірін тудырушы болуы шарт [3, 327 б.].

Дестинациялық брендтер әлеуетті туристердің күтетін әсеріне, іс жүзіндегі саяхат тәжірибесіне сәйкес болуы үшін, өз құндылығын жағымды және бірізді түрде жеткізуі керек. Екіншіден, туристер межелі жерде не күтетіні жайлы хабарлап, көрсетіп, ой қалыптастырып дестинациялық брендтің басқа туристерге бағытталған брендінг процесіне қатысуы керек. Нәтижесінде, үйлесімді брендінг стратегиясын құру үшін дестинациялық брендінг сапардың үш кезеңінің әрқайсысында, яғни сапар алдында, сапар кезінде және одан кейін туристердің пікірлерін туындатуы қажет [2, 195 б.].

Дестинациялық брендінг дестинацияның бәсекелестермен салыстырғандағы дифференциациясына және оның уникалды сипатына негізделіп, тұтынушылармен байланыс құралы ретінде анықталуы мүмкін [4].

Зерттеу әдістері

Мақала зерттеуі Алматы облысы дестинациялық брендінің қалыптасуына әсер ететін, негізгі туристік объектілерді анықтауға бағытталған теориялық әдіснамалық сипатқа ие. Зерттеу мақсатына жету үшін эмпирикалық зерттеу әдістерін қолданамыз. Нақтылайтын болсақ, эмпирикалық әдісте бақылау, сипаттау, сауалнама, сұхбат, модельдеу қолданылады. Сонымен қатар, зерттеуде дестинациялық брендингтің үздік ғалымдарының бірі С. Анхольттың «Дестинациялық брендингті жүргізудің практикалық моделі» нұсқасы негізінде құрастырылған болжалды модель қолданылды [5].



1 Сурет. Дестинацияның негізгі туристік объектілерін анықтауға бағытталған болжалды модель.

Ескерту: модель С. Анхольттың «Дестинациялық брендингті жүргізудің практикалық моделі» нұсқасы негізінде құрастырылған.

Зерттеу барысында келесідей сұрақтарға (зерттеу сұрағы: ЗС) жауап беру міндеттері қойылды:

ЗС. Алматы облысы дестинациясының келушілер қызығушылығын тудыратын басты активтері қандай?

ЗС. Дестинацияның туристік объектілері АО дестинациялық брендінің мінез-құлқының қалыптасуына қаншалықты әсер етеді?

Зерттеу сұрақтарына жауап беру үшін, Алматы облысы (АО) туристік дестинациясы туралы ақпарат иелерімен сұхбат жүргіземіз. Сұхбаттасушылар қатарында: АО туризм саласының мамандары; жеке сектор, үздік деп танылған туристік мекемелер басшылары; туристік ақпараттық орталық мамандары, туризм туралы академиялық білімі бар тұлғалар, профессорлар бар.

Талқылаулар

Сұхбаттасу нәтижелеріне сәйкес, Алматы облысы дестинациясының негізгі туристік объектілері жинақталды. Сұхбат барысы 40 минут шеңберінде жүргізілді. Сұхбат барысы диктофонға жазылып алынды және мәтін ретінде теріліп, сұхбатты өңдеу әдісі арқылы талданды. Әдіске сәйкес, негізгі кілт сөздер, сөз тіркестері, қойылған сұрақтарға байланысты топтастырылды. Нәтижесінде, әр сұрақ төңірегінде ең көп қайталанған сөздер, атаулар мен сөз тіркестері сұрақтың ортақ жауабы ретінде қабылданды. Сәйкесінше АО туристік дестинациясының негізгі объектілері келесідей орналастырылды.

1 Кесте. АО туристік дестинациясының мінезін қалыптастырушы негізгі туристік объектілері

	Туристтік объектілер
	Тарихи-мәдени ескерткіштер, оның ішінде:
	1. «Алтын адам табылған Есік қорғандары»
	2. Бесшатыр қорғандары
	3. Вознесенский кафедральный соборы (парк-Панфиловцев)
	4. Алматы қаласының орталық мемлекеттік мұражайы
	Таулар, оның ішінде:
	1. Хантәңірі шыңы
	2. «Шымбұлақ» тау шаңғы курорты (Медеу спорт кешені, Көк-төбе)
	ЮНЕСКО объектілері:
	1. Тамғалы тас петроглифтері
	2. Жібек Жолы бойындағы қалалар: Қаялық, Талхиз (Талғар), Қарамерген
	Өзендер мен көлдер, сарқырамалар, оның ішінде:
	1. Қайыңды, Көлсай көлдері
	2. Алакөл көлі
	3. Балқаш көлі
	4. Бұрхан бұлақ сарқырамасы
	Ұлттық-табиғи парктер, оның ішінде:
	1. «Іле Алатауы»
	2. «Алтынемел»
	3. «Шарын»
	4. «Көлсай көлдері»
	5. «Жоңғар Алатауы»
	Мәдени - спорттық шаралар, оның ішінде:
	1. «Сиверс» алмасының гүлдеуі
	2. «Гойқазан» ұлттық асхана фестивалі
	Этно-ауылдар (салт-дәстүр, әдет-ғұрып, қолөнермен танысу, театрландырылған көріністер) оның ішінде:
	1. «Nomad» этно орталығы
	2. «Гунны» этно-ауылы, демалыс базасы.

Сарапталған сұхбат ақпараттарына сәйкес, АО дестинациялық брендинің мінез-құлқын қалыптастыратын туристтік объектілері келесідей жеті санатқа топтастырылды: тарихи-мәдени ескерткіштер; таулар; ЮНЕСКО объектілері; өзендер мен көлдер, сарқырамалар; Ұлттық-табиғи парктер; мәдени - спорттық шаралар; этно ауылдар (салт-дәстүр, әдет-ғұрып, қолөнермен танысу, театрландырылған көріністер).

Кестеге сәйкес, АО туристтік объектілер қатарын тарихи-мәдени және табиғи ресурсты деп үлкен екі санатқа жіктеуге болады деп топшылаймыз. Оның тарихи-мәдени объектілер қатарына, «Алтын адам табылған Есік қорғандары», Бесшатыр қорғандары, Вознесенский кафедральный соборы (парк-Панфиловцев), Алматы қаласының орталық мемлекеттік мұражайы, Тамғалы тас петроглифтері, Жібек жолы бойындағы қалалар: Қаялық, Талхиз (Талғар), Қарамерген. Сонымен қатар осы санатқа, «Сиверс» алмасының гүлдеуін, «Гойқазан» ұлттық асхана фестивалін және де «Nomad»

этноорталығын, «Гунны» этно-ауылы, демалыс базасын қосу дестинацияның ортақ тарихи-мәдени активтерін қалыптастырады деп ойлаймыз.

Ал, табиғи ресурсты объектілерге, АО аумағында орналасқан 5 Ұлттық-табиғи парктерді: «Іле Алатауы», «Алтынемел», «Шарын», «Көлсай көлдері», «Жоңғар Алатауы» және Қайыңды, Көлсай, Алакөл, Балқаш көлдерін, Бұрхан бұлақ сарқырамасын жатқызамыз. Хантәңірі шыңы мен «Шымбұлақ» тау шаңғы курорты, Медеу спорт кешені, Көк-төбе объектілері де, АО туристік дестинациясының мінез-құлқын қалыптастырушы орындар қатарына енгізуге болады деп болжаймыз.

Қорытынды

Бүгінгі күні дестинациялық брендинг туризмді дамыту үшін инвестиция тарту құралы ғана емес, адамдардың тұрғылықты жерді таңдауында, бизнеске жаңа қызметкерлер тартуда, мәдени-спорттық шараларды өткізуге бастамашылық етудің алғышарты ретінде қолданылуда [1].

АО туризмі саласының мамандарынан алынған сұхбат пен оның талдамалары нәтижесінде алынған ақпаратқа сәйкес келесідей қорытындылар жасауға болады.

1. АО дестинациясы брендинің мінез-құлқын қалыптастырушы туристік объектілер сипаты тарихи-мәдени және табиғи ресурсты болуына байланысты, дестинация брендинің мінез-құлқы тарихи-мәдени және табиғи ресурсты бағытты қамтиды деп тұжырымдаймыз. АО туристік дестинациясына келген турист, аймақта орналасқан объектілерден тарихи-мәдени сипаттағы тәжірибе алуға мүмкіншілігі мол. Саяхаттаушы өзінің білімін Жібек жолы бойындағы қалалар мәдениетімен толықтырып, «Алтын адам» табылған Есік қорғандары мен Бесшатыр қорғандарын көріп, қазақ даласын мекендеген тайпалардың тарихымен мәдениетінен сыр шертетін құнды жәдігерлермен таныса алады. Нәтижесінде, туристік дестинациядан алған әсері тарих-мәдени құндылықтарды қалыптастырады деуге болады. Сәйкесінше, тарихи-мәдени бағыт АО туристік дестинациясы мінез-құлқының ажырамас бөлігі деп қорытындылауға болады.

2. «Жер жаннаты Жетісу» деген теңеуге ие АО табиғаты кім-кімді де бей-жай қалдырмасы анық. 5 Ұлттық табиғи парктің бір облыста орналасуы, «Хан Тәңірі» сынды мәңгі қарлы шыңдардан бастап, «Алтынемел» ҰТП, Шарын шатқалы сияқты шөлді табиғи ресурстардың болуы, дестинацияның туристік потенциалының мол мүмкіншіліктерін межелейді. Осы ретте, АО туристік дестинациясы брендинің мінез-құлқының қалыптасуында табиғи ресурстар үлкен рөл атқарады деп топшылаймыз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Hankinson, G. (January 2005 г.). Destination brand images: a business tourism perspective. *Journal of Services Marketing*(19), P. 24-32.

2. Hany Kima, Svetlana Stepchenkova, Vahideh Babalou Branding destination co-creatively: A case study of tourists' involvement in the naming of a local attraction // *Tourism Management Perspectives* – 2018. № 28, P. 189–200.

3. Morgan, N., Pritchard, A. and Pride, R. Butterworth-Heinemann, Destination brands: Managing place reputation (3rd edition) / Macmillan Publishers Ltd. 1751-8040: USA, 2011, - 370pp.

4. Morrison, A. & Anderson, D. 2002. Destination branding. Available from: [http://www.macvb.org/intranet/presentation/Destination Branding LOzar ks6-10-02.ppt](http://www.macvb.org/intranet/presentation/Destination%20Branding%20LOzar%20ks6-10-02.ppt)

5. Simon Anholt. Handbook on Tourism Destinations Branding/With an introduction by Simon Anholt. 2009, ISBN: 978-92-844-1311-9 (UNWTO)/ISBN: 978-92-990050-6-4 (ETC)

6. Tiberghien, G. (2020 г.). Neo-nomadic Culture as a Territorial Brand for 'Authentic' Tourism Development in Kazakhstan. Europe-Asia Studies (72), P. 1728-1751.

7. UNWTO. Destination Management and Quality Programme. Conceptual Framework. Terminology [Electronic resource]. – 2002. – URL: <http://destination.unwto.org/content/conceptual-framework>

8. Филип Т. Котлер, Гари Армстронг Маркетинг негіздері / «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. - Алматы: 2019 жыл. - 736 бет. 270-274 бб.

640.4

Жумекенова Дидар Ерсайиновна,

География магистрі, аға оқытушы

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,
Қостанай қаласы, Қазақстан Республикасы

Казтаев Елдос Рамазанович,

«Туризм» мамандығының 4 курс студенті

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,
Қостанай қаласы, Қазақстан Республикасы

ТҮРІК ҚОНАҚ ҮЙЛЕРІНІҢ СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІН ҚАЗАҚСТАНДА ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІГІН ТАЛДАУ

Аңдатпа: мақалада Қазақстан Республикасының қонақжайлылығының негізгі мәселелері және елдегі қонақ үйлерге сервистік қызмет көрсету түрлері қарастырылған. Қазақстан Республикасының қонақ үй индустриясын дамытуда шетелдік тәжірибе алмасу мәселелері талданды. Қазіргі таңда тез қарқында дамып келе жатқан отандық туризм және қонақжайлылық саласындағы қызмет көрсету сапасының шыңдана және ары қарай алға жылжуына түрік қонақ үйлерімен тәжірибе алмасу ықпал ете алады.

Түйін сөздер: қызмет көрсету, туризм, туризм саласы, қонақ үй, қонақжайлылық, қонақ үй индустриясы, туристік инфрақұрылым.

Жумекенова Дидар Ерсайиновна

Казтаев Елдос Рамазанович

АНАЛИЗ ВОЗМОЖНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ОПЫТА ЭЛЕМЕНТОВ СЕРВИСНОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ ТУРЕЦКИХ ГОСТИНИЦ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация: в статье рассмотрены основные проблемы гостеприимства Республики Казахстан и виды сервисного обслуживания гостиниц страны. Проанализированы вопросы обмена зарубежным опытом в развитии гостиничной индустрии Республики Казахстан. Обмен опытом с турецкими отелями может способствовать росту и дальнейшему продвижению качества услуг в сфере отечественного туризма и

гостеприимства, которые в настоящее время развиваются быстрыми темпами.

Ключевые слова: сервис, туризм, сфера туризма, гостиница, гостеприимство, гостиничная индустрия, туристическая инфраструктура.

**Zhumekenova Didar Ersainovna
Kaztaev Eldos Ramazanovich**

ANALYSIS OF THE POSSIBILITY OF USING THE EXPERIENCE OF SERVICE ELEMENTS OF TURKISH HOTELS IN KAZAKHSTAN

Abstract: the article deals with the main problems of hospitality in the Republic of Kazakhstan and the types of hotel service in the country. The issues of exchange of foreign experience in the development of the hotel industry of the Republic of Kazakhstan are analyzed. The exchange of experience with Turkish hotels can contribute to the growth and further promotion of the quality of services in the field of domestic tourism and hospitality, which are currently developing rapidly.

Keywords: service, tourism, tourism industry, hotel, hospitality, hotel industry, tourist infrastructure.

Қонақ үй бизнесінің күрделілігі оның жүйелілігімен тығыз байланысты және оның әлеуметтану, экономика, психология, география, педагогика және т.б. сияқты негізгі ғылымдармен, сондай-ақ ғылыми білім бөлімдерімен өзара байланысын білдіреді. Қонақ үй бизнесін қонақжайлылық, туризм, экскурсиятану, басқару мектебі және басқа да бағыттар зерттейді [1].

Қонақ үй бизнесінің көп өлшемділігі, біріншіден, құрама тұжырымдама болумен қатар, көптеген эндо-және экзогендік факторлардың әсеріне ұшырайтындығын және өз кезегінде қоршаған ортаның әртүрлі аспектілеріне әсер ететіндігін білдіреді.

Екіншіден, қонақ үй бизнесі – тұрақты динамикадағы құбылыс, яғни ол үнемі өзгеріп, дамып келеді. Әр түрлі факторлардың әсерінен қонақ үй бизнесінің бұрыннан бар формаларының табиғи комбинациясы және жаңа нұсқалары пайда болады.

Үшіншіден, қонақ үй бизнесі салыстырмалы түрде «жас» құбылыс болып табылады, бұл бүкіл әлемдегі ғылымның назарын осы күрделі, бірақ қызықты және перспективалы бағыттарға салыстырмалы түрде кеш аударуға әкелді, оның барлық жағымсыз салдары бар, мысалы:

- зерттеуге арналған әлсіз құралдар жиынтығы;
 - қонақ үй бизнесін зерттеумен айналысатын ұйымдардың ғылыми зерттеулеріндегі елеулі бытыраңқылық;
 - тиісті статистикалық деректердің жеткіліксіздігі және сәйкес келмеуі.
- Қонақ үйлерді меншік түріне, қызмет түріне, туристік тартымдылыққа және қосымша қызметке бөлуге болады[2].

Ұйым мен жеке кәсіпкерлердің сервистік қызметі мемлекет экономикасына үлкен үлес қосады. Өнеркәсіптік дамыған елдерде сервистік қызмет саласына жалпы ішкі өнімнің жартысынан көбі келеді. Сервистік қызмет елдің экономикалық әлеуетінің өсуін, халықтың еңбекпен қамтылуын қамтамасыз етеді.

Сервистік қызметті және көрсетілетін қызметтерге сұранысты дамыту, ең алдымен, өнеркәсіптік өндірістің өсуіне және халықтың сатып алу қабілетінің

артуына негізделеді. Өнеркәсіптік кәсіпорындар сервистік ұйымдарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету қызметтерінің объектісі болып табылатын өнімді шығарады. Өндірістік және сауда ұйымдарының қызметі аудиторлық, заңдық, ақпараттық, медициналық қызмет көрсетуді талап етеді. Өндірістің дамуы сервистік қызметтің дамуын ынталандырады. Қазақстандағы жаңа экономикалық қатынастар сервистік қызметті дамыту үшін қолайлы жағдай қалыптастырды. Экономиканы реформалау сервистік ұйымдардың жұмысын жетілдіруге және қызмет көрсетудің жаңа формаларының пайда болуына алғышарттар берді [3].

Соңғы онжылдықта Қазақстанда қызмет көрсетудің прогрессивті нысандары мен әдістері, қызмет көрсету сапасына қойылатын талаптар туралы ақпарат түсе бастады. Осы ақпаратты белсенді пайдалану және шетелдік тәжірибені енгізу қызметтерге сұранысты арттырды, тұтыну нарығының құрылымын өзгертті. Халықтың жекелеген топтарының әл-ауқатының өсуіне байланысты жаңа қажеттіліктері мен қызмет көрсету талаптары бар тұтынушылар санаттары пайда болды [4].

Материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілген тұтынушылар жоғары сатып алу қабілетіне және олардың өмірінің жайлылығын арттыратын қызметтердің кең ассортиментіне үлкен қажеттілікке ие. Сервистік ұйымдар тұтынушылардың жеке қажеттіліктеріне көп көңіл бөле бастады, қызмет көрсету сапасына қойылатын қатаң талаптарға бейімделе бастады. Қазақстандық нарыққа енгізілетін отандық және шетелдік ұйымдар арасында бәсекелестік қатынастар пайда болды. Қызмет көрсету саласындағы бәсекелестік өте жылдам. Бәсекелестік жағдай Қазақстанның сервистік кәсіпорындарының жұмысын дамыту және жетілдіру, жаңа тұтынушыларды іздеу, халықтың ауқатты және тұрмысы төмен топтары үшін қызметтердің тиісті бағаларымен қызметтердің түр-түрін қалыптастыру үшін қосымша ынталандыру болып табылды. Сервистік қызмет қажет, өйткені ол мемлекет экономикасына үлкен үлес қосады, өндірісті дамытуға, жұмыс пен қызмет көрсету сапасын арттыруға ықпал етеді [5].

Қонақ үй индустриясын дамытуда және қызмет көрсету сапасының жоғарғы деңгейі жөнінен алдыңғы қатарлы елдердің бірі – Түркия. Түрік қонақ үйлері өз қонақтарына көрсетілетін қызмет ассортименттерінің кең спектрін ұсына алады. Елде жоғарғы сападағы қызмет көрсететін бесжұлдызды қонақ үйлердің саны жеткілікті. Мұндай қонақ үйлер орналастыру және тамақтандыру орындарымен қатар көптеген қосымша қызметтер де ұсынады.

Түркияда туризмді дамытуға да, онымен байланысты қызмет салаларына да, ең алдымен мейрамхана мен қонақ үй бизнесіне үлкен мән беріледі. Қонақ үй бизнесіне қаржы салу әлемнің әртүрлі елдерінің инвесторлары үшін өте тартымды көрінеді. Теңіз жағалауының, дамыған инфрақұрылымның және көптеген көрнекті орындардың арқасында қонақтар бұл елге кез-келген маусымда келеді. Түркия ұзақ уақыт бойы нағыз туристік «Мекке» деп танылды, онда үлкен қонақ үй кешендері де, бутиктік қонақ үйлер, лагерьлер немесе пансионаттардың да саны жеткілікті.

Туристік бизнес - түрік экономикасының басым бағыттарының бірі, сондықтан барлық қонақ үйлер қонақтарды барынша қуантуға тырысады. Мұнда тіпті эконом-кластағы қонақ үйлерде жайлы тұру үшін қажеттінің бәрі бар: жайлы бөлмелер, сумен жабдықтау, кәріз, мінсіз тазалық және ресепшендегі орыс тілді қызметкерлер [6].

Түрік қонақ үйлерінің көпшілігі «all inclusive» немесе «барлығы қосылған» қызмет көрсету жүйесін пайдаланады, онда тұру, тамақтану (буфет), сусындар және қосымша қызметтердің әр түрлі түрлері билеттің бағасына кіреді. Тамақтану сапасы қонақ үйдің жұлдызына тікелей байланысты. Үш жұлдызды қонақ үйде сізге ыстық тағамдардың 2-3 нұсқасын, ал бес жұлдызды қонақ үйде — 10-15 таңдау ұсынылады. Үш жұлдызды қонақ үйде тегін минералды немесе тәтті газдалған сусындар ұсынылады. Бес жұлдызды қонақ үйлерде көптеген шырындар, жеміс сусындары, концентраттар, минералды су және тәтті содалардың кең таңдалымы беріледі. «All inclusive» қызмет көрсету жүйесі бар түрік қонақ үйлерінің барларында жергілікті өндірілген арзан алкоголь ұсынылады.

Түрік қонақ үйлерінің ерекшелігі - анимацияның болуы. Күндіз олар туристер үшін спорттық-сауықтыру іс-шараларын және балаларға арналған ойын-сауықтарды өткізеді, ал кешке олар сол контингентті концерттер мен театрландырылған қойылымдарға шақырады [7].

Сонымен қатар, бейресми түрде Түркияның қонақ үйлері VIP, 6 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға арналған қонақ үйлер, 6 жастан кейінгі балалары бар отбасыларға арналған қонақ үйлер, жастар қонақ үйлері болып бөлінеді. Бұл VIP қонақ үйге 6 жасқа дейінгі баламен жас жұбайларды жібермейді дегенді білдірмейді, бұл тек осы жерде жасалған жағдайларға байланысты осы қонақ үйде кім ыңғайлы болатынын айтады.

Жоғары сұранысқа ие түріктің танымал қонақ үй желілерінің бірі – «Rixos Hotels» болып табылады. Қонақ үйлер тек «барлығы инклюзивті – барлығы эксклюзивті» жүйесі бойынша жұмыс істейді, бұл Rixos Hotels брендінің визит карточкасы болып табылады. Rixos Group компаниясы соңғы жылдары қарқынды жұмыс, сондай-ақ белсенді және икемді стратегиялық басқару нәтижесінде айтарлықтай өсуді бастан кешуде. Дамудың осы кезеңінде Rixos қонақ үйлер желісінің алдында біздің қонақ үйлерімізде дәстүрлі жоғары сапалы сервисті сақтай отырып, қонақжайлық саласындағы инновациялық идеяларды интеграциялау мақсаты тұр.

«Rixos Hotels» – әлемнің 5 еліндегі 16 қонақ үйден тұратын халықаралық қонақ үй желісі. Алғашқы қонақ 2000 жылы Түркияда пайда болды. Rixos қонақ үйлерін басқаруды Rezidor Hotel Group компаниясы жүзеге асырады, штаб-пәтері Түркияда орналасқан. Компанияның нарықтық орны – сәнді қонақ үйлер, сондай-ақ ірі қонақ үй курорттық кешендері. Қонақ үй желісі инновациялық дизайнмен және ерекше қонақ үй сәулетімен тез танылды. Бұл қонақ үй желісінің тұжырымдамасы экологиялық таза, әдемі жерде тамаша орналасуды, алдыңғы қатарлы сәулет және дизайн шешімдерін, ең талапшыл қонақтардың тыныш демалысы үшін жан-жақты идеяны қамтиды.

Rixos қонақ үйлерін бүгінде Түркияның, Дубайдың барлық танымал курорттарынан табуға болады, сонымен қатар қонақ үйлер желісі бүкіл әлем бойынша белсенді өсуде. Осындай қонақ үй желілері біздің елімізде де орналасқан. Бүгінгі күні Rixos қонақ үйлері белсенді жұмыс атқаруда.

Rixos дәстүрлі стилінде, ауданы 52.000 ш.м. «Rixos Almaty» премиум класты қонақ үй, 2006 жылы бұзылған Пионерлер сарайының орнында салынған. Қонақ үйдің қасбеті қонақ үйдің беделі мен брендін баса көрсетеді, ал ғимараттың өзі эстетикалық, экологиялық, техникалық және санитарлық нормаларға сәйкес келеді. Rixos Almaty қонақ үйі бүгінгі таңда талғампаз сәулет пен талғампаз интерьер дизайнның ең жақсы үлгісі болып табылады [8].

«Rixos Almaty» қонақ үй кәсіпорнында персоналды басқару және жұмыстарды орындау процесі қонақ үйдің, мейрамхананың немесе қонақжайлылық саласындағы басқа кәсіпорынның ұйымдық құрылымы шеңберінде жүреді. Бұл қонақ үй кәсіпорнында құрылым компанияның қызметі жоспарланған, ұйымдастырылған, басқарылатын және бақыланатын бұйрықтардың сызбасын анықтайды. Демек, құрылым компанияға белгілі бір пішін (құрылым) береді және оны ұйымдастыру процесі мен жұмысты орындау үшін тиісті базамен қамтамасыз етеді.

Rixos Almaty қонақ үйінде қызметтердің кең спектрі бар, оған мыналар кіреді:

Жалпы: мейрамхана, бар, тәулік бойы тіркеу тағаны, темекі шекпейтіндерге арналған нөмірлер, мүмкіндігі шектеулі қонақтарға арналған нөмірлер, лифт, кіру/шығуды жедел тіркеу, дыбыс өткізбейтін нөмірлер, жылыту, багажды сақтау камерасы, кондиционер, мейрамхана (мәзір).

Негізгі спорт және демалыс: сауна, фитнес-орталық, солярий, спа және сауықтыру орталығы, массаж, гидро массаждық ванна, жабық бассейн (жыл бойы жұмыс істейді), сұлулық салоны.

Сервистер: нөмірлерге қызмет көрсету, конференц-зал банкет залы, бизнес-орталық, кір жуу, химиялық тазалау, шаштараз сұлулық салоны, нөмірдегі таңғы ас, киім үтіктеу қызметтері, жас жұбайларға арналған люкс, валюта айырбастау, аяқ киімді тазалау, оралған ланч, экскурсиялық бюро, факс ксерокөшірме, билет сату қызметтері, қонақ үй аумағындағы банкомат, консьерж қызметтері, трансфер (қосымша ақыға).

«Rixos Almaty» қонақ үйінде 262 люкс, 2 Presidential Suites, 34 Duplex Deluxe, 18 Deluxe Corner, 6 Suites және мүгедектерге арналған 2 нөмір бар.

Нөмірлерді брондау бөлімі ыңғайлы тұруды қамтамасыз ете алады, сонымен қатар тұрақты қонақтарға төмен бағалар немесе қосымша қызметтер көрсетілетін ұзақ мерзімді келісім-шарт ұсына алады. Мұндай келісімге бір жыл мерзімге қол қойылады және компания қонақүйге белгілі бір түн беруге міндеттенеді. Бұл келісімді екі тараптың заңгерлері мұқият тексереді [9].

Қорытындылай келе айтқанда, Қазақстанда туризм және қонақжайлылық саласы белсенді қалыптасу үстінде және одан әрі дамудың кең болашағы бар екенін атап өту керек. Қонақ үй бизнесіндегі жұмыстың қаралған нәтижелері еліміздің қонақжайлылық саласындағы қызмет көрсету сапасының енді ғана тұрақтана бастағанын көрсетеді.

Қазақстанның экономикасы және туризм жақсы дамыған ірі 6 қаласында орналасқан «Rixos» қонақ үй желілері қызметтердің кең ассортиментін ұсынатын жалғыз кәсіпорын болып табылады. Еліміздегі өзге орналастыру кәсіпорындарының қызмет көрсету сапасы ғана емес, сонымен қатар ұсынылатын қызметтер тізімі де шектеулі. Алайда, осы факторларға қарамастан жаңа технологияларды және қызмет көрсетудің оңтайлы әдіс-тәсілдерін қолданатын түрік қонақ үйлерінің тәжірибесін пайдалану – еліміздегі қонақ үй индустриясының қарқынды дамуына және сервистік қызмет көрсету деңгейінің артуына ықпал етеді деп болжауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Александрова А.Ю. «Международный туризм». Учебное пособие для вузов. М.: 2001г. – 464 с.

2. Котлер Ф., Боуэн Дж, Мейкенз Дж. Маркетинг. Гостеприимство. Туризм: Учебник для вузов. - 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Юнити – Дана, 2005 г.
3. Уокер Дж. Р. Введение в гостеприимство. Пер. с англ. - М.: Юнити-Дана, 2002 г.
4. Мазбаев О.Б., Омаров Қ.М. Қонақ үй шаруашылығы. Оқу құралы, 2007 ж. – 99 б.
5. Қазақстанның қонақ үйлері туралы / дайынд. Есжан А. // Қазақ. – 2006 ж. №15
6. Туризмнің дамуына қабылдау көп: облыстағы туризм проблемалары туралы / дайынд. С. Ғаббасұлы // Айқын. – 2005 ж. – 152 б.
7. Турция. Электронный ресурс. Режим доступа: www.turkey-info.ru
8. Генш К.Л. «Турция» 1-3. – Москва: Изд-во АСТ, Восток-Запад. –193 с.
9. Шатерникова А. Перекосы в развитии гостиничной инфраструктуры могут негативно сказаться на стремлении позиционировать Казахстан как новое туристическое направление. // Панорама, 2007. № 17.

УДК 338.46

Нурмуханбетова Динара Ериковна,

кандидат технических наук, ассоц. профессор НОД «Туризм и сервис»
Университет Нархоз,
г. Алматы, Казахстан

Какабаева Индира Бейбутовна,

магистрант 1 курса специальности «РДиГБ»,
Университет Нархоз,
г. Алматы, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ ЗАРУБЕЖНОГО ОПЫТА РАЗВИТИЯ ГОСТИНИЧНОГО БИЗНЕСА В СТРАНАХ ДАЛЬНЕГО ЗАРУБЕЖЬЯ В КОНТЕКСТЕ ЗАИМСТВОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

***Аннотация.** В данной статье проведено исследование зарубежного опыта развития гостиничного бизнеса в странах Дальнего Зарубежья в контексте заимствования в Республике Казахстан. Кроме того, в статье рассмотрены современные инновационные подходы к развитию гостиничного бизнеса в мире, дается оценка их внедрения в практику казахстанских гостиниц. Результаты исследования подтверждают улучшение развития гостиничного бизнеса в Казахстане и замедление внедрение инновационных подходов к развитию казахстанских гостиниц.*

***Ключевые слова:** туризм, гостиничный бизнес, зарубежный опыт развития, инновационные подходы к развитию отеля, автоматизированные системы управления.*

Нурмуханбетова Динара Ериковна

Какабаева Индира Бейбутовна

АЛЫС ШЕТ ЕЛДЕРІНДЕГІ ҚОНАҚ ҮЙ БИЗНЕСІН ДАМУ ТУРАДАҒЫ ТӘЖІРИБЕСІН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚОЛДАНЫЛУЫ

Аннотация. Бұл мақалада Алыс шет елдердің қонақ үй бизнесін дамыту тәжірибесінің зерттеулерін Қазақстан Республикасында қолданылуы жөнінде айтылады. Сонымен қатар, мақалада әлемдегі қонақ үй бизнесін дамытудың заманауи инновациялық тәсілдері қарастырылып, оларды қазақстандық қонақ үйлердің тәжірибесіне енгізуге баға беріледі. Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы қонақ үй бизнесін дамуына оң әсер еткенін және Қазақстандық қонақ үйлерді дамытуға инновациялық тәсілдерді енгізудің баяулағанын растайды.

Түйінді сөздер: туризм, қонақ үй бизнесі, шетелдік даму тәжірибесі, қонақ үйді дамытудың инновациялық тәсілдері, басқарудың автоматтандырылған жүйелері.

**Nurmukhanbetova Dinara Erikovna
Kakabayeva Indira Beibutovna**

RESEARCH OF FOREIGN EXPERIENCE OF HOTEL BUSINESS DEVELOPMENT IN NON-CIS COUNTRIES IN THE CONTEXT OF BORROWING IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Annotation. *In this article, the study of foreign experience in the development of the hotel business in non-CIS countries in the context of borrowing in the Republic of Kazakhstan is conducted. In addition, the article considers modern innovative approaches to the development of the hotel business in the world, and assesses their implementation in the practice of Kazakhstani hotels. The results of the study confirm the improvement in the development of the hotel business in Kazakhstan and the slowdown in the introduction of innovative approaches to the development of Kazakhstani hotels.*

Keywords: *tourism, hotel business, foreign experience of development, innovative approaches to hotel development, automated management systems.*

Туризм – это отрасль, развивающаяся в соответствии с глобализацией и одна из самых быстрорастущих наряду с автомобильной, нефтяной и химической промышленностью. С другой стороны, из-за положительных эффектов туризма, таких как поддержка платежного баланса путем создания притока иностранной валюты, создания рабочих мест и поддержки внешней торговли, инфраструктуры и надстройки, его развитие поощряется не только развивающимися странами, но и развитыми странами

Гостиничный бизнес является частью мировой индустрии туризма, и в настоящее время он является важным звеном в сфере туризма. Технологии в гостиничной сфере сегодня развиваются молниеносно. Стараясь обогнать конкурентов, гостиницы по всему миру все больше придумывают способы, как угодить клиенту.

Положение Казахстана как экономического и политического лидера Центральной Азии дает ей преимущество в развитии туризма. Чтобы использовать этот быстрорастущий сектор, Казахстан должен подчеркнуть свои региональные преимущества и рекламировать свои финансовые, культурные и научные ценности. Сектор туризма функционирует в соответствии с предположениями о доходах, занятости, инвестициях, экспорте и импорте.

Для эффективного развития гостиничного бизнеса менеджерами проводится поиск новых методов качественного обслуживания, охраны номеров и предоставления новых услуг для потребителей, которые сегодня внедряются в практику отелей зарубежных стран.

Инновации в зарубежном опыте развития гостиничного бизнеса в странах Дальнего зарубежья являются одним из путей для улучшения качества производства и быстрого качественного предоставления услуг в сфере гостиничного бизнеса. В большинстве современных гостиниц, есть онлайн бронирование и свои сайты. Отрадно, что сайты переведены на иностранные языки, тем самым есть возможность людям за рубежом получить информацию о месте, где они желают отдохнуть.

Следует отметить, что инновации в гостиничном бизнесе связаны непосредственно с развитием Интернета. Интернет позволяет в значительной степени повысить оперативность и качество связи, снизить затраты на коммуникации и командировки, расширить географию деятельности, круг клиентов и партнеров. Подобные инновации, связанные с интернетом, быстро набирают популярность у владельцев гостиниц, потому что выгода от их использования уже проверена временем.

Разработка и внедрение автоматизированных систем управления происходит в основном в крупных гостиницах. Наиболее популярными на этом рынке являются западные системы — «Micros Fidelio», «Lodging Touch LIBICA», Hospitality Enterprise Resource Planning «Cenium», Epitome PMS, Amadeus PMS, OPERA. На российском рынке известны такие как «Nimeta», «Эдельвейс», «Отель», «KEI Hotel», «UCS Shelter», соответствующие модули корпоративных систем Галактика и Парус [1].

Типичная структура автоматизированной системы управления гостиницей представлена ниже на рисунке 1.




Рисунок 1 – Структура автоматизированной системы управления гостиницей

К сожалению, во многих гостиницах в Казахстане без «звезд» всю информацию о постояльцах до сих пор заносят в обычный журнал вручную.

Повысить эффективность системы управления гостиничным комплексом помогают программы, приложения для компьютеров. К специальной сети, содержащей все необходимые данные, подключают каждого сотрудника. Это позволяет получить доступ к информации тогда, когда возникает надобность, своевременно отреагировать на любые изменения, касающиеся продаж и бронирования.

В настоящее время все большее число предприятий индустрии гостеприимства отдают предпочтение этим технологиям, заменяя использование локальных серверов [2]. К основным недостаткам традиционных технологий относятся следующие: локальный сервер требует регулярного обслуживания от системного администратора; доступ к базе данных ограничен средствами локальной сети; скорость подключения ограничена скоростью локального провайдера и разделена между всеми, кто обращается к базе данных server [3]. Использование облачных технологий, напротив, имеет ряд преимуществ: облачный сервер, который ведут специалисты центра обработки данных; изменение вычислительного питания осуществляется программно и не требует физических действий, доступ к базе ограничивается только правом доступа (имя пользователя и пароль); скорость доступа к данным будет ограничена только скоростью доступа к данным конкретного пользователя; обеспечения непрерывности доступа, так как центр имеет дублирование каналов связи и источников аварийного энергосбережения.

Кроме того, известные гостиничные корпорации вслед за авиакомпаниями начали использование компьютерных гостиничных систем, как для внутреннего управления, так и для создания собственных транснациональных компьютерных систем бронирования и резервирования мест. Например, корпорация «Starwood Hotels & Resorts» предлагает своим гостям стать участниками программы «Starwood Preferred Guest (SPG) – Программа Привилегированных Гостей Старвуда», которая является самой популярной программой лояльности среди гостиничных сетей. Члены программы получают баллы и дополнительные услуги в отелях сетей Westin, Sheraton, St. Regis, Luxury Collection, Hotels и Four Points в более 740 отелях в 80 странах.

С целью удовлетворения потребностей деловых людей в крупнейших деловых центрах мира, сеть «Шератон» разработала программу «Гостиницы в аэропортах» в девяти европейских и четырех американских аэропортах. Эта инновационная программа содержит в себе «Кухню по биологическим часам», исследованную лучшими шеф-поварами сети и ведущими диетологами для того, чтобы преодолеть отрицательные эффекты от перелетов. «Номера для отдыха днем», которые можно забронировать за половину цены, при этом воспользовавшись теми же удобствами, что и во время проживания в отеле. Помимо этого, клиентам предоставляется набор «Transit Survival Kit», в который входят предметы личного пользования, и, конечно, услуги прачечной и химчистки.

Таким образом, развитие гостиничного бизнеса в мире невозможно без развития и внедрения инноваций. И, соответственно, гостиничный бизнес Казахстана не исключение [6].

$$\text{Д}_{\min} = 1041000 \times 5 = 5205000 \text{ (туродней)}$$

Таким образом коэффициент неравномерности туристского потока равен:

$$\text{Кн.} = (\text{Д}_{\max} / \text{Д}_{\min}) \times 100\% = (720000 / 5205000) \times 100\% = 13,8\%$$

Исходя из этого, можно сделать вывод, что объем туристов в республике

снизились в 3,6 раза по сравнению с 2019 годом (49,68%). Этот показатель очень низкий и указывает на критическое состояние процесса развития туризма, связанное с распространением пандемии. Для сравнения: в 2020 году мировой туристический поток снизился на 74%. На Рисунке 1 видно, что уровень туристических потоков в 2020 году снизился в разной степени в зависимости от региона. Эти последствия были вызваны распространением пандемии и введением карантина на территории многих государств.

Из приведенных выше расчетов мы можем наблюдать тенденцию к снижению туристических потоков во всех регионах мира. Этот показатель привел к снижению еще одного фактора - уровня туристических расходов. На текущем этапе экономики расчет объема туристского потребления недостаточно обоснован, так как в большинстве случаев туристы не запоминают все свои расходы, что приводит к большой погрешности в расчетах, отсюда и коэффициент объема часто используется экспорт туристических услуг. По данным Нац.банка, объем экспорта туристических услуг в 2019 году составил 2,5 миллиарда долларов [4].

Также необходимо изучить состояние материальных конструкций и технической базы. Для исследования зависимости от влияния факторов был выбран корреляционно-регрессионный анализ. Корреляционный анализ - это метод статистической обработки данных, который измеряет жесткость связи между двумя или более переменными. Корреляционный анализ тесно связан с регрессионным анализом (также часто встречается термин «корреляционно-регрессионный анализ», который является более общим статистическим понятием), с его помощью определяют необходимость включения определенных факторов в уравнение множественной регрессии, а также оценить полученное уравнение регрессии для выявленных звеньев соответствия (используя коэффициент детерминации).

Коэффициент корреляции может варьироваться от -1 (отрицательная корреляция) до +1 (положительная корреляция). Если коэффициент корреляции равен 0, это указывает на отсутствие корреляции между переменными. Если коэффициент корреляции ближе к 1 (или -1), это сильная корреляция, а если он ближе к 0, это слабый.

Собраны и собраны статистические данные о состоянии материально-технической базы туризма в Казахстане. В качестве показателей развития туризма использовались две категории:

- Объем услуг, оказанный местами размещения
- Количество обслуженных туристов

Корреляция между показателями развития материально-технической инфраструктуры и показателями развития туризма показана в таблице 1.

Таблица 1 – Корреляция между показателями развития материально-технической инфраструктуры и показателями развития туризма [7].

X\Y	Объем услуг, оказанный местами размещения	Количество обслуженных туристов
Количество мест размещения	0,8749	0,8673
Предоставлено койко-местами размещения	0,9987	0,9997
Валовый выпуск услуг	0,9881	0,9887

транспорта, млн. тенге		
------------------------	--	--

Чаще всего используется такая шкала:

$|r| \leq 0,25$ – слабая корреляция;

$0,25 < |r| < 0,75$ – умеренная корреляция (корреляция средней силы);

$|r| \geq 0,75$ – сильная корреляция.

При этом связь между показателями развития материально-технической инфраструктуры и показателями развития туризма очень высока.

При положительной корреляции увеличение (или уменьшение) значений одной переменной приводит к естественному увеличению (или уменьшению) другой переменной, то есть отношениям типа увеличение-увеличение (уменьшение-уменьшение).

Уравнение регрессии: зависимость объема туристических услуг от количества мест размещения представлена на рисунке 2.




Рисунок 2 - Уравнение регрессии: зависимость объема туристических услуг от количества мест размещения [8].

Прежде всего, обратите внимание на R-квадрат и коэффициенты.

R-квадрат - коэффициент детерминации. В данном случае это 0,7656, или 77%. Это означает, что рассчитанные параметры модели на 77% объясняют взаимосвязь между исследуемыми параметрами. Чем выше коэффициент детерминации, тем лучше модель. Коэффициент больше 0,77, поэтому зависимость довольно сильная.

Коэффициент 06 показывает слабый вес переменной X (количество жилья) на Y) объем туристических услуг, то есть количество размещений в рамках этой модели влияет на объем туристических услуг с весом 06 (это небольшая степень). влияния). Знак «+» свидетельствует о положительном влиянии: чем больше жилья, тем больше объем оказываемых туристических услуг.

Темпы роста количества санаторно-курортных учреждений, объектов размещения и туристического бизнеса, уровень совершенствования туристической инфраструктуры - все это положительно сказывается на привлекательности индустрии туризма.

Одним из важных последствий коронавируса с точки зрения социально-экономических последствий будут резкие изменения в структуре спроса, сокращение ряда секторов экономики, которые не имели первостепенного значения для людей.

Эта ситуация будет усугубляться коренным пересмотром характера организации рабочего процесса, когда по результатам удаленной работы будут поставлены на рассмотрение вопросы эффективности и производительности труда. Будет понятно, что существующие модели рабочих взаимоотношений инерционны и что работу можно организовать по-другому - вне офиса, удаленно. Этот процесс также может привести к массовому сокращению офисных работников, которые составляют значительную часть небольшого среднего класса Казахстана.

В столь сложной ситуации очень важно уделять достаточно внимания сфере туризма и субсидировать ее всеми возможными путями для того, чтобы не произошли катастрофические изменения в ней.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. М. Романова (PDF) Факторы, влияющие на развитие индустрии туризма (researchgate.net)/ [Электронный ресурс] /URL - https://www.researchgate.net/publication/317823856_Factory_vliausie_na_razvitie_industrii_turizma
2. Л. Сабирова Роль политического фактора в формировании и развитии характера русского человека- КиберЛенинка (cyberleninka.ru))/ [Электронный ресурс] /URL -<https://cyberleninka.ru/article/n/rol-politicheskogo-faktora-v-formirovanii-i-razvitii-haraktera-russkogo-cheloveka>
3. Экономические факторы (1fin.ru) / [Электронный ресурс] /URL -<https://1fin.ru/?id=281&t=1278>
4. Влияние COVID-19 на экономику Казахстана - KPMG Kazakhstan (home.kpmg) / [Электронный ресурс] /URL -<https://home.kpmg/kz/ru/home/insights/2020/05/covid-key-economy-sectors.html>
5. Елисеева И. И., Юзбашев М. М. Общая теория статистики: Учебник / Под ред. И. И. Елисеевой. — 4-е издание, переработанное и дополненное. — Москва: Финансы и Статистика, 2010. — 480 с.
6. Корреляция, корреляционная зависимость/ [Электронный ресурс] /URL - <https://statpsy.ru/correlation/correlation/>
7. Динамика основных социально-экономических показателей: официальная статистическая информация Комитета по статистике МНЭ РК/ [Электронный ресурс] /URL - <http://stat.gov.kz>
8. Романова М. М. Информационные технологии в туризме // Ценности и интересы современного общества: материалы Междунар. науч.-практич. конф. Ч. 3. – М., 2013. – С. 89–93.

Балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытудың мүмкіндіктері мен перспективалары

Алиева А.С

Ғылыми жетекші: доцент, экономика ғылымдарының кандидаты

Ш.С. Нурмухамедова.

Халықаралық Туризм және меймандостық университеті

Қазақстан, Түркістан қаласы

***Аннотация.** Мақалада туризм саласының балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытудың мүмкіндіктері мен перспективалары көрсетілген. «Жасөспірімдер туризмі» ұғымына анықтама берілген, жасөспірімдер туризмінің қарқынды даму жолдары көрсетілген. Жастар туризмі - бұл саяхаттаудың жеке категориясы, онда жастар компаниясы қызықты жерлерді зерттеу үшін демалуға барады. Жастардың белсенді туризм түріне әсіресе манубайкинг, альпенизм, сноуборд, велотуризмге қызығушылық танытатынын байқауға болады. Туристердің 60 пайызы жастар, әсіресе білім алушы жастар. Білім алушы жастар саяхат құнын төлей алмайтындықтан турфирмалар түрлі жеңілдіктер жасайды. Осы себептіде жасөспірімдер туризмі, туризм нарығының ерекше түрі болып саналады. Жасөспірімдер туризмі тек туризм саласын ғана емес сондай-ақ, білім саласының дамуына септігін тигізеді. Егер жастар жақсы білім алатын болса, олар кезкелген салада жұмыс істей алады және оны әрі қарай дамыта алатынын ескеру қажет.*

***Түйінді сөздер.** Мәдениет, проект, маршрут, программа, тәрбие, жорық, экскурсия, жоба.*

Қазіргі таңда танымал және өзекті салалардың бірі ол – Туризм. Туризмді көпшілік адам, тек саяхат жасау тұрғысынан танумен шектеледі, алайда туризм ол – Тарих, туризм ол – Медицина, туризм ол – Мәдениет, туризм ол – Сауда. Әлемде жеті миллиард адам, екі жүз ден астам ел бар, сан түрлі тіл мен өзіндік ерекшеліктер бар, олардың бәрін болмасада бір шамасын біліп, тануымыз керек. Ел танымын, тіл үйреніп дамимын деушілерге туризм таптырмас сала. Туризм адамның дамуына, бәсекеге қабілетті болуына септігін тигізеді, яғни тұлғаның көшбасшылық және ойлау қабілетін артырады. Бұл тұста жасөспірімдер туризмі алдына ден қояды. Жасөспірімдерге туризм саласы кәсіби тұрғыда тиімді болып табылады. Жастар туризмі ұғымдары мен категориялары зерттелген және осы негізде «жастар» және «жастар туризмі» анықтамалары нақтыланды. Жасөспірімдер туризмі атынан белгілі, яғни балалар және жастар мен жасөспірімдерге арналған, олар көбіне өз топ ішінде, достары мен құрдастарының арасында ұйымдастырылады. Сондай-ақ жеке саяхат түріде бар. Жеке жастар туризмі - бұл мотивация болып табылатын бір адамның дараланған жеке қызмет көрсеруі болып табылады, талабына сәйкесінше тур бағасы жоғары болады. Жеке жастар туризмі іскерлік, ғылыми, сауықтыру мақсаттарымен және көп жағдайда өзара алмасу немесе туыстық байланыстар арқылы жүзеге асырылады. Және де трекинг, манубайкинг, сноуборд, альпенизм, велотуризм тіпті ғарыш пен джайлоо туризміне барушы туристердің әсіресе жастар тарапынан екенін байқауға болады. Алайда танымдық мақсаттағы бағытында ұмытпау керек, себебі бұл бағыт адамның жеке қасиеттерін дамытуға дағдыланады. Танымдық мақсаттағы туризм жастардың ой өрісін, санасын дамытып және жеке идеяларының туындауына үлкен септігін тигізеді. Жастар

мәдениет және білім мақсатында музейлер мен спорттық кешендерге қызығушылық танытқандықтан оларды жеке турист ретінде қабылдайды. Қазірде музейлер тек экспонаттар мен жәдігерлермен шектеліп қоймайды, аспан асты музейі сынды түрлі проектілер жасалынады, ол жасөспірім туристердің келуге деген қызығушылығын көбейтіп, қиалын артырады. Жасөспірімдер туризмі қарапайым туризмнің барлық қағидаттарын қамтиды, алайда туристтердің жас айырмашылығымен ерекшеленеді. Жасөспірім туризмінде туристтердің жасы он төрт жастан отыз жас арасын қамтиды. Бұл туризм түрі құны мен орналасу жағдайында ерекшелік табады. Себебі, студенттер люкс (Lux) отельдерде және маршрут барысында ең жақсы орындармен өзін қамтамасыз ете алмайды. Алайда студенттік билеттері бар болса оларға көптеген жеңілдіктер жасайды. Туризм саласында жасөспірім туризмінің сұранысы жылдан жылға артып келеді, әсіресе оқу туризмі маңызды рөл атқарады. Мысалға, елдер арасында студент алмасу бағдарламасы бар, ол ел тану, өзге дәстүрді тану, тіл үйрену мәдениеттердің жақындасу мақсатында жоспарланады. Бұл бағдарлама бойынша туристердің жастары он сегіз – жиырма жетіні қамтылу керек, ол студент белгілі бір отбасыға жіберіледі де тіл, мәдениет үйреніп, түсінуіне оңтайлы септігін тигізеді. Сонымен қатар, Еуропалық Одақ аясында жастар туризмі мен ұтқырлығын жеңілдету және жеделдету үшін көптеген мекемелер мен ұйымдар құрылды. Студент алмасуда Erasmus программасы танымал, бұл программаны Австралия, Новая Зеландия, Австрия, Швецария, Англия сынды елдер қолдайды. Жасөспірім туризмінің нарықтағы бағытын атап кетпесек болмас, себебі туризм нарығында маңызды нарықтардың бірі ол жасөспірімдер туризмі болып табылады. Жас туристтер туристік мансапта алдыңғы қатарда тұр. Олар үнемі алға қарай дамып отырады, жаңа кәсіптер ашады және маркетинг саласына үлкен үлестерін қосуда. Жас саяхатшылардың мотивациялық факторларын ескере отырып, итермелейтін факторлар олардың ауырлық күшіне емес, олардың саяхатқа бейімділігіне едәуір әсер ететіндігін атап өткен жөн. Жастар туризмінің негізгі мотивтері - білім алу, басқа адамдармен кездесу, мансаптық өсудің құндылығын арттыру, басқа мәдениеттер туралы білім алу, өзін-өзі дамытуды арттыру, оқу, білім және саяхатшылар, бұл жас саяхатшылар тұлғасының бір бөлігі ретінде қарастырылады. Ең баста жастар туризмі тек балаларды тәрбиелеу мақсатында құрылған болатын, кейінірек жорық мақсатында, яғни жорықтағы қауіпсіздік шараларыды үйрету мақсатында ашылады. Жасөспірім туризмінің негізі Германияда қаланған, өйткені онда жас туризмнің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылған алғашқы жатақханалар пайда болды. Бүгінде Германияда жас саяхатшылар үшін құны тиімді турларда жүретін туристер саны көп, бұл жастар туризмінің табысты дамуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Германиядағы жастар туризмінің өзіндік нормативтік-құқықтық базасы бар. Ал Ресейде жастар туризмін дамыту перспективалы бағыты болып табылады. Ресейде жастар туризмін дамытудың әлеуеті айтарлықтай үлкен, оның маңызы, әсіресе 2014 жылғы Сочи Олимпиадасынан кейін айқын болды. Қрымның Ресейге қосылуы туризмнің дамуына белгілі бір әсерін тигізді. Жастар көрікті жерлерге, Ресейдің теңіз жағалауындағы демалысқа қызығушылық таныта бастады. Қырым, Қазан және Анапа, Санкт-Петербургтегі турлар қазіргі жастар арасында өте танымал. Бүгінде бұл бағытта туристік ұсыныстар өте көп. Ең алғаш туризмді білім мақсатында 1425 жылы Мантуедегі мектеп тәрбиелеушілері Альпі бөктеріне балаларды бір күндік жорықтарға алып жүретін болған. Қазіргі кезде де, мектептерде экскурсиялар өткізіледі, себебі тек айтып, оқығаннан көзбен көріп,

эмоциялар арқылы қабылдау есте ұзаққа сақталатыны бәрімізге белгілі және бұл адамның ойлау қабілетін артырады. Біздің елде мұндай бағдарламалар бар, мысалы Нұр-Сұлтан қаласында оқушыларға арналған үш күндік экскурсия өткізеді. Ең бірінші күні оқушыларды орналастырады, тамақпен қамтиды да, қала орталығында үш сағаттық экскурсия өткізеді, онда Бейбітшілік сарайына, «Астана-Опера», Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы - Ақ Орда мен «Хазірет Сұлтан» мешітін тамашалай алады. Екінші күні спорт әлеміне саяхат жасайды. Яғни, «Алау» мұз сарайы, «Сарыарқа» республикалық велотрегі, «АстанаАрена» стадионын, Қазақстандағы ең ірі сауда ойын сауық орталығы «Хан-Шатыраға» барып тамашалайды. Ал үшінші күні Мұхиттан үш мың шақырымнан астам қашықтықта орналасқан әлемдегі жалғыз океанариумға бару, 5D кинотеатрына тамашалау, зоопарктермен көбелектер галереясын тамашалауға мүмкіндік алады. Экскурсия ішіне Қазақстан Республикасының Ұлттық музейіне бару мүмкіндігі бар. Мұражайда жаңа технологиялар қолданылады, мәселен динамикалық макеттер, үлкен экрандар мен мультимедиялық нұсқаулықтармен жабдықталған. Бұл экскурсия 10 адамды қамтиды, жалпы құны 55000 т құрайды. Жасөспірім туризмінің негізгі проблемалары ол туристік қызметтер мен тұрақты орнының жоғары құны, жастарға көрсетілетін туристік қызметтің сапасы төмен деңгейлігі, көлік транспортында айырмашылықтар, жастардың туристік демалыс орындарының едәуір бөлігі апатты жағдайда және бос тұруы, аудандардың жұмысын облыс орталығымен үйлестіру тиімді емес. «Болашаққа бағдар: Рухани жанғыру» жобасында дамыған 50 елдің қатарына қосылу жобасы бойынша жастарды тәрбиелеу және білімін артыру мақсатқа қойылған. Н.Ә. Назарбаев айтқандай «Болашақ жастардың қолында», - дейді шынында да жасөспірімдердің ойлау және қабылдау қабілеті жоғары деңгейде. Қазақстанда жастарға арналған түрлі жобалар бар. Ел ордамызда туристік өлкетану қызметі бойынша «Жас туристер станциясы» жұмыс атқарады. Ол туристік өлкетану іс-әрекеті барысында жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған патриоттарды тәрбиелеу туған жерді, қоршаған ортаны, тарихи және мәдени ескерткіштерді білу, қарым-қатынас жасау арқылы мектеп оқушыларын салауатты өмір салтын қалыптастыруға, табиғатқа баулуға, ерік пен руханилыққа тәрбиелейді. Бүгінгі күні станцияда 640-тан астам орыс және қазақстандық студенттер бар. Олар «Жас велосипедшілер», «Жас туризм нұсқаушылары», «Жас гидтер», «Жас өлкетанушылар», «Өлкетану географтары», «Шағын туризм», «Изотуризм» түрлеріне бағытталған. Туризмді мемлекеттік басқару белгілі бір әдістер мен формаларды қолданады. Зерттеуші Н.Ю. Хаменева өз сөздерінде былай дейді: «туризмді мемлекеттік басқару әдістері мыналарды қамтиды: салық жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін бағдарламалық-мақсатты жоспарлау; мемлекеттік келісімшарттар жасасу, туризм саласындағы экономикалық қызметті үйлестіру, мемлекеттік меншікті басқару, құрылымдық басымдықтарды анықтау жаңа ақпараттық технология құралдарын енгізу, лицензиялау, сертификаттау, мемлекеттік қадағалау негізінде ақпараттық қызметтерді ұсыну болып табылады». 2012-2016 жылғы Қазақстанда мемлекеттік туризмді дамыту бағдарламасында жасөспірімдер туризмінің тұлға аралық тәрбие негізінде, салауатты өмір салтын ұстануда, мәдениет, тарих және спорт түрі ретінде ерекшеленетіндігін айтады. 2019 жылдың жазында «Almaty Nomad» туристік клубы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы қорының гранттық қолдауымен Қазақстанда жастар туризмін дамыту бойынша жобаны жүзеге асырды. Жоба 2019 әлеуметтік идеялар мен жобалар

жәрмеңкесінің жеңімпазы болып табылады. Оның басты мақсаты - қызығушылық танытқан жастарды елдің табиғи, тарихи және мәдени көрнекті жерлерімен таныстыру. Жаз бойы жобағу қатысушы туристтер ежелгі Тараз, Сауран, Отырар қалаларын, Айша бибі, Қарахан, Арыстан баба, Х.А.М.Әуезованың кесенелерін аралады. Сапар барысында жобаға қатысушылар пикниктер ұйымдастырып, кемпингтер жасады. Жастар саяхаттардан алған әсерлерін өлеңдерінде, блогтарында, мақалаларында және ғылыми жобаларында көрсетті. Бұл жоба жастардың көпшілігін өзіне қарата алды және ішкі туризмнің дамуына әсерін тигізді, болашақта мұндай жобалар жиі ұйымдастырылып, түрленуі маңызды. Себебі жастарды әр күн сайын жаңа ақпараттар мен жаңа жобаларды ұсыну арқылы тек жасөспірім туризмін ғана емес Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы алға бастар тағы бір қадам болар еді. Жасөспірімдер туризмі модернизацияланады, материалдық-техникалық қамтамасыз етіледі, шет елдерге демалу мақсатында базалар ашу және мектептерде ел ішінде жорықтар жасау мен Қазақстанның көрікті жерлеріне сапарға шығу міндеттеледі. Туризмді дамыту мақсатында ең алдымен ішкі туризмді дамыту керек. Ол үшін гид, экскурсовод, тuroператор т.б мамандарының санын артыру керек. Осы себепті жасөспірімдер туризмінің дамуы туризм саласында және экономика мен мемлекет үшін маңызды. Тек бұл үшін жасөспірімдерге дұрыс бағыт-бағдар берілуі тиіс, туризм мамандығына жастардың қызығушылығын артырып, мүмкіншіліктерін арттыру керек. Жастар туризмі аймақтың өндіргіш күштерінің ең динамикалық және белсенді элементін дамытады, сондықтан тұтасымен тағайындалған жердің ресурстық әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. МОЛОДЁЖНЫЙ ТУРИЗМ В ДЕЙСТВИИ. В АЛМАТЫ СОСТОЯЛАСЬ ПРЕЗЕНТАЦИЯ ПРОЕКТА-ПОБЕДИТЕЛЯ ЯРМАРКИ СОЦИАЛЬНЫХ ИДЕЙ. 23.10.2019 · 09:52 <https://fnn.kz/ru/news/129>
2. Молодежный туризм: понимание мотивов молодежи. <https://swsu.ru/sbornik-statey/youth-tourism-understanding-motives-of-youth.php>
3. Развитие управлением туризмом в РК: историко-теоретический анализ. 2009 жыл <https://articlekz.com/article/6832>
4. Нур-Султан для школьников, 3 дня. 2013 "Turan-Asia" travel company. <http://turanasia.kz/shkolnyj-voyazh-v-nur-sultan/>
5. Copyright © 2010-2021 Travelluxtour.info . Молодёжный туризм 2011-04-29 11:39:30 <https://travelluxtour.info/vidy-turizma/molodjozhnyj-turizm/>
6. ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ДЕТСКОГО ТУРИЗМА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН . В. П. Фомин УДК 796.5:1379.83:374.1 [file:///C:/Users/User/Downloads/problemy-i-perspektivy-razvitiya-detskogo-turizma-v-respublike-kazahstan%20\(1\).pdf](file:///C:/Users/User/Downloads/problemy-i-perspektivy-razvitiya-detskogo-turizma-v-respublike-kazahstan%20(1).pdf)
7. РАЗВИТИЕ ДЕТСКО-ЮНОШЕСКОГО ТУРИЗМА. Кузьменко М. – 2013. – Т. II, ч. 2. – С. 224-226 http://kazatu.edu.kz/assets/i/science/sf9_men_225.pdf

Лайсханов Шахислам Ұзақбайұлы,
PhD доктор, Абай атындағы қазақ педагогикалық университеті
Алматы қаласы, Қазақстан

Тыныштыбаева Қаракөз Қайнарқызы,
Абай атындағы қазақ педагогикалық университеті,
География мамандығының 2-курс магистранты
Алматы қаласы, Қазақстан

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ КИЕЛІ ОРЫНДАРЫ - ТУРИСТІК НЫСАН РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Мақалада киелі жерлерге талдау жүргізу арқылы Қызылорда облысының киелі жерлері, облыстың ішкі туристік әлеуетін анықтайтын маңызды ерекшеліктері, Қызылорда облысы бойынша жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің саны мен аудандар бойынша үлесі қарастырылған. Сондай, Қызылорда облысының киелі орындарын туристік нысан ретінде пайдаланудың мәселелеріне талдау жасалды және туризмді дамыту үшін киелі жерлерге жаңа маршруттар құрастырылды.

Тірек сөздер. Киелі жерлер, Қызылорда облысы, тарихи деректер, мәдени мұра, туристік нысандар.

Лайсханов Шахислам Узакбаевич,
Тыныштыбаева Каракөз Кайнарова

САКРАЛЬНЫЕ МЕСТА КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ-КАК ТУРИСТИЧЕСКИЙ ОБЪЕКТ

Аннотация. В статье рассмотрены сакральные места Кызылординской области путем проведения анализа сакральных мест, ключевые особенности, определяющие внутренний туристский потенциал области, количество и доля памятников истории и культуры местного значения по Кызылординской области. Также проведен анализ вопросов использования сакральных мест Кызылординской области в качестве туристских объектов и разработаны новые маршруты по сакральным местам для развития туризма.

Ключевые слова. Сакральные места, Кызылординская область, исторические источники, культурное наследие, туристические объекты.

Laiskhanov Shakhislam Uzakbaiuly,
Tynyshtybayeva Karakoz Kainarkyzy

SACRED PLACES OF THE KYZYLORDA REGION-AS A TOURIST OBJECT

Annotation. The article considers the sacred places of the Kyzylorda region by analyzing the sacred places, the key features that determine the internal tourist potential of the region, the number and proportion of historical and cultural monuments of local significance in the Kyzylorda region. The analysis of the issues of using the sacred places of the Kyzylorda region as tourist sites was also carried out, and new routes were developed for the development of tourism in the sacred places.

Keywords. Sacred places, Kyzylorda region, historical sources, cultural heritage, tourist sites.

Қызылорда облысы – көне қалалар мен киелі орындарға бай өңір. Бұл облыстан 12 орынның Қазақстанның киелі нысандарының қатарынан табылуы бұған анық дәлел бола алады. Сыр өңірінің киелі жерлерінің даму кезеңдерін, қызметі мен бағыттарын заманауи тұрғыда зерттеудің маңызы зор. Қызылорда облысында орналасқан киелі нысандардың қазақ мәдениет әлемінің бір бөлшегі ретінде толыққанды мағлұмат беретін мәдени жәдігерлер қатарына кіреді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымының ерекше маңыздылығын тоқтала келіп: «Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де, бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі» [1] деген болатын. Расында да халқымыздың бұрыннан келе жатқан баба ізімен жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу, туған жеріне құрметпен қарау, ата-аймақтарында орын алған тарихи оқиғаларды таныту және дәстүрлі мәдени болмысымызды бойларына сіңірту – бүгінгі күннің басты талабы. Жалпы дархан даламызда батыр тұлғасына қатысты, ірі шайқастарға арналған, діни – культтік, табиғат құбылысымен байланысты қалыптасқан киелі жерлер жетерлік. Ендігі кезек сол киелі нысандардың әрқайсысы бойынша кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы, тарихтағы өз орнын анықтау мәселесі тұр. Өңірдің туризмнің күшті жақтарына оның көбіне ішкі туристік әлеуетін анықтайтын мынадай маңызды ерекшеліктері бар:


1. Қызылорда облысында 532 тарихи-археологиялық, архитектуралық ескерткіштер сақталған. Олардың 23-і әлемдік маңызы бар ерекше ескерткіштер: архитектуралық, тарихи ескерткіштердің өте көп болуы;
2. Ұтымды әрі оңтайлы географиялық жағдай, темір және автокөлік жолдарының торабында орналасуы;
3. Туризм саласына инвестиция мен қаржыландыруды іске асыру мүмкіндіктері;
4. Республикада және аймақтарды ақпараттық-туристік орталықтың, мемлекеттік және аймақтық қолдау саясатының және туризмді дамытудың стратегиялық құжаттар жүйесінің болуы.

Қызылорда облысында киелі тұтқан тағзым ету ету нысандарының тарихы ерте замандардан бастау алады. Қызылорда облысы сияқты киелі орындарға тағзым ету әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі тек қазақ халқының мәдениетінде ғана емес, барлық түркі халықтарында кездеседі, осы дәстүр бүгінде сақталған.

Қызылорда облысы бойынша жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 28 қаулысы бойынша облыста жалпы әр дәуірдің көрінісі саналатын 257 жәдігер тіркелген (1-сурет)[2].

Жергілікті маңызы бар нысандар саны

■ Арал ауданы ■ Қазалы ауданы ■ Қармақшы ауданы ■ Жалағаш ауданы
■ Сырдария ауданы ■ Қызылорда қаласы ■ Шиелі ауданы ■ Жанақорған ауылы



1-сурет. Қызылорда облысы бойынша жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің аумақ бойынша үлесі [20].

1-суретте көргеніміздей облыс аумағындағы жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің ең көп үлесі Қазалы ауданында таралған. Ол жалпы облыс бойынша таралған нысандардың 22%-ын құрайды. Одан кейін жәдігерлердің ең көп тараған аумақ бұл Қармақшы ауданы, бұл ауданға облыс аумағындағы жәдігерлердің 16%-ы тиесілі. Ал, жергілікті маңызы бар нысандардың ең аз таралған аумағына Сырдария ауданы және Жанақорған аудандарын айтуға болады.

Жәдігерлердің қолданылу мақсатына қарай археологиялық, қала құрылысы және сәулет, киелі объекті, монументтік өнер құрылысы деп бірнеше санаттарға бөлінеді (сурет 2).




2-сурет. Қызылорда облысы бойынша жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің аумақ бойынша саны [3]

2-суреттен байқағанымыздай облыс аумағындағы ең көп таралған нысандардың санатына қала құрылысы мен сәулет нысандары жатады. Бұл нысандардың ең көбі Қазалы, Арал аудандары мен Қызылорда қаласында таралған. Ал, таралуы жағынан екінші орындағы археологиялық нысандардың көпшілігі Қармақшы ауданы, Арал ауданы, Шиелі аудандарына тиісті. "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына және "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Заңының 21-бабына сәйкес, Қызылорда облысының әкімдігі қаулысы бойынша киелі нысандар облыс аумағындағы Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі және Жаңақорған аудандарында таралған. Ал, монументтік өнер құрылысының ең көп үлесі Қызылорда қаласына тиесілі.

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында Қызылорда облысы бойынша жергілікті өлкетанушылардың ұсыныстары негізінде 12 тарихи ескерткіш еліміздің жалпыұлттық қасиетті нысандар тізіміне және 35 тарихи ескерткіш өңірлік қасиетті нысандар тізіміне енді. Осы жобаға енген біршама нысандарға тоқталсақ.

Қызылорда өңірінің киелі жерлерінің тақырыптық экскурсиялардың технологиялық карталарын 4 ауданға – Қызылорда-Қаратау бағыты, Қызылорда-Қызылқұм немесе «Құм басқан өркениеттер» бағыты, Қызылорда-Жетіасар-Қорқыт ата, Қызылорда-Арал теңізі бағыты деп бөліп қарастыруға болады. Осы бағыттар бойынша өлкеміздің қола дәуірінен бастап бүгінге дейінгі аралықпен мерзімделетін киелі орындары енгізілді. Әрине, картаға барлығын қосу мүмкін емес, бірақ, осы маршруттар барысында көптеген қосымша нысандарды қамтуға болады [4].



3-сурет. Қызылорда облысының киелі орындары [автормен құрастырылған]

Қызылорда облысының 1:300 000 масштабтағы картасы негізінде зерттеу нысанының киелі орындар картасы құрастырылды.

XXI ғасырдағы ғылым мен технологияның дамуы барлық зерттеу ақпараттарын, әдістерін және олардың нәтижелерін өңдеуді сандық түрге көшіруді талап етіп отыр. Бұл бағыт картография саласындағы ГАЖ технологиясын пайдаланып, сандық түрге көшуді қажет етуде. Мұндай әдістер дәстүрлі картографиялық зерттеу әдістеріне қарағанда кез келген зерттеу нысанын үшөлшемді үлгіні көруге мүмкіндік береді. Осының нәтижесінде келесідей жан-жақты колданбалық пайдасы бар жер шарының сандық үлгісі, электронды географиялық атластар, қалалардың, географиялық нысандардың үшөлшемді үлгілерінің жобаларын көре аламыз.

3-суретте көрсетілген карта бойынша Қызылорда облысында орналасқан киелі нысандар маршрутын қолжетімді, жүйелі етіп төрт бағытқа бағытталған.

Алғашқы бағыт, Қызылорда-Қаратау бағыты: Қызылорда–Бәйгекұм ауылы –Оқшы ата қорымы – Шиелі –Көккесене – Төменарық –Жанақорған – Қырқеңсе ауылы–Төлегатай-Қылышты ата кесенесі – Қорасан баба қорымы – Сунақ ата ауылы – Сығанақ кешені – Еңбекші ауылы – Сауысқандық жартас суреттері.

Қызылорда-Қызылқұм бағыты: Қызылорда–Қармақшы ауданы, Көмекбаев ауылы – Бәбіш-мола қалашығы – Шірік-Рабат қала-қорымы – Сеңгіртам қорымы –Баланды кешені –Ұйғарақ қорымы –Оңтүстік Түгіскен

қорымы –Солтүстік Түгіскен кесенесі –Жент қалашығы.

Қызылорда-Жеті Асар-Қорқыт ата: Қызылорда–Тереңөзек –Қалжан ахун мешіт-медресесі –Жалағаш –Қармақшы ауданы, Тұрмағанбет ауылы –Жалпақ-асар –Қурайлы асар –Кіші Қос-асар –Үлкен Қос-асар –Томпақ-асар –Алтын-асар –Бұзық-асар –Ордазы –Қорқыт ата кешені –Қармақшы ата қорымы –Марал ишан кесенесі және Қалқай ишан кесенесі.

Қызылорда-Арал теңізі бағыты: Қызылорда–Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті – Өркендеу ауылы – Қамбаш көлі –Бегім ана мұнарасы – Ұзынтам мұнарасы – Көкарал платинасы – Арал-асар қонысы –Кердері кесенесі – Барсакелмес қорығы.

Киелі орындардың тақырыптық-туристік маршруттық картасы туристер үшін қолайлы болу керек. Аталған нысандардың басым бөлігіне туристер апаруға болады. Сонымен қоса туристерді жіберуге болатын аймақтар анықталған. Олар: Қармақшы ауданы бойынша Байқоңыр ғарыш айлағы, Қорқыт Ата мемориалдық кешені; Жаңақорған ауданы-емдік батпақ пен сумен емдеу «Жаңақорған» санатории мен Қаратаудағы Қатынқамал, Ақүйік, Бесарық өзендерінің шатқалдары; Шиелі ауданы-Телікөл көлдер жүйесіндегі Қанқожа көлі, Қарғалы қорғалымы; Қазалы қаласындағы ІХ-ХХ ғ.ғ. тарихи қалақұрылыстары, Арал ауданы-Кіші Арал теңізі, Көкарал бөгеті, Ақлақ су тоспасы, Қамыстыбас (Қамбаш) көлі.Жалпы Сыр өңірінде мәдени туризм аймақтық дамудың басты турресурсы бола алады, өйткені оның туристерді қызықтыратын маңызды сипаттамалары жеткілікті.

Қазіргі таңда туристік мәні бар ескерткіштерімізді таныстыратын турлар құру арқылы Сыр өңіріндегі ішкі туризмді де дамытуымызға болады және мәдени-тарихи туризмнің аймақтық және халықаралық деңгейде дамуындағы қосатын үлесі бар екендігі белгілі. Дегенмен туристердің көпшілігінің әуелі танысып өтетін интернет беттерінде Сыр өңірінің туристік нысандары туралы ақпараттармен қамтамасыз етілу жағдайы төмен. Қызылорда облысының облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының мәліметі бойынша 2019 жылғы қаңтар-қазан айларының қорытындысы бойынша облысқа келуші туристер саны - 39237 адамды құрады. Оның ішінде резиденттер-37 633 адам, резидент еместер-1604 адам. Қызығушылық тудыратындай ақпараттар болмаса шетелдік қана емес, жергілікті азаматтардың да баруы қиын және өңіріміздің ішкі туризмі дамымай отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбікенов Ж.О., Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтарға семиотикалық талдау, қолжазба, 2020
2. Қызылорда облысының халық санының өзгеруі туралы /www.stat.gov.kz /Ресми статистикалық ақпарат/ көлік және байланыс/Бюллетендері/ Қызылорда облысындағы көлік және байланыс жұмыстарының негізгі көрсеткіштер/www.stat.gov.kz /
3. Социально-экономическое развитие Кызылординской области: Статистический сборник / Под ред. Б.Сапар. – Кызылорда, 2014.
4. Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» («Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»). «Егемен Қазақстан».

Есіркепов Жандос Мергенбайұлы,
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Халықаралық туризм және меймандостық университеті,
Түркістан қаласы, Қазақстан
Шоманов Расул Жомартұлы,
«Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 1-курс студенті,
Халықаралық туризм және меймандостық университеті,
Түркістан қаласы, Қазақстан

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ӨТКІЗУДІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

***Аңдатпа:** Бұл мақалада мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде өткізілетін ұлттық ойындардың түрлері, олардың балалардың денсаулығын нығайтуға әсері, ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні қарастырылады. Сонымен қатар, ұлттық ойындардың дене қабілеттерін (жылдамдық, төзімділік, күш, икемділік, ептілік) дамытудағы рөлі, адамгерлішікке, еңбексүйгіштікке, алғырлыққа, тапқырлыққа, достыққа тәрбиелеудегі маңызы егжей-тегжейлі сипатталған.*

***Түйін сөздер:** Ұлттық ойындар, тәрбие, балабақша, денсаулық, мектеп., дене қабілеттері.*

**Есіркепов Жандос Мергенбайұлы,
Шоманов Расул Жомартұлы,**

ВОСПИТАТЕЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ ПРОВЕДЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНЫХ ИГР В ДОШКОЛЬНЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ

***Аннотация:** В данной статье рассматриваются виды национальных игр, проводимых в дошкольных образовательных учреждениях, их влияние на укрепление здоровья детей, воспитательное значение национальных игр. Кроме того, подробно описана роль национальных игр в развитии физических способностей (скорость, выносливость, сила, гибкость, ловкость), значение в воспитании человечности, трудолюбия, предприимчивости, смекалки, дружбы.*

***Ключевые слова:** Национальные игры, воспитание, детский сад, здоровье, школа., физические способности.*

**Yessirkeпов Zhandos Mergenbaevich
Shomanov Rassul**

EDUCATIONAL VALUE CONDUCTING NATIONAL GAMES IN PRESCHOOL EDUCATIONAL INSTITUTIONS

***Abstract:** The types of national games held in preschool educational institutions, their impact on the promotion of children's health, and the educational*

significance of national games are considered. In addition, the role of national games in the development of physical abilities (speed, endurance, strength, flexibility, dexterity), the value in the education of humanity, hard work, ingenuity, friendship is described in detail.

Keywords: *National games, education, kindergarten, health, school, physical abilities.*

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, тәрбиелейтін негізі іс-әрекет - ойын. Ойын арқылы балалар ұйымшылдыққа үйренеді. Қазақ халқы балалардың дені сау болып қалыптасуына көп көңіл бөле білген. Қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы ғылыми тұрғыдан ғалымдар көп ізденген. Мектеп жасына дейінгі балаларды дене шынықтыруға баулу әдістері педагогикалық сипаттағы бағыт-бағдарлама тұрғысынан зерттеген этнограф, педагог-ғалым Әбубәкір Диваев өзінің «Қазақ балаларын қалай жұбатады», - деген мақаласында қазақтың бауырмалдылығын сипаттай келіп, «бала бас бармағын көтеріп, оған пайғамбарымыз не дейді деп, көк аспанға қарап, құдай тәңірінен рұқсат сұраған», - десе, «Бес саусақ» ойынымен саусақ атауларын алға тартады. Саусақ пен қимыл-қозғалыс жасау әрекеті негізінде баланы тәрбиелей шынықтырудың үлкен даналық философиялық мағынасы жатқандығын сөз етеді [1].

Қазақтың белгілі ғалым ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудің тәрбиелік мәнін жоғары бағаласа, М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдады. Ұлтымызды ұлықтайтын тұрмыс-салтының өзі - дене тәрбиесіне негізделген. Бесікке салудан бастап, баланы шомылдыру, маймен сылау, тұсау кесу рәсімі, атқа мінгізу, ұлттық ойындарға араластыру - баланы жастайынан шынықтыру, моральдық-рухани нығайту, темірдей тәртіпке көндіру, ерік-жігерді дамытуға тәрбиелейді. Ата-бабамыздан қаймағы бұзылмай жеткен ұлттық ойындарды дене тәрбиесіне енгізу баланың күш-жігерінің дамуына септігін тигізеді. Сондай-ақ дене құрылысы икемделеді, сымбатты, қырағы, алғыр, өмірдің барлық қиыншылығына төзімді азамат болып қалыптасады. «Денсаулық - зор байлық», - дейді халқымыз. Өзін іргелі ел санаған халық әдеп-ғұрпын, салт-санасын, дәстүрін қадірлей біліп, жас ұрпақтың бойына дарыту қажет. Ел арасында көп тараған ойын түрлерін баланың жас ерекшелігіне сай саралап, рухани талап-тілектеріне сәйкес бағыттауымыз керек. Ең басты міндет - ұлттық ойынның өзіндік құндылығын жоғалтпай, ойынды мазмұнды ұйымдастыруға жағдай жасау, тәрбиеге де, ой-санаға да лайықты етіп пайдалана білу. Ұлттық ойынның тәрбиелік мәні - бала өз халқының ұлттық мәдениетімен танысып, заттардың пішінін, көлемін, қасиеттерін байқауға, қоршаған ортаға еркін араласуына көмектесетіндігінде. Өмір туралы қарапайым түсініктер алады, жылдамдық, мергендік сияқты қасиеттері артады.

«Баланың күні бойы ойнауға шамасы бар. Ойын - оның шынайы тіршілігі. Көзіне көрінген, қолына түскен нәрсенің бәрімен ойнайды. Үш жасар бала көбіне жалғыз ойнайды. Көппен бірге ойнауды ол әлі көтере алмайды, мазасыздана бастайды», - деп жазады «Мектептен бұрынғы тәрбие» (1923), -

деген еңбегінде ойын түрлерінің қолдану әдістері мен маңызына тоқталған педагог-ғалым Нәзипа Құлжанова. [2]

Ұлттық ойындарды мектеп жасына дейінгі дене тәрбиесіне енгізуде үш бағытта ұстанғанымыз жөн:

1. Ағартушылық - ұлттық тәрбиеге насихаттау, үйрету.
2. Тәрбиелік - имандылыққа, әдептілікке баулу.
3. Бақылау- дене тәрбиесінде ұлттық ойындардың қажеттілігіне әсер ету, қолдау көрсету.

Балабақшада ұлттық ойындардың қолдану жүйелері:

1. Таңертеңгілік-гигиеналық жаттығуда;
2. Сергіту сәттерінде;
3. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде;
4. Таза ауаға серуенге шыққанда.

Ұлттық ойындарды табиғат аясына серуенге шыққанда, тәрбие жұмысына мүмкіншілікке қарай ұйымдастырса, балалар сол ойындар арқылы жақсы тәрбиені, өмірге қажетті қимылдарды тез үйреніп, ақыл-ой парасаты дамиды.

Дене тәрбиесі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің міндеті - қимылдың белгілі бір кешенін жасап үйрену болып табылады. Мақсаты - баланы өнегелікке, сымбаттылыққа, күштілікке, төзімділікке тәрбиелеу. Ойынды тиімді пайдалану - ұйымдастырылған іс-әрекеттің әсерлігін, тартымдылығын, белсенділігін, баланың ынтасын күшейтеді. Ойын ережесі балалардың түсінуіне орай, қарапайым болуы керек. Ойынның ережеге сәйкес орындалуына - тәрбиешілердің ойынның мазмұны дұрыс түсіндірмеуінен болады. Мұндай жағдайда балалар оған қызықпайды, зейін қойып тыңдамайды. Ойын барысында көрнекілікті алдын-ала дайындауы тиіс. «Аңшы мен ит және қояндар», 5-6 жастағылар үшін «Торғай мен мысық» ойындары барысында алғашқы күннен бастап өзін-өзі тежеуге үйрету керек. Барлық баланың қабылдау қабілеті бірдей емес екендігі, яғни белсенділер мен әлжуаз балалар арасындағы тепе-теңдікті сақтау оларды әр түрлі орынға тарту арқылы шындау, ұмтылдыру, бірнеше рет бір ойынды ойнату барысында баланың физиологиялық өзгерісімен қатар психологиялық тұрғыдан сенімділігі артады.

Ұлттық ойыннан ой-танымы жаттығуларын, тапқырлыққа, ептілікке машықтану көріністерін байқаймыз. Атап айтқанда: ұлттық ойындардың ішінде ер балалардың денесін шынықтырып, икемділігін, сергектігін, күш-қабілетін толықтырып, машықтандырытын да, ой тапқырлығы мен шешендігін жетілдіретін, ой сергітетін, білімін байытып, тапқырлығын танытатын түрлері бар. Ер балаларға арналған «Ат жарыс», «Қап киіп жарысу» баланың күшін дамытып, жігерін, денесін ширатып, бұлшық еттерін нығайтып, төзімділікке, батылдыққа баулиды. Өз бойындағы күшін, әдіс-айласын түгел пайдаланатын «Қазақша күресті» алайық. Күрестің «Білектесу», «Аударыспақ» сынды көптеген түрлері бар. Ойын барысында бала мінез құлық ережелері мен нормаларын, өмірге көзқарасын, өзара қарым-қатынасын шығармашылықпен игереді.

Қазақтың ұлттық ойындарының өзіндік ерекшелігі қыз балаларға арналған ойындардың болуы. Қыз баланың биязы болуы, дене икемділігі мен нәзіктігіне тәрбиелейтін ойындарды жас ерекшеліктеріне қарай пайдаланған. Қыздардың «Қуыршақ» ойынында қуыршаққа киім дайындау, отбасындағы ата-ана рөлдерін сомдау, кейіптендіру олардың психологиясына саналылық өзгерістер тудырады. Мазмұнды ойындар арқылы өз әрекетін өзгелермен

үйлестіруге, түсінуге талпынса, өзінің ақыл-есін түгел сол ойынның мақсатына жетуге жұмсайды, шындыққа сенеді, тапқырлық пен табандылыққа ұмтылады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет барысында «Сиқырлы қоржын», «Көкпар», «Асық» сияқты ұлттық ойындарды жаңа материалдарды бекіту немесе қайталау кезінде қолдануға болады. Тәрбиеші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетті ұлттық ойынмен сабақтастырып түсіндірсе, баланың пән тақырыптарын тез, жылдам меңгеруіне ықпал етеді. Мысалы: «Даусынан таны» ұлттық ойыны барысында балалар шеңбер болып отырады. Санамақ санау арқылы бір бала жүргізуші болып, көзін орамалмен байлайды. Ортаға шыққан жүргізуші атын атаған баланың даусынан тануы тиіс. Таба алмаса, айыбына тақпақ немесе ән айтуы керек. «Шалма тастау» ойынына қатысушылар алаңға топталады. Мәре сызылып, он метр жерге қазық немесе үшкір ағаш қағылады. Ұзындығы сол жерге жететін арқанның бір ұшы ілмекпен, шалма тастайды. [3]

Қыз балаларға арналған «Үй тұсынан ақ қоянды ояту» ұлттық ойынында бір ырғақта әрекет жасап, ән айтуға, тіл байлығын молайтуға, моральдық, эстетикалық тәрбие беруге тигізер септігі мол. Ойынды қызықты өткізу үшін - ойынның шартын бұзбау, достарын ренжітпеу, жеңілсе ашуланбау, бастаушының айтқандарын орындау керек.

Пайдаланылған ойындарды қортындылағанда баланың өздеріне талдау жасату қажет. Балалардың не себептен немесе қандай мүмкіндікпен жеңіске жеткендіктерінде көздерін жеткізу арқылы балалар ойын ережесін жете түсінетін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Қалиұлы. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы / Алматы «Білім», 2003. - 151 бет.
2. С.Қалиев, Қ.Аюбай «Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы» Алматы.
3. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Алматы, 2007. 9 том. - 32 бет.

УДК 379.832

Жолманова Назерке Жанайдарқызы

Алимбеков Дамирбек Аскарбекович

Магистр, аға оқытушы

Халықаралық туризм және қонақжайлылық университеті,

Түркістан қаласы, Қазақстан

БАЛАЛАР-ЖАСӨСІРІМДІК ТУРИЗМДІ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. Мақалада еліміздің алдына қойған маңызды міндеттерінің бірі жастайынан балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту, білім алушыларды туристік-өлкетану жұмыстарына кеңінен тарту арқылы массалық дене тәрбиесіне тәрбилеу туралы айталған. Түрлі туристік жорықтарға қатысу салауатты өмір салтын қалыптастыру, денсаулықты нығайту, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік-танымдық, эмоционалды-еріктік тұлғасын дамытыны туралы жан-жақты қарастырылған.

Түйін сөздер: балалар-жасөспірімдер туризмі, сауықтыру лагері, салауатты өмір салты, ішкі туризм.

**Жолманова Назерке Жанайдарқызы
Алимбеков Дамирбек Аскарбекович**

РОЛЬ РАЗВИТИЯ ДЕТСКО-ЮНОШЕСКОГО ТУРИЗМА

Аннотация. В статье рассказывается об одной из важнейших задач, поставленных перед страной, развитие детско-юношеского туризма, воспитание массового физического воспитания через широкое вовлечение обучающихся в туристско-краеведческую работу. Участие в различных туристских походах предполагает формирование здорового образа жизни, укрепление здоровья, а также развитие интеллектуально-познавательной, эмоционально-волевой личности детей и подростков.

Ключевые слова: детско-юношеский туризм, оздоровительный лагерь, здоровый образ жизни, внутренний туризм.

**Zholmanova Nazerke Zhanaydargyzy
Alimbekov Damirbek Askarbekovich**

ROLE OF CHILD AND YOUTH TOURISM DEVELOPMENT

Annotation. The article describes one of the most important tasks set for the country, the development of youth tourism, the education of mass physical education through the wide involvement of students in tourism and local history work. Participation in various tourist trips involves the formation of a healthy lifestyle, health promotion, as well as the development of the intellectual and cognitive, emotional and strong-willed personality of children and adolescents.

Keywords: youth tourism, health camp, healthy lifestyle, domestic tourism.

Балалар-жасөспірімдер туризмі Қазақстан Республикасында өскелең ұрпақты тәрбиелеудің, денсаулықты жақсарту мен сауықтырудың маңызды құралы болып табылады. Қазақстанның қоғамдық өміріндегі болған өзгерістер балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру ұйымдарының, балалар-сауықтыру лагерлерінің жабылуы, балалар мен туристік-өлкетану қызметімен айналысатын жасөспірімдердің санының азаюына алып келді. Туристік іс-шаралар өткізуге қажетті білікті педагогикалық, туристік-спорттық мамандардың жетіспеушілігі де маңызды мәселелердің бірі.

Қазіргі уақытта ұлттық экономиканың даму тұрақтылығы көбінесе нарық субъектілерінің өсіп келе жатқан бәсекелестігіне тікелей байланысты. Саяси және экономикалық себептерден пайда болған әлемдік экономикадағы жаһандық өзгерістер, сондай-ақ ғылыми - техникалық прогресс өңірлік құрылымның әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа тәсілдер іздеуді қажет етіп отыр.

Балалар мен жасөспірімдер туризмі қызығушылық тудырады, сәйкесінше өңірдің бәсекеге қабілеттілігі оның аумағында өзара байланысты салалардың балалар мен жасөспірімдер кластерінің болуына байланысты. Біріккен өндірістік және экономикалық құрылымдарды құру және дамыту идеялары оңай емес. Бұл кластерлік типтегі өндірістік-шаруашылық құрылымдарға да қатысты.

Балалар мен жасөспірімдер туризмі саласында жұмыс істейтін кластерлік типтегі құрылымдарды қалыптастыруға және дамытуға бағытталған әдіснамалық мәселелер туралы да айтуға болады. Балалар мен жасөспірімдер туризмі ұғымын түсіндірудің анықтамалары мен тәсілдерін талдай отырып, көп жағдайда басты назар экономикалық компонентке аударылады деген қорытынды жасауға болады. Сонымен бірге балалар мен жасөспірімдер туризмінің анықтамаларын тұжырымдай отырып, әлеуметтік, мәдени және адамгершілік-тәрбиелік компонент жиі назардан тыс қалады.

Шетелдік дереккөздерде балалар мен жастар туризмін құру мен жұмыс істеудегі мемлекеттің рөліне қатысты шектеулі көзқарасты кездестіруге болады. Атап айтқанда, көптеген авторлар мемлекет нормативтік-құқықтық қамтамасыз етудің негіздерін жасайды және балалар мен жасөспірімдер кластерлерінің қызметін реттейді деп мәлімдейді.

Алайда, қазіргі кездегі экономикалық тұрақсыздық жағдайында, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдер туризмі индустриясындағы дағдарыстық құбылыстарды ескере отырып, мұндай тәсіл дұрыс емес. Балалар мен жасөспірімдер туризмінде кластерлік құрылымдар қызметінің нәтижелілігіне қол жеткізу үшін инновациялық технологияларды енгізу процестерінің әсеріне және кластерлік құрылымдар құрылымының дамуына көбірек көңіл бөлу керек. Бұл ретте ғылыми-техникалық дамудың заманауи мүмкіндіктерін ескеру қажет.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының бірінші президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты бағдарламалық мақаласын келтіруге болады, ол кез келген мемлекет негізделетін күшті ұлттың қоғамдық санасын жаңғыртудың үшінші бөлігіне бағытталған.

Президент балалар мен жасөспірімдер туризмінің негізгі мақсаты болып табылатын рухани сана-сезім призмасы арқылы барлық қазақстандықтардың ел болашағы үшін жауапкершілігін арттыруды ұсынады [1].

Лагерьлерде балалар демалысының қазақстандық дәстүрлерінің ұзақ тарихы бар. Қазақстандағы балалардың көптеген ұрпақтары лагерьлерде өздерінің балалық шақтарын өткізді және осы уақытты қуана еске алады. Сондықтан мұндай демалысқа сұраныс үнемі нарықта болады. Алайда, 90-шы жылдары кеңестік балалар сауықтыру лагерлерінің жүйесі іс жүзінде жойылды, ал нарық талаптарына жауап беретін жаңа педагогика мен ата-ананың басын біріктіретін ұйым болмады. Тек Кавказдағы "Бүркіт" және Қырымдағы "Артек" балалар сауықтыру лагерлері ретінде өмір сүруді жалғастырды, бірақ олардағы демалыс туралы пікірлер бұрынғыдан түбегейлі ерекшеленді.

Балалардың көпшілігі шетелге демалуға кетті. Қаржылық дағдарыс нәтижесінде көптеген ата-аналарға шетелде балалар демалысы қол жетімді болмады, бұл Қазақстан мен ТМД-да балалар туризмін дамытуды талап етті. Бұрынғы пионер лагерлерінің ішінде ескірген күйге келген немесе ересектерге арналған демалыс орындарына қайта бейімделген, қолайлы нәрсені табу өте қиын болды.

Дегенмен, дефолттан кейінгі алғашқы жылдары "Балдәурен" және "Маралсай", "Discovery Бурабай" сияқты белгілі лагерлер пайда болады. Көп жағдайда балалар шетелге әртүрлі балалар лагеріне барады. Шетелдегі халықаралық балалар мен жасөспірімдер лагерлері, олар әлемнің түкпір-түкпірінен келген балаларға толы.

Осындай балалар лагерлерін әлемнің көптеген елдерінде кездестіруге болады, бірақ біздің туристік нарықта олар нашар ұсынылған, негізінен мұндай

лагерлермен Кипр, Хорватия, Греция, Мальта, Италия, Германия сияқты елдер мақтана алады, соңғы жылдары Польшада ұсынастарын арттырып жатыр. Мұндай балалар демалыс орталықтары бастапқыда әртүрлі мемлекеттерден келген жасөспірімдердің көп болуын болжауы мүмкін, бірақ көбінесе жасөспірімдер өздерінің кеңесшілерімен бірге топтарға шығады.

Лагерлердің көпшілігі шет тілдерін үйренуге, виндсерфингке, яғни дайын бағдарламасы бар орталықтарға баса назар аударады, және бізде туристік нарықта, әдетте, әр мемлекетте бір нұсқа көрсетілген. Қазақстанда балалар мен жасөспірімдер лагерлері үлкен дамуға ие болды, онда қазақстандық балалардан басқа Украина, Белоруссия және лагерь орналасқан елдердің балалары да болуы мүмкін.

Жас саяхатшылардың мотивациялық факторларын ескеретін болсақ, жастардың саяхаттауына олардың байсалдылық танытуынан қарағанда, саяхатқа бейімділігі едәуір әсер ететіндігін атап өткен жөн. Жастар туризмінің негізгі мотивтері - білім алу, басқа адамдармен кездесу, мансаптық өсудің құндылығын арттыру, басқа мәдениеттер туралы білім алу, өзін-өзі дамытуды арттыру және саяхатшылар, бұл жас саяхатшылар тұлғасының бір бөлігі ретінде қарастырылады. Алғашында жастар туризмі тек балаларды тәрбиелеу мақсатында құрылған болатын, кейінірек жорық мақсатында, яғни жорықтағы қауіпсіздік шараларды үйрету мақсатында ашылған.

Жасөспірім туризмінің негізі Германияда қаланған, өйткені онда жас туризмнің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылған алғашқы жатақханалар пайда болды. Бүгінде Германияда жас саяхатшылар үшін құны тиімді турларда жүретін туристер саны көп, бұл жастар туризмінің табысты дамуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Германиядағы жастар туризмінің өзіндік нормативтік-құқықтық базасы бар. Ал Ресей жастар туризмінің дамуы әлеуеті айтарлықтай үлкен, оның маңызы, әсіресе 2014 жылғы Сочи Олимпиадасынан кейін айқын болды. Қрымның Ресейге қосылуы туризмнің дамуына белгілі бір әсерін тигізді. Жастар көрікті жерлерге, Ресейдің теңіз жағалауындағы демалысқа қызығушылық таныта бастады. Қырым, Қазан және Анапа, Санкт-Петербургтегі турлар қазіргі жастар арасында өте танымал. Бүгінде бұл бағытта туристік ұсыныстар өте көп.

Жастар туризмінің тарихы 20 ғасырдан басталады. 1918-1928 жылдардағы туристік-өлкетану жұмысы мектептен тыс жұмыстарға бағытталды және 6-10 күндік экскурсия түрінде өткізілді. [1] Қазіргі кезде де, мектептерде экскурсиялар өткізіледі, себебі тек айтып, оқығаннан көзбен көріп, эмоциялар арқылы қабылдау есте ұзаққа сақталатыны бәрімізге белгілі және бұл адамның ойлау қабілетін дамытады. Біздің елде мұндай бағдарламалар бар, мысалы Нұр-Сұлтан қаласында "Turan-Asia" travel company оқушыларға арналған үш күндік экскурсия өткізеді. Ең бірінші күні оқушыларды орналастырады, тамақпен қамыту жұмыстарын жасап, қала орталығында үш сағаттық экскурсия өткізеді. Онда Бейбітшілік сарайына, «Астана-Опера», Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы - Ақ Орда мен «Хазірет Сұлтан» мешітін тамашалай алады. Екінші күні спорт әлеміне саяхат жасайды. Яғни, «Алау» мұз сарайы, «Сарыарқа» республикалық велотрегі, «АстанаАрена» стадионын, Қазақстандағы ең ірі «Хан-Шатыр» ойын-сауық сауда орталығына барады. Ал үшінші күні Мұхиттан үш мың шақырымнан астам қашықтықта орналасқан әлемдегі жалғыз океанариумға бару, 5D кинотеатры мен зоопарктеріне барады және көбелектер галереясын тамашалауға мүмкіндік алады. Экскурсия барысында Қазақстан Республикасының Ұлттық музейіне бару мүмкіндігі қарастырылған. Музейде жаңа технологиялар қолданылады, мәселен динамикалық макеттер, үлкен экрандар мен мультимедиялық нұсқаулықтармен жабдықталған. Бұл экскурсия 10 адамды қамтиды, жалпы құны 55000 т құрайды. Жасөспірім туризмінің

негізгі проблемалары ол туристік қызметтер мен тұрақты орнының жоғары құны, яғни отельдер, жастарға көрсетілетін туристік қызметтің сапасы төмен деңгейлігі, көлік транспортында айырмашылықтар, жастардың туристік демалыс орындарының едәуір бөлігі апатты жағдайда және бос тұруы, «Болашаққа бағдар: Рухани жанғыру» жобасында дамыған 50 елдің қатарына қосылу жобасы бойынша жастарды тәрбиелеу және білімін арттыру мақсатқа қойылған. Н.Ә. Назарбаев Халыққа Жолдауында: «Ел ертеңі – болашақ жастардың қолында», - дейді шынында да жасөспірімдердің ойлау және қабылдау қабілеті жоғары деңгейде. Қазақстанда жастарға арналған түрлі жобалар бар. [2]

Ел ордамызда туристік өлкетану қызметі бойынша «Жас туристер станциясы» жұмыс атқарады. Ол туристік өлкетану іс-әрекеті барысында жеке тұлғаны тәрбиелеуге қоршаған ортаны, тарихи және мәдени ескерткіштерді білуге, қарым-қатынас жасау арқылы мектеп оқушыларын салауатты өмір салтын қалыптастыруға, ерік пен руханилыққа тәрбиелейді.

Бүгінгі күні станцияда 640-тан астам орыс және қазақстандық студенттер бар. Олар «Жас велосипедшілер», «Жас туризм нұсқаушылары», «Жас гидтер», «Жас өлкетанушылар», «Өлкетану географтары», «Шағын туризм», «Изотуризм» түрлеріне бағытталған. Туризмді мемлекеттік басқару белгілі бір әдістер мен формаларды қолданады.

Қазақ КСР Туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігі «КСР Туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігін құру туралы» Қазақ КСР Президентінің 1991 жылғы 31 тамыздағы № 417 Қазақ КСР Жарлығына сәйкес құрылды. [3] 2012-2016 жылғы Қазақстанда мемлекеттік туризмді дамыту бағдарламасында жасөспірімдер туризмінің тұлға аралық тәрбие негізінде, салауатты өмір салтын ұстануда, мәдениет, тарих және спорт түрі ретінде ерекшеленетіндігін айтады.

2019 жылдың жазында «Almaty Nomad» туристік клубы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы қорының гранттық қолдауымен Қазақстанда жастар туризмін дамыту бойынша жобаны жүзеге асырды. Жоба 2019 әлеуметтік идеялар мен жобалар жәрмеңкесінің жеңімпазы болып табылады. Оның басты мақсаты - қызығушылық танытқан жастарды елдің табиғи, тарихи және мәдени көрнекті жерлерімен таныстыру. Жаз бойы жобағу қатысушы туристтер ежелгі Тараз, Сауран, Отырар қалаларын, Айша бибі, Қарахан, Арыстан баба, Х.А.М.Әуезованың кесенелерін аралады. Сапар барысында жобаға қатысушылар пикниктер ұйымдастырып, кемпингтер жасады. Жастар саяхаттардан алған әсерлерін өлеңдерінде, блогтарында, мақалаларында және ғылыми жобаларында көрсетті. Бұл жоба жастардың көпшілігін өзіне қарата алды және ішкі туризмнің дамуына әсерін тигізді, болашақта мұндай жобалар жиі ұйымдастырылып, түрленуі маңызды. Себебі жастарды әр күн сайын жаңа ақпараттар мен жаңа жобаларды ұсыну арқылы тек жасөспірім туризмін ғана емес Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы алға бастар тағы бір қадам болар еді. Жасөспірімдер туризмі модернизацияланады, материалдық-техникалық қамтамасыз етіледі, шет елдерге демалу мақсатында базалар ашу және мектептерде ел ішінде жорықтар жасау мен Қазақстанның көрікті жерлеріне сапарға шығу міндеттеледі. Туризмді дамыту мақсатында ең алдымен ішкі туризмді дамыту керек. Ол үшін гид, экскуртсавод, туроператор т.б мамандарының санын артыру керек. Осы себепті жасөспірімдер туризмінің дамуы туризм саласында және экономика мен мемлекет үшін маңызды. Тек бұл үшін жасөспірімдерге дұрыс

бағыт-бағдар берілуі тиіс, туризм мамандығына жастардың қызығушылығын артырып, мүмкіншіліктерін арттыру керек. Жастар туризмі аймақтың өндіргіш күштерінің ең динамикалық және белсенді элементін дамытады, сондықтан тұтасымен тағайындалған жердің ресурстық әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Пайдаланған әдебиеттер:

1. История возникновения и развития молодёжного туризма. Студенческая библиотека онлайн (inf{at}studbooks.net) © 2013 – 2021
https://studbooks.net/713032/turizm/istoriya_vozniknoveniya_razvitiya_molodyozhno_ogo_turizma
2. Ел болашағы – жастардың қолында, Р.Н.Тажиева «Информатика» кафедрасының аға оқытушысы, М.Х.Дулати атындағы ТарМУ <https://bilim-all.kz/article/5084-El-bolashagy---zhastardyn-qolynda>
3. Развитие управлением туризмом в РК: историко-теоретический анализ. 2009 жыл <https://articlekz.com/article/6832>
4. Молодежный туризм: понимание мотивов молодежи. <https://swsu.ru/sbornik-statey/youth-tourism-understanding-motives-of-youth.php>
5. МОЛОДЁЖНЫЙ ТУРИЗМ В ДЕЙСТВИИ. В АЛМАТЫ СОСТОЯЛАСЬ ПРЕЗЕНТАЦИЯ ПРОЕКТА-ПОБЕДИТЕЛЯ ЯРМАРКИ СОЦИАЛЬНЫХ ИДЕЙ. 23.10.2019 · 09:52 <https://fnn.kz/ru/news/129>
6. Нур-Султан для школьников, 3 дня. 2013 "Turan-Asia" travel company. <http://turanasia.kz/shkolnyj-voyazh-v-nur-sultan/>
7. Copyright © 2010-2021 Travelluxtour.info . Молодёжный туризм 2011-04-29 11:39:30 <https://travelluxtour.info/vidy-turizma/molodjozhnyj-turizm/>
8. ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ДЕТСКОГО ТУРИЗМА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН . В. П. Фомин УДК 796.5:1379.83:374.1
[file:///C:/Users/User/Downloads/problemy-i-perspektivy-razvitiya-detskogo-turizma-v-respublike-kazahstan%20\(1\).pdf](file:///C:/Users/User/Downloads/problemy-i-perspektivy-razvitiya-detskogo-turizma-v-respublike-kazahstan%20(1).pdf)
9. РАЗВИТИЕ ДЕТСКО-ЮНОШЕСКОГО ТУРИЗМА. Кузьменко М. – 2013. – Т. II, ч.2. – С.224-226 http://kazatu.edu.kz/assets/i/science/sf9_men_225.pdf

ОӘЖ 911

Тулегенов Ердаулет Асқарбекұлы,

PhD, аға оқытушы, География кафедрасының меңгерушісі,
Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

Нүргелды Дана Нүргелдықызы

«7М01506-география» мамандығының 2 курс магистранты,
Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ – ТАРИХЫМЫЗДЫҢ АЙНАСЫ

Аңдатпа. Мақалада ономастика, топонимка салаларындағы мәселелер қарастырылған. Дәлірек айтқанда, топонимика – географиялық жер-су атауларының шығу тарихы мен қалыптасу ерекшеліктерін зерттейтін географияның бір саласы. Алматы мыңжылдық тарихы бар ескі қала, сол жылдардан бері сақталып келген жер-су, елді мекен атаулары Алматы облысының құрамына енген тарихы мен сыры тұнған атаулар күйінде

сақталып келеді. Қазіргі таңда, Алматы облысында елді мекендер, өзен-көлдер, тау-жоталар көптеп кездеседі. Сол себепті де облыстағы топонимикалық атаулардың қалыптасу жолдары да әр түрлі. Осыған орай, облыс жер-су атауларына географиялық зерттеулер жүргізілді, олардың жасалу жолдарына, сөздерінің морфологиялық және синтаксистік талдаулар мен сипаттамалар беріліп, мысалдармен толықтырылған. Жасалған жұмыстар нәтижесінде Алматы облысының елді мекен атауларына сипаттама берілді, қорытынды жасалды.

Тірек сөздер. Топонимика, Жетісу жері, елді мекен, тарихи деректер, мәдени мұра.

**Тулегенов Ердаулет Асқарбекұлы,
Нүргелды Дана Нүргелдықызы**

НАЗВАНИЯ ЗЕМЕЛЬ И ВОД АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ – КАК ЗЕРКАЛО НАШЕЙ ИСТОРИИ

***Аннотация.** В статье рассмотрены вопросы в области ономастики и топонимики. Точнее, топонимика - это раздел географии, изучающий происхождение и особенности формирования географических названий земли и воды. Алматы-Старый город с тысячелетней историей, с тех пор сохранились названия земель-су, населенных пунктов, вошедших в состав Алматинской области. В настоящее время в Алматинской области много населенных пунктов, рек, озер, горных хребтов. Поэтому пути формирования топонимических названий в области также различны. В связи с этим были проведены географические исследования названий земель и вод области, даны морфологические и синтаксические разборы и описания их слов, дополнены примерами. В результате проведенной работы дана характеристика наименований населенных пунктов Алматинской области, подведены итоги.*

***Ключевые слова:** Топонимика, Семиречье, населенный пункт, исторические источники, культурное наследие.*

**Tulegenov Yerdaulet Askarbekuly,
Nurgeldy Dana Nurgeldykyzy**

THE NAMES OF THE LANDS AND WATERS OF THE ALMATY REGION- AS A MIRROR OF OUR HISTORY

***Annotation.** The article deals with issues in the field of onomastics and toponymy. More precisely, toponymy is a branch of geography that studies the origin and features of the formation of geographical names of land and water. Almaty is an old city with a thousand-year history, since then the names of the lands-su, settlements that became part of the Almaty region have been preserved. Currently, there are many settlements, rivers, lakes, and mountain ranges in the Almaty region. Therefore, the ways of forming toponymic names in the region are also different. In this regard, geographical studies of the names of the lands and waters of the region were conducted, morphological and syntactic analyses and descriptions of their words were given, and examples were supplemented. As a result of the work carried out, the characteristics of the names of localities of the Almaty region are given, the results are summed up.*

***Keywords:** Toponymy, Semirechye, locality, historical sources, cultural heritage.*

Жер бетінде атаусыз нәрсе жоқ шығар, әр нәрсенің атауы бар, тау мен тастың, қысқа болса да бұлақтың, жотаның да өзіндік жалқы есімдері бар. Себебі, әрбір зат болмаса тіршіліктегі кез келген құбылыстың алдымен аты ауызға оралады, содан соң ғана сол атаудың өзі жайында ойлайтынымыз рас. Сол үшін ат пен зат үйлесімділігі ешқашан маңыздылығын жоғалтпайды. Ұлан байтан жеріміздегі сай мен тау, көл мен өзен атауларының өзіндік сыры мен тарихи сипаты олардың барлығына ата-баба мұрасы ретінде қарауға негіз болады. Оған мысал Сәкен Сейфуллиннің шығармасындағы «Дүниеде әрбір бөлек жердің аты. Себеппен қойған бәрі елдің аты», Мұқтар Әуезовтың «Біздің қазақ жер аты, тау атын аманда сол ортаның сыр-сипатына қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да, жер, су, жапан дүзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатыр» деген шығармалардағы сөздері дәлел бола алады [1].

Осындай атаулардың шығу тарихын, мәні мен мағынасын зерттеумен айналысатын сала топонимика деп аталады. Топонимика, грек сөзі, топос-орын, жер; онома — атау, есім дегенді білдіреді. Топонимика ономастиканың бір саласы болып табылады. Топонимика, топоним деген терминдердің соңғы кездері қолданылуында айырмашылық бар. Мәселен, қазір топонимика тіл, география ғылымында географиялық жалқы атауларды зерттейтін ерекше бір ғылым саласы ретінде қолданылып, ал географиялық жалқы атаулар (жер, су аттары) топонимдер деп аталып жүр. Топонимика — біріншіден, белгілі бір территориядағы географиялық атаулардың жиынтығы, екіншіден, тіл білімінің лексика саласындағы географиялық жалқы атауларды зерттейтін үлкен бір бөлімі [2].

Топонимдерді зерттеудің ғылыми маңызы жоғары. Жер, су, теңіз, өзен, көл, таулардың жалқы атаулары сол жерден ертеде өмір сүрген халықтың тілінен алынған. Бұл атаулар әлгі халықтар сол жерден басқа жаққа кетіп, орнына басқа халық келсе де, алғашқы қалпында сақталып, ғасырлар бойы өмір сүреді. Топонимика сол жердің тарихи сырын ашуға көмектесумен бірге, олардың саяси және этнографиялық шекараларын анықтаға да көмектеседі. Осы орайда Алматы облысының бірнеше елді-мекендеріне сипаттама беріп кетейік.

Халықаралық география терминологиясында Жетісу деп аталып жүрген кең байтақ мекен – Алматы облысының елді мекендері тарихта және мәдени мұрамызда құнды мұра болып сақталып келеді. Себебі бұл жердің тарихына үңіліп қарайтын болсақ, ежелден бері көптеген ұлт өкілдері мекендегенін, сонымен қатар тарихтың нағыз айнасы болған оқиғалардың болғаны, соған қарамастан ескі атаулардың әлі күнге дейін сақталып келгендігі дәлел бола алады [3].

Осы уақытқа дейін Жетісу жерінің атауына, ондағы көптеген елді мекендерге тарихи, ономастикалық, лингвистикалық талдаулар жүргізілген. Жетісу жерін көбіне тарихи дәуірлерге байланысты бірнеше түрлерге бөлген. Мысал бойынша көрсететін болсақ, алғашқы атауларға Талас, Іле, Хантәңірі, Лабас, Қарқара, Бүйен жерлері тиісті. Одан кейінгі, ерте орта дәуіріне Асы, Сұяб, Қойлық, Талхис, Бақанас, Сарқан атаулары жатқызылады. Қазіргі Талғар қаласы Талхис атауынан бастау алған.

Келесі кезең атаулары тікелей Қазақ хандығының бой көтеруімен дәлме-дәл байланысты болды. Осы арада жеріміз көптеген жаңа атаулармен, жаңа елді-мекендердің бой көтеруіне байланысты халық арасында көптеген жартастарға, өзендерге, тауларға, төбелерге, сайларға, жоталарға тағы басқа

жерлерге жалқы атаулар беріліп, халық арасында таралып отырды. Соның нәтижесінде бұл тарихи атаулар еліміздің ауыз толтырып айтар үлкен мұрамызға айналды, мәдени тұрғыда бүгінгі күнге дейін сақталып отыр.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бастап, Елбасымыздың жарлығымен көптеген атаулар өзгеріп, жаңа атаулар туындауға себеп болды. Одан басқа көптеген аудандар өзгеріп, біріккендері бар, селолар, аудандар, әкімшілік бөлімдер де өзгеріске ұшырады. Мысалы айта кетсек, Интернационал селосы – Әйтей болып, Восход селосы – Долан деп өзгерді. Авангард селосы – Райымбек ауылына ауысты, Куйбушев селосы – Қарасай, Кировск селосы – Балпықби деп өзгерді. Одан бөлек аудандар бойынша, Ескі Киров ауданы – Көксу болып, Нарынқол, Кеген ауданы – Райымбек ауданына, Қаскелен ауданы – Қарасай ауданы деп жаңа атауларға ие болды [4].

Алматы облысының жер су атауларын бірнеше топтарға бөліп қарастыруға болады. Ең негізгілері: оронимдер, гидронимдер, ойконимдер, антропотопонимдер, этнотопонимдер, зоотопонимдер және фитотопонимдер. Оронимдер деп отырғанымыз – тауларға байланысты қойылған атаулар, оларға Сарыбастау, Хантәңірі, Сүмбе, Қарқара, Майтөбе, Асы, Жаманты, Жоңғар қақпасы, Талдыбұлақ, Сайқан, Қайшы, Текелі, Талғар, Бақай, Лабасы тағы басқалар. Гидронимдерге өзен-көл атаулары, су атаулары кіреді. Сулы жер – нулы жер демекші Жетісу жерінің атауы айтып тұрғандай, ірілі-ұсақты өзендер мен көлдерге бай. Соған қатысты өзен-сулардың, көк қайнарлардың, бастау-бұлақтардың атаулары көптеп кездеседі. Гидронимдерге Балқаш, Алакөл, Үлкен Алматы көлі, Қапшағай, Ақкөл, Алғазы Сасықкөл, Шарын, Бартоғай, Іле, Қаратал, Шелек, Талғар, Түрген, Жаманты атаулары жатады. Келесі топтағы атауларды елді мекен атаулары немесе ойконимдер деп атаймыз. Елді мекен атаулары құрылымы бойынша өз тобында топшаларға бөленеді, олар: астионимдер – қала аттары, комоним – ауыл, село атаулары және урбаноним – қала ішіндегі елді мекендер. Облыс бойынша 3 ірі қала (Қапшағай, Талдықорған, Текелі), аудандық бағынысқа 7 қала (Есік, Жаркент, Қаскелен, Сарканд, Талғар, Үшарал, Үштөбе), бұған қоса 13 кент, 800-ден асатындай комонимдер кіреді.

Кесте – 1. Топонимикалық атаулардың түрлері.

р.с	Тобы	Түсінігі	Кіретін қалалар
1	Оронимдер	Тау атауларына байланысты қойылған	Хантәңірі, Сартау, Елшенбүйрек, Лабасы, Көмірші, Қошқар, Сүмбе, Қарқара, Шөладыр, Басқарқара, Құлық, Таушелек, Торайғыр, Бұғыты, Сөгеті, Асы, Бақай
2	Гидронимдер	Өзен-көл, бұлақ атауларына байланысты қойылған	Балқаш, Алакөл, Үлкен Алматы көлі, Қапшағай, Ақкөл, Шарын, Бартоғай, Іле, Қаратал, Шелек
3	Ойконимдер	Елді-мекен атауларына байланысты қойылған	Есік, Жаркент, Қаскелен, Сарканд, Талғар, Үшарал, Үштөбе, Сарыөзек, Балқаш, Алматы, Текелі, Қапшағай, Шеңгелді, Қаскелен,

			Талдықорған, Бақанас
4	Анротопонимдер	Кісі аттарына байланысты қойылған	Балпық би, Амангелді, Райымбек, Абай, Қабанбай, Өтеген батыр, Айдар, Әйтей, Елтай, Ескелді би, Қарасай батыр, Сұраншы батыр
5	Этнотопонимдер	Ру, тайпа, халық аттарына қойылған атаулар	Айқым – ауыл, Балғалы – ауыл, Матай – тау, Наймансүйек – ауыл, Төлеңгіт – ауыл, Үйсінасу – төбе, асу
6	Зоотопонимдер	Үй хайуандарына және жан-жануар аттарына байланысты қойылған	Арқарлы, Бақалы, Құланбасы, Құлантөбе, Қошқар, Қошқаркөл, Қоянды, Қоянкөз, Қоянкүс, Жыланды, Бұғыты, Айғыржал, Алаайғыр, Бозінген, Ақешкі
7	Фитотопонимдер	Өсімдік атауларына байланысты қойылған топонимдер	Алмалы, Алмалыбақ, Алмаарасан, Талдыбұлақ, Талдықорған, Алмалық, Аққайың, Қайыңды, Жиделі, Қызылжиде, Аршалыбеткей, Қаражиде, Ашалы, Көктерек, Ақтерек,

Топонимдердің жасалу жолдары ерекше. Олардың құрылымдық жасалу жолдары да әртүрлі. Бұндай топонимдердің жасалу жолдарын тек географиялық тұрғыда ғана емес, қазақ тілі білімінің ғалымдары да өз зерттеулерін жүргізген. Олардың көп көңіл бөліп зерттегендері – топонимдердің синтаксистік құрылымы мен сөздердің орны және олардың жасалу жолдары. Әр өлкенің топонимикалық атауларының жасалу жүйесі алуан түрлі, құрылымы жеңілден күрделі түрлеріне дейін әр тұлғалы. Мысалы, жеңіл атауларға түбір сөздер жатады, яғни қосымшасыз, оларға Быжы, Асы, Таз, Саз деген атауларды айтамыз. Келесі топқа туынды сөздерден құралған атауларды жатқызамыз. Олар: Алмалы, Қойлық, Құйған, Түлкілі, Достық, Шеңгелді деген топонимдер енеді. Үшінші топқа екі немесе үш сөзден құралған атаулар кіреді. Дәлдеп айтсақ, Айнабұлақ, Гүлдала, Ақсай, Жанарна, Сарыөзек, Сарытауқұм, Тасқарасу және тағы басқалар. Осыған байланысты, Алматы облысының бірнеше елді мекен атауларының шығу тарихына, жасалу жолдарына көз жүгіртіп шығайық.

Алматы облысындағы үлкен қалалардың бірі *Қапшағай* (Капчагай) – бұл атау түркі-моңғол тілдеріне бірдей сөздерден жасалған. Сондықтан мағыналары ұқсас, бір-біріне сәйкес болып келеді. Мәселен, қырғыз тілінде «қыпчал»- жартасты сай, саха тілінде «хапчагай»-қысу, жіңішкеру; «хапчаан»-тар, сай; моңғолша «хабқал»-терең сай; қалмақша «хавчыға»-тар қыспақ деген мағына береді. Қалмақ тіліндегі Хавчыға деген атау Қытай Халық Республикасының Іле, Алматы облысындағы Текес өзені күншығысқа қарай ағып барып, биік екі таудың ортасын кесіп, терең шатқал арқылы Күнес жазығына шыққанға дейін он шақырымдай таудың терең қыспақ шатқалынан өтеді. Сол жерді қалмақтар Хапчаға деп атайды. Қалмақ тілінде қ әрпі жоқтың қасы, олар оның орнына х әрпін қолданады. Сол х әрпін біз қ әрпіне ауыстырып, сөз соңына й әрпін жапсырып айтамыз. Демек, бұл атаудың Алматы облысында

кездесетінін, тұлғасы мен мағынасы жағынан ұқсас екендігін байқаймыз. Сонымен, Қапшағай топонимінің мағынасы - «екі жағы биік жартастың ортасынан өзеннің ағып өтетін жіңішке, қыспақ жолы».

Кербұлақ- с., атаудың бірінші буынындағы «кер» сөзі түркі-моңғол тілдерінде «кір» тұлғасының (балшық, лай сөзі) мәнін береді деген пікірлері жоқ емес. Біздің байқауымызша, кер сөзі түркі тілдерінің кейбірінде «тау», «қыр», «биік» мәнінде қолданылып, басындағы қар,қыр сөздерінің орфоэпиялық өзгеріске түскен түрі болса керек. Оны қырғыз тілінде сақталған «керүү» -тау шыңы немесе биік тау етегі деген географиялық терминнен анық көреміз. Бұл сөзбен түбірлес манси, коми тілдеріндегі «керас» -«жартас», «өзеннің тік жағасы» сөзінің бары мәлім. Бұл дәлелдерге қарағанда, Кербұлақ топонимі «таудан, биік қырдан құлай аққан бұлақ» деген мағынаға жақын сияқты [4].

Боралдай – Бурундай деп орыс тілінен бұрмаланып, кейінгі кездері қайта қалпына келтірілген атаулардың бірі. Бұл елді мекен көбінде қалмақтың батырына байланысты берілген атау деп болжамдайды. Тарихтағы бұрынғы аты Көкдөң екені айтылған, Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлының мұрасы болып келген әдебиеттерде «Қалмақтар Боралдай батырын жекпе-жекке шығарды. Оны Өгіз қалмақ деп деп айтатын. Мен өзімнің ұлым Қасқарымды жұмсадым. Ол майдан ортасында Өгіз қалмақтан әлде қайда кіші көрінеді. Қасқары қалмақ денесінен сүңгісін шығара алмай тұрған сәл күтіп тұрды, Осыдан кейін қалмақтың Боралдай жері аталған Көкдөңнің үстінде үш жарым мың өлігі қалды» делінген. Ал негізінде, қалмақ тілінде Боралда сөзі «сусыз боз жота, қырқа» деген мағынада, ал сөз соңындағы й әрпі қазақшаланып, айтылу ыңғайына қарай жалғанған қосымша делінген. Яғни, бұл атаудың топонимикалық мағынасы: «көлбей созылған боз жота», оған дәлел бұл жердің бет-бедері бола алады.

Есік – 1960 жылдардың аяғы жағынан қала, халық бұл жерді киелі, қасиетті санаған. Есік көлінің суы асып жатқан гранит блок қаттары тас есіктің бейнесін береді. Сол себепті, оның атауы Есікті, яғни, есігі бар деп берілген. Оның қасиетті болып саналуына көлдің тұнық, қою көк болуы, қыста қатпайтындығы негіз болған. Есік атауы, көне түркі тіліндегі «ыстық», «ыссы» сөзінің дыбыстық тұлғасы өзгеріп жеткен нұсқасы деп алуымызға боатындай. Бұл сөз туыстас түркі тілдерінің көбіне «қасиетті, киелі» деген мағынаға иеленіп, әртүрлі тұлғада қолданылады.

Жетіген – Алматы облысындағы село. Көпшілік бұл атауды Жетген жұлдызымен байланыстаруда. Алайда оны Жетісу атауымен байланыстырған жөн, оның алғашқы буынының мағынасы түсінікті, ал екінші буынындағы ген жалғауының мағынасы белгісіз. Мәліметтерге сүйенсек, көне түркі тіліндегі -ған, -ген – «өзен,су» сөздеріне сәйкес келетіндей. Сондықтан, Жетіген топонимі көп айтылатын Жетісу топонимінің бір нұсқасы болуы да мүмкін. Бұнымен қатар, жергілікті халықтың жетіқарақшы жұлдызын Жетіген атауымен де атағанын назардан тыс қалдырмауымыз керек [5].

Жергілікті жердің жер бедері, өзен-көлдері мен жоталары, климаты, халықтың тұрмыс тіршілігі, ландшафт компоненттері жер-су атауларының қалыптасуының негізі болатыны бәрімізге мәлім. Сол себепті, мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан, Ел тәуелсіздігінің, мәдени мұрамыздың рухани көзі, ел абыройын көтеретін саяси мәні бар мәселе - ономастика мәселесі. Нағыз тәуелсіз ел болған уақытта тіл мәселесіне қалай болса солай қарау ұлтымызға үлкен сын. Сондықтан ғасырлар қойнауынан сынын бұзбай, қуатын кемітпей,

әрі мен нәрін жоғалтпай таза да көркем келбетімен жеткен ұлттық құндылықтарымызды болашақ ұрпаққа жеткізу парызымыз [6].

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Алматы облысының елді мекен атаулары (этимологиялық анықтамалық). Ред.басқарған А.Кендірбекұлы. – Алматы: «Курсив» баспаханасы. 2016, - 184 б.
2. Әбдірахманов, А «Топонимика және этимология». – Алматы: «Ғылым», 1975ж. – 208 б.
3. Әбдірахманов, А «Топонимика Қазақстана: транслитерация и этимология названий». – Алматы, 2012. – 77б.
4. Жанұзақ, Т. «Қазақстан географиялық атаулары. Алматы облысы». Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 56 б.
5. Жанұзақ, Т. «Тарихи жер-су аттарының түптөркіні». – Алматы: "Сөздік-словарь" ЖШС, 2010 . – 79 б.
6. Жанұзақ, Т., Рысбергген. К. «Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы». – Алматы: «Азия» баспасы. 2004. – 7 б.

Садықов Жасулан Амангелдыевич,

Доктор PhD

Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті,
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан

Гиззатжанова Ажар Гиззатжановна

аға оқытушы

Халықаралық туризм және меймандостық университеті
Түркістан қаласы, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭКСКУРСИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕ ИННОВАЦИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа. Мақалада экскурсия қызметі елге туристерді тартудың бір жолы болып табылатындығы, дұрыс ұйымдастырылған қызмет арқылы ел бюджетіне қомақты қаржы түсетіндігі, қазіргі шектеулі шаралар осы қызметтің дамуын баяулатып, инновацияларды пайдалану арқылы жаңа серпін беру уақыт талабы, гид экскурсоводтар қызметін реттеу және экскурсияларды жаңаша ұсыну керектігі туралы айтылады.

Түйін сөздер: Экскурсиялық қызмет, инновация, экскурсиялық маршруттар.

Аннотация. В статье рассказывается о том, что экскурсионная деятельность является одним из способов привлечения туристов в страну, что при правильно организованной деятельности в бюджет страны поступают значительные средства, что существующие ограниченные меры замедляют развитие данной услуги и дают новый импульс за счет использования инноваций, что необходимо регламентировать деятельность гидов-экскурсоводов и предлагать экскурсии по-новому.

Ключевые слова: экскурсионная деятельность, инновации, экскурсионные маршруты.

Annotation. The article describes that excursion activities are one of the ways to attract tourists to the country, that with properly organized activities, the country's budget receives significant funds, that the existing limited measures slow down the development of this service and give a new impetus through the use of innovations, that it is necessary to regulate the activities of tour guides and offer excursions in a new way.

Keywords: excursion activities, innovations, excursion routes.

Экскурсия қызметі өзінің үлкен тарихи даму жолынан өтіп, қазіргі даму деңгейіне жетті, ел қалыптасуының тарихында экскурсиялық қызмет түрлі міндеттерді атқарады. Экскурсиялық қызметінің тарихы отандық мәдениеттің бөлігі, ол бір кезеңде ұлттық ойдың, сананың, қоғамның мәдени белесінің даму деңгейін көрсетеді. Ол халық арасындағы мәдени-ағартушылық жұмыстың бөлімі, ХХ ғасырдың 70- 80-ші жылдары оның дамуы белең алды.

Жыл сайын миллиардтаған адам экскурсияларды таңдады; экскурсоводтардың саны кемі жетпіс мыңға жетті; мыңдаған ұйымдар экскурсия қызметін белсенді жүргізе бастады; әлем бойынша он мыңнан астам экскурсия тақырыптары құрастырылды; экскурсия қызметінің теориясы мен әдістемесінің өзіндік жолы қалыптасты. Кез келген мемлекетте курорттық және ауылдық, аудандық жерлерде, қалалар мен қала маңында экскурсия мен саяхат және экскурсия бюролары құрылды, осы жағдайлар заман талабына сай экскурсия қызметтің дамуын қарастыруды керек етті [1]. Әрине, экскурсиялық қызмет – туризмнің жүрегі десек, ол мәдени, археологиялық, ботаникалық, ғылыми, экологиялық, діни, конгрестік, танымдық және басқа – туризмнің түрлерін ұйымдастыру кезінде міндетті түрде сапар бағдарламаларына кірді. Экскурсия – көрікті жерлерді, тарихи және әдеби ескерткіштерді әдістемелік ойластырылған көрініс, оның негізінде экскурсияға қатысушылар объектілердің алдында талдау жүргізеді, сол сияқты болған оқиғалар туралы дұрыс жеткізе алады [2].

Қазіргі туристік қызметтің дамуында инновациялар үлкен орын алуда, экскурсиялық-танымдық туризм саласындағы инновациялар экскурсиялық қызметтердің жылжуын ынталандырады, кейбір экскурсиялардың басқаларына қарағанда артықшылықтарын анықтайды. Экскурсиялық жұмыстарды инновациялық зерттеу барлық мүмкін нысандарда көрінуі мүмкін және туристік өнімнің бәсекеге қабілеттілігіне өте күшті әсер етеді. В.В.Лиханова, О.А.Лях экскурсиялық қызметтегі инновацияларды «тақырып пен сапа және экскурсиялық даму тұрғысынан жаңа маршруттар» деп көрсетеді [3]. Ю.А.Матюхина, Е.М.Мигунова «классиканың жетілдірілгені де, жаңа экскурсиялар мен қызметтердің енгізілуі де инновациялық болуы мүмкін» деген ой түйіндеуде [4]. Экскурсиялық өнімнің жаңашылдығы оларды әзірлеу мен енгізудің жаңа тәсілдерін, жаңа технологияларды қолданумен анықталады. Біздің ойымызша, инновациялық экскурсиялық өнімді игерілген инновациялар мен технологиялар негізінде қалыптасатын және әлеуетті тұтынушылардың рекреациялық сұранысын қанағаттандыруға бағытталған жаңа экскурсиялық қызметтер кешені деп түсіну керек. В.С.Новиковтың пікірінше, экскурсия саласындағы инновациялар бес түрге бөлінеді: экскурсиялық инновациялар; экскурсияларды әзірлеу және өткізу технологиясындағы инновациялар;

экскурсиялардағы техникалық жаңалықтар; менеджмент пен маркетингтегі инновациялар; жеке инновациялар (стиль, гидтің сыртқы түрі және т.б.) [5].

Экскурсиялық мекемелер мен мұражайлардың сайттарындағы виртуалды экскурсиялар да экскурсияларды өткізудің жаңа технологиясы болып табылады. М.В.Вершининаның зерттеулері бойынша орта есеппен мұражай заттарының шамамен 70% -ы қоймаларда сақталады, ал мұражайлардың 1/3 - ғана өз сайттары бар [6]. Өзінің веб-сайтын дамыта және насихаттай отырып, мұражай өзін жариялап қана қоймай, сонымен қатар Интернет-туристерді қабылдай алады, сонымен қатар өзінің барлық қорларын аша алады. Веб-музей туристерге виртуалды турға шығуға, кез-келген экспонатты егжей-тегжейлі қарауға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта виртуалды экскурсиялар Париждегі Лувр, Санкт-Петербургтегі Эрмитаж, Киевтегі Шевченко Т.Г. мұражайы, Нью-Йорктегі Метрополитен мұражайы сияқты ірі мұражайларда жақсы ұйымдастырылуда.

Квест-экскурсияларды инновациялық экскурсиялық өнім ретінде ұйымдастыру нәтижесінде экскурсиялық қызметтердің бәсекеге қабілеттілігі мен сапасы артады, ал туристік нарықта қосымша табыс алынады. Бұл бағыт туристік кәсіпорындар мен оқу орындарының белсенді үгіт-насихатына мұқтаж. Экскурсиялық іс-шараларда қазір интерактивті туристік ойындар қолданыла бастады. Бірдей ойын алаңында (мысалы, туристік бағыт, тұтастай алғанда жеке аттракциондар, экскурсиялық бейнелеу нысандары және т.б.) геймификацияланған өнімдер де, виртуалды шындықтың электрондық ойын технологияларын ішінара қолданатын өнімдер де болуы мүмкін (AR-турлар және VR-турлар). Жердің кез-келген экскурсиялық объектісіне виртуалды бару мүмкіндігі пайда болады және белсенді түрде кеңейеді. Неогеографияның тәсілдері (бұл терминді ГАЖ-технолог Э. Тернер 2006 жылы енгізген) үш өлшемді кескінде кез-келген кеңістіктегі затты ең кішкентай бөлшектерге, біздің планетамыздың бірыңғай координаттар жүйесіне байланған етіп көрсетуге мүмкіндік береді [7]. Геоақпаратты ұсынудың инновациялық қағидалары адамның әлемді қабылдауын түбегейлі өзгерте алады: экскурсант саяхатқа дайындала отырып, алдын-ала баратын аумақ пен оның ерекшеліктері туралы толық біледі, бұл туристік-экскурсиялық қызметті ұйымдастырудың ерекшеліктеріне әсер етері сөзсіз. Бұл экскурсиялық қызметтердің сапасына қойылатын талаптардың артуына әкеледі. Көбіне адамдар тұрғылықты жерінен мүлдем шыққысы келмейді, бірақ неогеография жүйесін қолданады, мұндай сегментті олар баратын жерге баруға ынталандыру үшін қосымша күш қажет болады.

Қазіргі уақытта туристік индустриядан материалдық-техникалық инновациялардың серпіні байқалады. Қазір экскурсияға «Орын сезімі» бар және Интернетте жинақталған геоақпараттың барлық массивін пайдалануға мүмкіндік беретін құрылғылар пайдаланыла бастады. Арнайы «гидтер» спутниктік навигация жүйесінің модулі - GPS немесе GLONASS (Global Navigation Satellite System) жабдықталған. Әлемдегі алғашқы экскурсия жүргізетін машинаны американдық GoCarRental компаниясы жасады, ол GPS модулі мен компьютермен жабдықталған 3 доңғалақты 2 орындық мопед ретінде ұсынылды. Ол Сан-Франциско қаласының экскурсиялық орындарына жету туралы нұсқаулық береді, 5 тілде көрікті жерлер туралы айтып бере алады. Мопед экскурсиялық автобустарға қол жетімді емес жерлерді аралай алады. Автокөлік экскурсияға қатысушы өзіне ұнайтын тартымды көруге, кафеге

немесе дүкенге бару үшін кез-келген уақытта экскурсиялық бағдарламаны үзуге қабілетті.

Экскурсияларға самокаттарды пайдалану туралы ой Ресейлік В.Быковке аэропортта келген болатын, ол терминалдарға барғысы келмеген, алдымен чемодан самокаттарды қолданған, ол әр қаланың аэропорттарында осы типтегі самокаттардың болуын ойластырған. 2015 жылы ол А.Костырьмен бірге электродвигательсіз жұмыс жасайтын самокаттарды ойластырды, 20 минуттық серуенді 5 минутқа айналдыратын серуендерді ұсына отырып, «Станция арақашықтықтары аз станциялар арасына самокаттарды пайдалануды ұсынды. Москвада самокаттарды мөлшермен 75% адамның орташа жасы 25-35 жас аралығы [8].

Қазақстанда экскурсиялық қызметті ұйымдастырудың негізі ерекше табиғат пен ерекше әлеует деуге болады, негізгі басымдылық адамдардың – туризммен айналыса отырып, экскурсияға баруы деуге болады. Қазақстанның экскурсиялық қызметі бойынша жалпы статистика жоқ, мысалы, елімізде қандай экскурсиялар бар, олардан қандай қаржы түседі, т.б. сұрақтар жауаптарын табу мүмкін болмады, десек те, экскурсовод мамандығы бүгінде, қоршаған ортаны танудың демократиялық формасы болып табыла отырып, имиджді мамандық ретінде жаңа бағыт алды. Гид-аудармашылар мен экскурсоводтар елдің «айнасы», үнемі біліктілікті арттыру курстары қажет, сол сияқты мамандыққа бірнеше шет тілін білетін жас мамандарды тарту керек. Экскурсовод курстары бар, олардың көбісі жергілікті орындарда және коммерциялық негізде болып отыр және мамандықтың бірыңғай стандарттары әлі жасалмаған.

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасының ақпараты бойынша, бүгінгі күні тек бірнеше фирмалар ғана гид қызметін ұсынады, олардың өздері атақты, белгілі объектілерді көрсетеді, ал негізгі туристік мүмкіндік көбіне ашылмай қалады. Оны не білмейді, не оған қызықпайды. «Туристік қызмет туралы» заңда турагенттердің мемлекеттік электронды реестрін жүргізудің гидтер, гид-аудармашылар, экскурсоводтар мен туризм инструкторлары қызметіне қатысты нормалары бар, олар осы қызметті жүргізуге өтініш білдірді және аккредитация алады. Реестрге 2018 жылдан бастап тіркелгендердің саны 135 адам. Еліміздегі реестрге енген гид-экскурсоводтардың саны аз, қазіргі мақсат осы тізімді толықтыру болып отыр. Елімізге турист ретінде келушілер санын ақырындап болсын артуда, сондықтан оларға сапалы қызмет көрсету керек, бірақ елімізге турист ретінде тіркелгендер саны 2019 жылы 76203 адам, ол 2018 жылмен салыстырғанда 10381 адамға артық, ал 2017 жылдың өзінде нақты турист боп тіркелгендердің өзі 81635 адам ғана екен, олай болса осы тенденцияны өзгерту керекпіз.

Экскурсиялар туралы статистикалық мәлімет іздестіргенде мәлімет табылмағандығын жоғарыда айтып өттік, экскурсиялар туралы мәлімет Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің заңды тұлғалар мәртебесімен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бойынша деректері бойынша еліміздегі ерекше қорғалатын аумақтарда өтетіндігін көруге болады. Елімізде 2019 жылы ерекше қорғалатын аймақ саны 117 болса, онда экскурсия өткізетін қызметкерлердің саны 49 ғана және олар 8166 экскурсия өткізген, иә осы мәліметтер бойынша келген 1,5 млн. адамға ұйымдастырылған экскурсиялар саны 0,5% ғана құрап отыр. Мәліметтерге орай келушілерде, экскурсия алушылар да саны ақырындап артуда, 2018 жылмен салыстырғанда 2000

экскурсия көп өткізген. Ал турфирмалар қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері (кесте 1).

Кесте 1 - Туризм саласындағы қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері, млн. теңге

Көрсеткіштер	Жылдар				
	2015	2016	2017	2018	2019
Өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер көлемі					
Барлығы	226 505,3	354 196,0	374 687,6	437 695,2	491 884,7
оның ішінде:					
туристік операторлардың, туристік агенттердің және туризм саласында қызмет көрсететін өзге де ұйымдардың қызметі	36 979,4	118 680,6	75 571,2	51 076,4	55 569,6
ботаникалық бақтар және хайуанаттар паркінің қызметі	402,5	1 020,5	1 198,0	1 462,2	1 358,5
табиғи қорықтар қызметі, жабайы табиғатты қорғау	1 147,1	1 626,9	1 911,2	2 561,0	2 690,6
мәдени және демалыс саябақтары мен тақырыптық саябақтардың қызметі	10 488,5	8 399,9	12 583,0	13 587,2	19 955,7
Ескерту - [9] дереккөзінен алынған					

Қазақстандық турфирмалармен бірге мұражайлар, ботаникалық бақтар және хайуанаттар паркінің қызметі, табиғи қорықтар қызметі, жабайы табиғатты қорғау, мәдени және демалыс саябақтары мен тақырыптық саябақтардың қызметінде экскурсиялар жүргізілетінін білеміз, осы кәсіпорындардан қомақты қаржы ел қазынасына түсетіні көрініп тұр. Экскурсиялық қызметке байланысты мәліметтерді қарастыру кезінде Tripadvisor іздеу сайтында Бір күндік, көп күндік, жеке турлар, табиғи және қорық зоналары бойынша деген бөлімінде, Пікір қалдыру турларды ұйымдастыру бойынша алғашқы 5 фирманың қызметін көрсетуге болады:

- Kolsai Tour - 105 пікір (орташа баға 5), Ашық аспандағы белсенді туризм – Алматы. Турлар, Бір күндік сапарлар, жеке турлар, Экотурлар, көп күндік турлар жол талғамайтын көлік пен велотурлар.

- Friendly Tours - Dostar Trips -89 пікір (орташа баға 5) Ашық аспандағы белсенді туризм – Алматы. Турлар, Бір күндік сапарлар, жеке турлар, Экотурлар, көп күндік турлар жол талғамайтын көлік пен велотурлар.

- SUVtours-120 пікір (орташа баға 5) Ашық аспандағы белсенді туризм – Алматы. Турлар, Бір күндік сапарлар, жеке турлар, Экотурлар, көп күндік турлар жол талғамайтын көлік пен велотурлар.

- SKYWAY- 83 пікір (орташа баға 4,5) Ашық аспандағы белсенді туризм – Алматы. Турлар, Бір күндік сапарлар, жеке турлар, Экотурлар, жаяу, палатка туризмі, мәдени туризм

- Nomad Outfitters- 85 пікір (орташа баға 5), Ашық аспандағы белсенді туризм – Алматы. Турлар, Бір күндік сапарлар, жеке турлар, Экотурлар, жаяу, палатка туризмі, мәдени туризм.

Сайтта, ұйымдастырылатын экскурсиялар, адамдардың саны, күні, бағасы, балаларға ыңғайлы, қалада ұйымдастырылатындығы, экстрималдылығы, т.б. критерийлерге сай бөліп табуға болады. Экскурсияны қолданушылардың көпшілігі инфрақұрылымның төмендігін атап өткен [10].

Елімізде 2021 жылы 4 наурызда Алматы қаласында экскурсоводтарды (гид-аудармашылар) және экскурсия жүргізушілерін таңдау бойынша байқау өткен [11]. Туристер үшін жағдай жасалуда, бірақ ол өте аздық етеді, десекте 3D турларда Интернет желісінен көрініп қалады, соның бірі Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 3D турларды құруға маманданған City3D.kz компаниясының онлайн турларын көруге болады [12/].

Әлемдік туристер ағыны шамамен төрт есеге азайса, Қазақстанның индикаторлары да құлдырады: басқа елдерден келетін туристер саны 3,6 есеге азайды. Сонымен, егер 2020 жылдың бірінші тоқсанында кіру туризмінің жаһандық көрсеткіштері өткен жылғы мәліметтерден 28,6% -ға төмен болса, онда екінші тоқсанда бүкіл әлемде карантинге қатысты ең қатаң шектеулер енгізілгенге дейін толықтай тоқтап, шетелдік туристердің әлемдік ағыны бірден 18,4 есеге азайды (ал Қазақстан Республикасында осы кезеңде - 16,7 есе). Жалпы, 2020 жылы Дүниежүзілік Туристік Ұйымның мәліметтері бойынша шетелдік туристердің әлемдік ағыны 3,8 есеге азайды. Қазақстанда 2020 жылғы «коронавирустың» төрттен үш бөлігі үшін елге кірген туристер саны бірден 3,6 есеге азайып, 1,8 млн. адамға жетті, Қазақстаннан кеткен туристер саны 2,4 миллион адамды ғана құрады - бұл 2019 жылмен салыстырғанда 3,4 есе аз. Ішкі туризм - 3,1 млн адамға 60,3% -ға азайды [13].

Қазіргі шектеулі шаралар туристік кәсіпорындардың қызметін әбден тығырыққа тіреді, 1 жылдан аса уақытта адамдардың саяхаттауы немесе экскурсиялық қызметті пайдалануы саябырлады. Саяхатшы, туристік блогер, QazaqGeography экспедициясының ұйымдастырушысы Нұржан Алғашов: «туристік агенттіктер өздерінің білімі мен технологияларын ішкі туризмді дамыту үшін қолданатын болса, қазақстандық туристер бұдан тек ұтады» - деп көрсеткен. Пандемияға дейін де көптеген компаниялар Қазақстанды қызықтырмады. British Airways, Austrian Airlines, Lufthansa бізден кетті, сонымен қатар, кейбір туристерде фобия түрінде психологиялық проблемалар пайда болды - мысалы, басқа адамдарға жақын болудан қорқу. Көбісі өз көліктерімен саяхаттай бастайды. Мүмкін экотуристер саны көбейетін шығар. Қазақстандағы экотуризмнің әлеуеті зор. Қазір барлық күшті отандық туристерге бағыттайтын уақыт туындады [14].

Елімізді шет елге таныстыру мақсатында түрлі экскурсиялық маршруттар әзірленуі керек. Қазір туристік фирмалар бәсекеге қабілетті фирма ретінде ерекше ұсыныстар беруге бейімделуі керек, бірақ қазіргі пандемия туристердің легін азайтты. Осы жағдайдың біраз уақытта аяқталатыны белгілі, сондықтан фирмаларға жаңа типтегі пост пандемиядан кейінгі дайындық қажет. Экскурсиялық қызметті талдау нәтижесінде экскурсиялардың бір мәнді екендігін байқауға болады. Жақсы ұсыныстар экскурсиялардың мәнін арттырып, қызықты өткізуді талап етеді, әрине ұлттық калоритті ұмытуға

болмайды. Біздің елімізде қала экскурсияларын жаяу, автобус, велосипед сияқты құралдарды пайдаланып көруге болады. Еліміздің ірі қалаларында көптеген маршруттар бар, оларға келушілер қызығады. Роликтер, самокаттар, гидроскутерлерді балалар аса қызығушылықпен қолданады. Аттар, иттер, велосипедтер шет елдерде экскурсиялардың қолданыс құралдары болып табылады. Қазір экскурсияларға Нұр-Сұлтан қаласындағы екіэтажды автобустар мен Түркістан қаласында электрокарларды қолданылуда. Сол сияқты енді Түркістан қаласы туризм орталығы болса, онда ашылған Караван сарайды пайдаланып, экскурсияларға жаңаша кейіп таныту керек.

Экскурсиялық қызметтегі инновациялар ретінде қарапайым түрлі көлік құралдарын пайдалануды айтуға болады, соның бірі «Segway», электрокарлар, роликтер, велосипедтер, ат, т.б. қолдануды ұсынуға болады. Себебі, аталған көлік құралдары американдықтар мен еуропалықтар үшін үйреншікті. Виртуалды турлар мен квест экскурсияларды ұйымдастыру кезек күттірмейтін мәселе және осы нарықты жылжыту керек. Тақырыптық экскурсиялардың болашағы зор деуге болады.

Иә, қазіргі шектеулі режимі осы мақсатты жүзеге асыруға қол байлау болатыны белгілі, бірақ жоспар қойылды, сондықтан біршама жұмыстар атқарылуда, әсіресе, туристік фирмалардың өз әлеуметтік желілерінде Қазақстанның әсем жерлерін дәріптеуі, «Kazakh Tourism» АҚ елдің имиджін арттыру бойынша түрлі іс-шаралары мен бейнефильмдері, семинарлары, түрлі зерттеулері елімізге туристерді шақыруға, өз ел ішіміздегі ішкі туризмнің дамуына үлкен серпіліс беруде. Келушілер саны артса, міндетті түрде экскурсиялық қызметтің дамуын талап, етеді, ал ол үшін қазірдің өзінде туристік нарық түрлі ұсыныс беруге дайын болуы керек, оның бірі инновациялық экскурсияларды ұсыну, қала ішіндегі және қала маңындағы, бірнеше күндік экскурсиялар санымен, ұсыну ерекшелігімен, мәнділігімен, дұрыс ойластырылғандығымен, қатысушылардың санына байланысты да, экскурсовод, гидтеріміз, гид-нұсқаушылардың заман талабына сай, бірнеше тілді еркін меңгерген, өздері ұсынып отырған экскурсияны толық және қызықты өткізе алатындай әлеуеті болуы керек деген ой түйіндеуге болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ставина А.К. Экскурс в инновации туризма // <http://mirexcurs.ru/rus/about/sections>
- 2 Экскурсоведение: Учебник/ Б.В. Емельянов. – Москва: Советский спорт, 2007. – 216 с.
- 3 Лях О.А., Лиханова В.В. Инновации в экскурсионной деятельности //Ученые записки Забайкальского государственного университета. - 2017. - №3. - С.160-168.
- 4 Матюхина Ю.А., Мигунова Е.Ю. Экскурсионная деятельность: Учебное пособие // http://spisok-literaturi.ru/books/ekskursionnaya-deyatelnost_15845016.html (30.01.2019)
- 5 Инновации в туризме: Учебник/ В.С. Новиков.- Москва: Центр «Академия», 2007. - 207с.
- 6 Внедрение инноваций в туристическое музейное обслуживание. М.В. Вершина //Стратеги развития индустрии гостеприимства и туризма. Орел: Государственный университет –учебно-научно-производственный комплекс, 2015. -С.181-185.

7 Новиков В.С. Инновации и эволюция туристской деятельности//Мир (Модернизация. Инновации. Развитие). - 2012. - С.73-78.

8 Деньги с ветерком: как стартап хочет заработать на прокате самокатов //http://www.rbc.ru/ins/own_business/20/02/2016/56cc7586m9a794788250f5a76

9 Жинақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің www.stat.gov.kz Қазақстан туризмі / Статистикалық жинақ / қазақ және орыс тілдерінде / 72 бет. 2015-2019, Нұр-Сұлтан, 2020

10 Казахстан: многодневные экскурсии //https://www.tripadvisor.ru/Attractions-g293943-Activities-c42-t288-a_trating.50-Kazakhstan.html

11 Подача заявки на конкурс гидов и экскурсоводов //https://visitalmaty.kz/ru/Read/podacha-zayavki-na-konkurs-gidov-i-ekskursovodov

12 Казахстан в 3D-виртуальная панорама красивейших мест // city3d.kz/nash-gorod

13 Как пандемия повлияла на туризм // <https://inbusiness.kz/ru/last/kak-pandemiya-povilyala-na-turizm>

14 Мировая пандемия дает шанс для развития внутреннего туризма – эксперт // <https://365info.kz/2020/05/mirovaya-pandemiya-daet-shans-dlya-razvitiya-vnutrennego-turizma-ekspert>

XҒТАР 06.71.57

Тұрғамбекова Жансая Ержанқызы

«Туризм және басқарушылық форсайт» БББ 2 курс докторанты,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

ДЕСТИНАЦИЯ БРЕНДІНІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН АНЫҚТАУ: ТУРИСТТІК БАҒЫТТЫ ДАМУДЫҢ ДРАЙВЕРІ РЕТІНДЕ (Алматы облысы мысалында)

Аңдатпа: мақала туристтік дестинация брендінің мінез-құлқын қалыптастырушы негізгі туристтік объектілерді анықтауға бағытталған. Бүгінгі күнгі дестинациялық брендингке қатысты тенденциялар мен зерттеулер стратегия, тәжірибе, брендтің тұтынушылық капиталы, дестинациямен үйлесімділік, межелі орынға деген адалдық, ауыздан-ауызға тарау, медиа ұғымдарына бағытталғаны анықталған. Десек те, туристтік дестинация ретінде қалыптасып келе жатқан аумақ үшін келушілердің қызығушылығын тудыратын негізгі объектілерді анықтау маңызды деп ойлаймыз. Сәйкесінше, мақала зерттеуінде автор Алматы облысы дестинация брендінің мінезін қалыптастырушы туристтік объектілерді анықтауды мақсат еткен.

Кілт сөздер: дестинациялық бренд, дестинация активтері, туристтік дестинация, тарихи-мәдени объектілер, табиғи ресурстар.

Турғамбекова Жансая Ержанқызы

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ХАРАКТЕРА БРЕНДА ДЕСТИНАЦИИ: КАК ДРАЙВЕР РАЗВИТИЯ ТУРИСТСКОГО НАПРАВЛЕНИЯ (на примере Алматинской области)

Аннотация: статья направлена на выявление основных туристских объектов, формирующих поведение бренда туристской дестинации. На сегодняшний день, тенденции и исследования, связанные с дестинационным брендингом, ориентированы на концепции стратегии, опыта, потребительского капитала бренда, совместимости с дестинацией, лояльности к месту назначения, распространения из уст в уста, медиа. Тем не менее, для территории, формирующейся как туристская дестинация, мы считаем важным определение основных объектов, представляющих интерес для посетителей. Соответственно, в исследовании статьи автор ставил целью выявление туристских объектов, формирующих характер бренда дестинации Алматинской области.

Ключевые слова: дестинационный бренд, дестинационные активы, туристская дестинация, историко-культурные объекты, природные ресурсы.

Turgambekova Zhansaya Erzhankyzy

DEFINING THE CHARACTER OF DESTINATION BRAND: AS A DRIVER OF TOURIST DESTINATION DEVELOPMENT (on the example of the Almaty region)

Abstract: the article is aimed at identifying the main tourist objects that form the character of the brand of a tourist destination. To date, trends and research related to destination branding are focused on the concepts of strategy, experience, consumer brand equity, destination compatibility, destination loyalty, word-of-mouth and media distribution. Nevertheless, for the territory being formed as a tourist destination, we consider it important to identify the main objects of interest to visitors. Accordingly, in the study of the article the author aimed to identify the tourist objects that form the character of the destination brand of Almaty region.

Key words: destination brand, destination assets, tourist destination, historical and cultural objects, natural resources.

Кіріспе

«Белгілі бір орынның брендин жасаудың кәсіби процесі» ағылшын тілінде «destination branding» тіркесіне сәйкес келеді. Бүкіләлемдік туристік қауымдастық (United Nations World Tourism Organization; UNWTO) брендтердің негізгі түрлерін ажыратып, оларды: тұтыну тауарларының бренді, қызметтер бренді, дестинациялар бренді, орындар (аумақтар) бренді деп бөлді және дестинациялар брендіне келесідей анықтама берді. Дестинациялардың мәдениет, тарих, тіл, мәдени мұраның және өмір тәртібінің тәжірибесінен құралғанын ескерсек, олар тауарлармен салыстырғанда өзгеріске икемсіз болып келеді [7].

Қазақстан далалары табиғат пен адамның ғасырлай бойғы тарихи байланысының көріністерін көрсетеді. Көшпенділердің саяси мәдениеті қазақстандық шенеуніктер үшін елдің бірегейлігін анықтаудағы басты бағыт болып келеді. Нео-көшпенділер тұрғысынан дәстүрлерді қайта жаңғыртудың бір көрінісі ретінде ауылды жерлерде қазақүйлер лагерлерін орнату жұмыстары жүргізілуде. Осы ретте, дәстүрлі көшпенділер мәдениеті мен келушілердің санын арттыруға бағытталған, мәдени-тарихи мұраларды қайта қалпына келтіру жұмыстарының арасындағы балансты сақтау да негізгі міндеттердің бірі болып

табылады. Туризмді дамыту үшін қазақстандық көшпенділер мәдениетін жылжыту мен трансформациялау барлық мүдделі тараптардың қатысуымен және бірлесе жұмыс істеуімен іске асырылады. Десек те, саяхаттаушыларды қабылдайтын ауылды жерлердегі мәдени көріністер, келушілердің ойынан шығатынай, шынайы көшпенді мәдениетке сәйкес болуын жіті қадағалау керек. Дестинациядағы жалпы туризм саласының көрінісін, түрлі деңгейдегі шешім қабылдайтын басшылар мен тиімді талаптар негізінде қауымдастықтардың қатысуы арқылы анықтау қажет [6].

Әдебиеттерге шолу

Бренд – тауар немесе қызметтің тұтынушы үшін маңызын көрсететін кез-келген нәрсе. Осылайша бренд – компанияның құндылығы. Брендтер – тұтынушылардың өнімге қатысты әсері мен қабылдауын тудырады және оның қызмет етуін көрсетеді. Брендинг стратегиясы: күшті бренд қалыптастыру болып табылады [8, 272 б.].

Дестинациялық брендтің міндеті – алдын-ала таңдалған нарыққа нақты брендтің тиісті, тиімді сипаттамаларын беру және орнықтыру болып табылады. *Дестинациялық бренд ұзақ уақыт бойы тұрақты болуы керек.* Егер оның құрылымының басқа элементтері брендтің идеясы мен маңыздылығын жеткізе алмаса, маршруттардың логотипін немесе жағымды айтылуын тек қана әзірлеу бағыттарды саралауда және таңдауда аз пайда әкеледі. Дестинациялық брендтер тиімді болуы үшін: сенімді, қол жетімді, алуан түрлі, күшті идеяларды жеткізетін, сауда серіктестерін ынталандыратын және тұтынушылар пікірін тудырушы болуы шарт [3, 327 б.].

Дестинациялық брендтер әлеуетті туристердің күтетін әсеріне, іс жүзіндегі саяхат тәжірибесіне сәйкес болуы үшін, өз құндылығын жағымды және бірізді түрде жеткізуі керек. Екіншіден, туристер межелі жерде не күтетіні жайлы хабарлап, көрсетіп, ой қалыптастырып дестинациялық брендтің басқа туристерге бағытталған брендинг процесіне қатысуы керек. Нәтижесінде, үйлесімді брендинг стратегиясын құру үшін дестинациялық брендинг сапардың үш кезеңінің әрқайсысында, яғни сапар алдында, сапар кезінде және одан кейін туристердің пікірлерін туындатуы қажет [2, 195 б.].

Дестинациялық брендинг дестинацияның бәсекелестермен салыстырғандағы дифференциациясына және оның уникалды сипатына негізделіп, тұтынушылармен байланыс құралы ретінде анықталуы мүмкін [4].

Зерттеу әдістері

Мақала зерттеуі Алматы облысы дестинациялық брендинің қалыптасуына әсер ететін, негізгі туристік объектілерді анықтауға бағытталған теориялық әдіснамалық сипатқа ие. Зерттеу мақсатына жету үшін эмпирикалық зерттеу әдістерін қолданамыз. Нақтылайтын болсақ, эмпирикалық әдісте бақылау, сипаттау, сауалнама, сұхбат, модельдеу қолданылады. Сонымен қатар, зерттеуде дестинациялық брендингтің үздік ғалымдарының бірі С. Анхольттың «Дестинациялық брендингті жүргізудің практикалық моделі» нұсқасы негізінде құрастырылған болжалды модель қолданылды [5].



1 Сурет. Дестинацияның негізгі туристік объектілерін анықтауға бағытталған болжалды модель.

Ескерту: модель С. Анхольттың «Дестинациялық брендингті жүргізудің практикалық моделі» нұсқасы негізінде құрастырылған.

Зерттеу барысында келесідей сұрақтарға (зерттеу сұрағы: ЗС) жауап беру міндеттері қойылды:

ЗС. Алматы облысы дестинациясының келушілер қызығушылығын тудыратын басты активтері қандай?

ЗС. Дестинацияның туристік объектілері АО дестинациялық брендинің мінез-құлқының қалыптасуына қаншалықты әсер етеді?

Зерттеу сұрақтарына жауап беру үшін, Алматы облысы (АО) туристік дестинациясы туралы ақпарат иелерімен сұхбат жүргіземіз. Сұхбаттасушылар қатарында: АО туризм саласының мамандары; жеке сектор, үздік деп танылған туристік мекемелер басшылары; туристік ақпараттық орталық мамандары, туризм туралы академиялық білімі бар тұлғалар, профессорлар бар.

Талқылаулар

Сұхбаттасу нәтижелеріне сәйкес, Алматы облысы дестинациясының негізгі туристік объектілері жинақталды. Сұхбат барысы 40 минут шеңберінде жүргізілді. Сұхбат барысы диктофонға жазылып алынды және мәтін ретінде теріліп, сұхбатты өңдеу әдісі арқылы талданды. Әдіске сәйкес, негізгі кілт сөздер, сөз тіркестері, қойылған сұрақтарға байланысты топтастырылды. Нәтижесінде, әр сұрақ төңірегінде ең көп қайталанған сөздер, атаулар мен сөз тіркестері сұрақтың ортақ жауабы ретінде қабылданды. Сәйкесінше АО туристік дестинациясының негізгі объектілері келесідей орналастырылды.

1 Кесте. АО туристік дестинациясының мінезін қалыптастырушы негізгі туристік объектілері

	Туристік объектілер
	Тарихи-мәдени ескерткіштер, оның ішінде:
	1. «Алтын адам табылған Есік қорғандары»
	2. Бесшатыр қорғандары
	3. Вознесенский кафедральный соборы (парк-Панфиловцев)
	4. Алматы қаласының орталық мемлекеттік мұражайы

	Таулар, оның ішінде:
	1. Хантәңірі шыңы
	2. «Шымбұлақ» тау шаңғы курорты (Медеу спорт кешені, Көк-төбе)
	ЮНЕСКО объектілері:
	1. Тамғалы тас петроглифтері
	2. Жібек Жолы бойындағы қалалар: Қаялық, Талхиз (Талғар), Қарамерген
	Өзендер мен көлдер, сарқырамалар, оның ішінде:
	1. Қайыңды, Көлсай көлдері
	2. Алакөл көлі
	3. Балқаш көлі
	4. Бұрхан бұлақ сарқырамасы
	Ұлттық-табиғи парктер, оның ішінде:
	1. «Іле Алатауы»
	2. «Алтынемел»
	3. «Шарын»
	4. «Көлсай көлдері»
	5. «Жоңғар Алатауы»
	Мәдени - спорттық шаралар, оның ішінде:
	1. «Сиверс» алмасының гүлдеуі
	2. «Тойқазан» ұлттық асхана фестивалі
	Этно-ауылдар (салт-дәстүр, әдет-ғұрып, қолөнермен танысу, театрландырылған көріністер) оның ішінде:
	1. «Nomad» этно орталығы
	2. «Гунны» этно-ауылы, демалыс базасы.

Сарапталған сұхбат ақпараттарына сәйкес, АО дестинациялық брендінің мінез-құлқын қалыптастыратын туристік объектілері келесідей жеті санатқа топтастырылды: тарихи-мәдени ескерткіштер; таулар; ЮНЕСКО объектілері; өзендер мен көлдер, сарқырамалар; Ұлттық-табиғи парктер; мәдени - спорттық шаралар; этно ауылдар (салт-дәстүр, әдет-ғұрып, қолөнермен танысу, театрландырылған көріністер).

Кестеге сәйкес, АО туристік объектілер қатарын тарихи-мәдени және табиғи ресурсты деп үлкен екі санатқа жіктеуге болады деп топшылаймыз. Оның тарихи-мәдени объектілер қатарына, «Алтын адам табылған Есік қорғандары», Бесшатыр қорғандары, Вознесенский кафедральный соборы (парк-Панфиловцев), Алматы қаласының орталық мемлекеттік мұражайы, Тамғалы тас петроглифтері, Жібек жолы бойындағы қалалар: Қаялық, Талхиз (Талғар), Қарамерген. Сонымен қатар осы санатқа, «Сиверс» алмасының гүлдеуін, «Тойқазан» ұлттық асхана фестивалін және де «Nomad» этноорталығын, «Гунны» этно-ауылы, демалыс базасын қосу дестинацияның ортақ тарихи-мәдени активтерін қалыптастырады деп ойлаймыз.

Ал, табиғи ресурсты объектілерге, АО аумағында орналасқан 5 Ұлттық-табиғи парктерді: «Іле Алатауы», «Алтынемел», «Шарын», «Көлсай көлдері», «Жоңғар Алатауы» және Қайыңды, Көлсай, Алакөл, Балқаш көлдерін, Бұрхан бұлақ сарқырамасын жатқызамыз. Хантәңірі шыңы мен «Шымбұлақ» тау шаңғы курорты, Медеу спорт кешені, Көк-төбе объектілері де, АО туристік

дестинациясының мінез-құлқын қалыптастырушы орындар қатарына енгізуге болады деп болжаймыз.

Қорытынды

Бүгінгі күні дестинациялық брендинг туризмді дамыту үшін инвестиция тарту құралы ғана емес, адамдардың тұрғылықты жерді таңдауында, бизнеске жаңа қызметкерлер тартуда, мәдени-спорттық шараларды өткізуге бастамашылық етудің алғышарты ретінде қолданылуда [1].

АО туризмі саласының мамандарынан алынған сұхбат пен оның талдамалары нәтижесінде алынған ақпаратқа сәйкес келесідей қорытындылар жасауға болады.

3. АО дестинациясы брендинің мінез-құлқын қалыптастырушы туристтік объектілер сипаты тарихи-мәдени және табиғи ресурсты болуына байланысты, дестинация брендинің мінез-құлқы тарихи-мәдени және табиғи ресурсты бағытты қамтиды деп тұжырымдаймыз. АО туристтік дестинациясына келген турист, аймақта орналасқан объектілерден тарихи-мәдени сипаттағы тәжірибе алуға мүмкіншілігі мол. Саяхаттаушы өзінің білімін Жібек жолы бойындағы қалалар мәдениетімен толықтырып, «Алтын адам» табылған Есік қорғандары мен Бесшатыр қорғандарын көріп, қазақ даласын мекендеген тайпалардың тарихымен мәдениетінен сыр шертетін құнды жәдігерлермен таныса алады. Нәтижесінде, туристтік дестинациядан алған әсері тарих-мәдени құндылықтарды қалыптастырады деуге болады. Сәйкесінше, тарихи-мәдени бағыт АО туристтік дестинациясы мінез-құлқының ажырамас бөлігі деп қорытындылауға болады.

4. «Жер жаннаты Жетісу» деген теңеуге ие АО табиғаты кім-кімді де бей-жай қалдырмасы анық. 5 Ұлттық табиғи парктің бір облыста орналасуы, «Хан Тәңірі» сынды мәңгі қарлы шындардан бастап, «Алтынемел» ҰТП, Шарын шатқалы сияқты шөлді табиғи ресурстардың болуы, дестинацияның туристтік потенциалының мол мүмкіншіліктерін межелейді. Осы ретте, АО туристтік дестинациясы брендинің мінез-құлқының қалыптасуында табиғи ресурстар үлкен рөл атқарады деп топшылаймыз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Hankinson, G. (January 2005 г.). Destination brand images: a business tourism perspective. *Journal of Services Marketing*(19), P. 24-32.

2. Hany Kima, Svetlana Stepchenkova, Vahideh Babalou Branding destination co-creatively: A case study of tourists' involvement in the naming of a local attraction // *Tourism Management Perspectives* – 2018. № 28, P. 189–200.

3. Morgan, N., Pritchard, A. and Pride, R. Butterworth-Heinemann, Destination brands: Managing place reputation (3rd edition) / Macmillan Publishers Ltd. 1751-8040: USA, 2011, - 370pp.

4. Morrison, A. & Anderson, D. 2002. Destination branding. Available from: [http://www.macvb.org/intranet/presentation/Destination Branding LOzar ks6-10-02.ppt](http://www.macvb.org/intranet/presentation/Destination%20Branding%20LOzar%20ks6-10-02.ppt)

5. Simon Anholt. Handbook on Tourism Destinations Branding/With an introduction by Simon Anholt. 2009, ISBN: 978-92-844-1311-9 (UNWTO)/ISBN: 978-92-990050-6-4 (ETC)

6. Tiberghien, G. (2020 г.). Neo-nomadic Culture as a Territorial Brand for ‘Authentic’ Tourism Development in Kazakhstan. *Europe-Asia Studies* (72), P. 1728-1751.

7. UNWTO. Destination Management and Quality Programme. Conceptual Framework. Terminology [Electronic resource]. – 2002. – URL: <http://destination.unwto.org/content/conceptual-framework>

8. Филип Т. Котлер, Гари Армстронг Маркетинг негіздері / «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. - Алматы: 2019 жыл. - 736 бет. 270-274 бб.

Нурмухамедова Шарипа Сейтжагипаровна

Кандидат экономических наук

Международный университет туризма и гостеприимства

г. Туркестан, Казахстан

Тарихов Алмас Жангелдіұлы

Студент 1 курса Международного университета туризма и гостеприимства.

г. Туркестан, Казахстан

КАК ЭПИДЕМИЯ 2020 ГОДА, ПОВЛИЯЛА НА ИНДУСТРИЮ ГОСТЕПРИИМСТВА

***Аннотация.** В материале рассматриваются об индустрии гостеприимстве, о том с какими трудностями столкнулись предприниматели в данной сфере, как мировой кризис 2020 года «Коронавирус» повлиял на рестораны и гостиницы. Данная статья будет интересна тем, кто специализируется в этой области, и тем, кто хочет развиваться в бизнесе. В статье представлены советы от предпринимателей, которые могут быть полезны для всех, как в жизни, так и в бизнесе.*

***Ключевые слова:** туризм, предприятие, рестораны и гостиницы, гостеприимство, пандемия, статистика, прогноз*

Нурмухамедова Шарипа Сейтжагипаровна

Тарихов Алмас Жангелдіұлы

2020 ЖЫЛҒЫ ИНДЕТ ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ ИНДУСТРИЯСЫНА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТТІ

***Аңдатпа.** Материалда қонақжайлылық индустриясы, осы саладағы кәсіпкерлер қандай қиындықтарға тап болғандығы, 2020 жылғы Әлемдік дағдарыс коронавирус мейрамханалар мен қонақ үйлерге қалай әсер еткені туралы айтылады. Бұл мақала осы салада мамандандырылған және бизнесте дамуды қалайтындар үшін қызықты болады. Мақалада кәсіпкерлердің өмірде де, бизнесте де бәріне пайдалы болуы мүмкін кеңестері берілген.*

***Түйін сөздер:** туризм, кәсіпорын, мейрамханалар мен қонақ үйлер, қонақжайлылық, пандемия, статистика, болжам*

Nurmukhamedova Sharipa Seitzhagiparovna

Tarikhov Almas Zhangelidiuly

Индустрия туризма и гостеприимства самая динамично развивающаяся отрасль экономики в мире. Гостеприимство это первая информация о тебе и о твоей территории. Индустрия фокусируется на потребностях, на новых впечатлениях и в получении нового опыта. Туризм и гостеприимство имеет много общего [1, 2]

Туризм - это выбор человека, финансы, психология людей, возможности и выбор человека. В индустрию гостеприимства входят рестораны, гостиницы, отели и т.д. Все предприятия в данной сфере направлены на контакт с людьми. Каждый человек, путешествует, останавливается в гостиничном комплексе, посещает ресторан и кафе. Но кто знает, что таиться в этой области? Изучив множество литературы, считается, что предприятия индустрии гостеприимства работают 24 часа в сутки, 365 дней в году и это непрерывный сложный процесс. Каждый человек, хоть раз в жизни посещал рестораны и кафе. Эти заведения предназначены для отдыха и развлечения. Люди всегда будут пользоваться этими услугами всегда. Но из-за эпидемии 2020 года, индустрия гостеприимства понесла тяжелый удар. Все страны закрылись, люди перестали путешествовать, посещать рестораны и кафе. Весь мир закрылся на карантин. И существование предприятий стало под угрозой исчезновения. В России 84% ресторанов терпят убытки. В Украине почти тоже самое. А в Европе ресторанный бизнес начал закрываться. Это связано с тем, что в Европе ввели жесткий карантин в равнении с постсоветскими странами [3,4,5,6]

Людям в Европе запрещено было выходить на улицы. Продукты первой необходимости им предоставляли полиция и волонтеры. А это ужасно повлияло на рестораны. Бизнесмены не знали, как платить арену и зарплату своим сотрудникам. Когда страна полностью закрывается снаружи и внутри, тут и начинаются проблемы. Когда азиатские страны имели подобные проблемы, они наладили доставку еды. Бизнесмены пытались всеми силами выйти в ноль или немного в плюс. Наиболее высокий спрос на доставку наблюдался тогда, когда все рестораны были закрыты на карантин. Сейчас гости по-прежнему боятся ходить в рестораны, и спрос на доставку остается высоким. Кроме того, люди, которые рассматривали рестораны, только чтобы утолить голод, а не получить эмоции и новый опыт, будут пользоваться доставкой, для них она актуальна всегда. Например, в моем городе есть заведение «Ploff center». Они были, первыми кто сделали доставку еды в городе. Основатель заведения говорит, что трудности для бизнесменов бывают всегда. И от того, насколько гибкий человек зависит его бизнес. Нужно уметь адаптироваться под любые жизненные трудности.

Умение адаптироваться это ноша сильного человека. Поэтому рестораны, которые закрылись по причине эпидемии, просто не смогли адаптироваться в этот момент. Прогнозировать что-то очень сложно, а угадать, каким будет психологическое состояние людей в дальнейшем, еще сложнее. Существуют диаметрально противоположные точки зрения по поводу будущего индустрии. Кто-то утверждает, что гости захотят вернуться в заведения как можно скорее — будут пробовать еду, пить алкоголь и гулять. Другие говорят, что люди станут потреблять меньше вредной еды, алкоголя и больше заботиться о своем здоровье. К такому мнению, по моим наблюдениям, склоняется большинство. Но часто бывает, что люди говорят одно, а делают другое. Поэтому может выстрелить как первый, так и второй сценарий. Более того, оба варианта развития событий могут существовать параллельно. Что же касается Казахстана? Дополнительные расходы для бизнеса вызваны с требованием

соблюдения санитарных норм, предприниматели отмечают увеличение расходов на закуп тепловизоров, средств индивидуальных защит для персонала и дезинфицирующие средства для обработки всех поверхностей. Правила касаются как кухонного персонала, так и людей, задействованных в доставке.

Работники должны быть обеспечены масками, перчатками и антисептиками. Введены новые правила мытья посуды и использования одноразовой спецодежды, ограничено число людей в одном помещении. Более 90% участников рынка признали, что им пришлось значительно увеличить долю расходов для соблюдения всех предписанных норм, что отразилось на выручке бизнеса. Как показал опрос, у большинства (43%) объем выручки снизился почти вдвое. У 38% респондентов этот показатель упал на 10-30%. Выручка сократилась на критические 60-90% у 6% владельцев общепита. Сохранение уровня выручки на докарантинном уровне отметили 13% собеседников. Из этого исходим, что прибыль в любом случае понизился. Мы считаем, что это связано по двум причинам: низкий уровень дохода населения и ограничения в сфере бизнеса со стороны государства. По первой причине, можно сделать вывод что многие потеряли работу или у них сократилась заработная плата из-за кризиса, который нанесла эпидемия. По второй причине, различные ограничения плохо сказываются для предпринимателей. Это наполняемость не более 30% , ограничения по времени работы, уменьшения числа сотрудников и многочисленные локдауны. Все эти факторы сильно влияют на ресторанный бизнес. Все дошло до того, что бизнесмены выходили на митинги, требовали поддержки государства и т.д. Делая выводы, можно уверенно сказать, что эпидемия 2020 года негативно повлияла на сферу гостеприимства. Люди сделали свой вывод. Остались в этой сфере только сильные предприниматели, которые смогли пройти эти трудности и не закрыть свои заведения. Люди перешли на новый формат. Учились новому, искали выход из ситуации. Каждый стал сильнее, в плане того что предприниматели постигли новых человеческих качеств. Это умение адаптироваться и мыслить гибко. Эти 2 фактора сильно повлияли на бизнес в этой сфере.

Мы считаем, что все эти трудности закаляют человека. Он становится сильнее в духовном и физическом плане. Т.е. человек, который смог пройти через мировой кризис 21 века, не потерял свой бизнес, то у такого человека все получится. И те, кто потерял свои предприятия, они потеряли лишь бизнес, но не знания и опыт, которые годами их многому научил. Поэтому и у таких людей получится сделать что-то по-настоящему крутое в будущем!

Список источников

1. <http://www.kukiani.ru/index.php?page=content&subpage=s&r=14&p=44&s=181>
2. <https://works.doklad.ru/view/OLi2Jexlw10.html>
3. <https://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/631167>
4. <https://prohotel.ru/article-3303/0/>
5. Романов В.В., Елканова Д.И., Сорокина Е.В., Осипов Д.А. Основы индустрии гостеприимства: учеб, пособие. М.: Дашков и Ко, 2009
6. <https://adindex.ru/news/researches/2020/04/3/280670.phtml>

МАЗМҰНЫ

1	А.Р. ХАЗБУЛАТОВ ТУРИЗМ КАК ИНСТРУМЕНТ ПОПУЛЯРИЗАЦИИ КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ: ПОТЕНЦИАЛ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ПАРКОВ КАЗАХСТАНА	8
2	Г.Ж. ТАБУЛДИН ТУРКИСТАН И ВЕЛИКАЯ СТЕПЬ НА ГЕОГРАФИЧЕСКИХ КАРТАХ XIX ВЕКА	15
3	М.М. БАХТЫБАЕВ К.М. ЖЕТИБАЕВ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚ ҚАЛАСЫН АШЫҚ АСПАН АСТЫ МУЗЕЙІНЕ АЙНАЛДЫРУ	23
4	А.А. СИДОРОВИЧ ОРГАНИЗАЦИОННО-ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ РАЗВИТИЯ СЕЛЬСКОГО И ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ТУРИЗМА В БЕЛАРУСИ В УСЛОВИЯХ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКИ	32
5	М.С.МУРЗАМАДИЕВА, Н.Б. СЕЙСЕН ҚАЗАҚСТАНДА ТУРИСТІК САЯСАТТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ	38
6	Д.П. ҚОЖАМЖАРОВА ТҮРКІСТАН – ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ БЕСІГІ	43
7	А.А. ИВАШОВ, Р.Г. ШАКИРОВА ФИЛОСОФИЯ ГОСТЕПРИИМСТВА В ТУРИЗМЕ	47
8	С.Ж.НУРГАЗИНОВА МОЛОДЕЖНЫЙ ТУРИЗМ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ	55
9	Д.С. АСАН ТУРИСТІК ҰЙЫМДАРДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ЖЕТІЛДІРУ ТЕТІКТЕРІ	59
10	Ж.А. САДЫКОВ, А.Г. ГИЗЗАТЖАНОВА ОЦЕНКА ОСНОВНЫХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ РАЗВИТИЯ ГОСТИНИЧНОГО БИЗНЕСА В КАЗАХСТАНЕ	63
11	Л.М ШАЯХМЕТОВА ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТАРТУҒА COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫНЫҢ ӘСЕРІ	68
12	Е.А. АБЕНОВА, К.А. ПЕТИМКО СЕЛЬСКИЙ ТУРИЗМ КАК ДРАЙВЕР РАЗВИТИЯ РЕГИОНОВ	72
13	Б.А. ШИЛБАЕВ, С.Қ. НАУАТОВ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР ҰМЫТЫЛМАСЫН ДЕСЕК...	77
14	М.М. НУРПЕИСОВА ВОПРОСЫ АТТРАКТИВНОСТИ ОБЪЕКТОВ ВПШ СТАНДАРТОВ И ИХ ТРЕБОВАНИЙ К ОРГАНИЗАЦИИ УСЛУГ	82
15	Б.С. ОМАРОВ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ОҚУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ	88
16	Л.Т. МЫРЗАБЕКОВА ТУРИЗМ – ЭКОНОМИКАНЫҢ ТЕГЕУРІНДІ САЛАСЫ	93
17	Ғ.І. ӘБДИЕВА А.АМАНТАЙ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ТАБЫСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУЫНЫҢ ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ	96
18	Ж.Е. ТҰРҒАМБЕКОВА ДЕСТИНАЦИЯ БРЕНДІНІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН АНЫҚТАУ: ТУРИСТТІК БАҒЫТТЫ ДАМЫТУДЫҢ ДРАЙВЕРІ РЕТІНДЕ (Алматы облысы мысалында)	100

19	Д.Е. ЖУМЕКЕНОВА, Е.Р. КАЗТАЕВ ТҮРІК ҚОНАҚ ҮЙЛЕРІНІҢ СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІН ҚАЗАҚСТАНДА ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІГІН ТАЛДАУ	106
20	Д.Е. НУРМУХАНБЕТОВА, И.Б. КАКАБАЕВА ИССЛЕДОВАНИЕ ЗАРУБЕЖНОГО ОПЫТА РАЗВИТИЯ ГОСТИНИЧНОГО БИЗНЕСА В СТРАНАХ ДАЛЬНЕГО ЗАРУБЕЖЬЯ В КОНТЕКСТЕ ЗАИМСТВОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	111
21	Д.Е. ЖУМЕКЕНОВА, Е.Т. ӘШІМ А.БАЙТҮРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ Өңірлік университетінің дене шынықтыру, спорт және туризм факультетінің қалыптасу тарихы	117
22	Г.И. АБДИЕВА РОЛЬ ПЕДАГОГА-ЭДВАЙЗЕРА В ФОРМИРОВАНИИ УСПЕШНОЙ ЛИЧНОСТИ БУДУЩЕГО ПРОФЕССИОНАЛА	121
23	Е.С. ЕСМАХАЙ, Ә.М. ӘШІМХАНОВ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ	124
24	С.Д. УСУБАЛИЕВА, К.М. ДИДАЛОВА АНАЛИЗ ВЛИЯНИЯ ЭКОНОМИЧЕСКИХ КОНТЕКСТОВ НА ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПРЕДПРИЯТИЙ ТУРИСТСКОГО БИЗНЕСА В ПЕРИОД ПАНДЕМИИ	130
25	А.С. АЛИЕВА Ш.С. НУРМУХАМЕДОВА БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ТУРИЗМІН ДАМЫТУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ	136
26	Ш.Ұ. ЛАЙСХАНОВ, Қ.Қ. ТЫНЫШТЫБАЕВА ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ КИЕЛІ ОРЫНДАРЫ - ТУРИСТІК НЫСАН РЕТІНДЕ	140
27	Ж.М. ЕСІРКЕПОВ, Р.Ж. ШОМАНОВ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ӨТКІЗУДІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ	146
28	Н.Ж. ЖОЛМАНОВА, Д.А. АЛИМБЕКОВ БАЛАЛАР- ЖАСӨСІРІМДІК ТУРИЗМДІ ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ	149
29	С.Х. БЕКБАУЛИНА, А.Т. ДУЙСЕМБАЕВА, Б.Х. ҚАШҚЫНБАЕВА ҚАЗАҚСТАН ТУРИСТІК НАРЫҒЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ЖАҒДАЙЫ	155
30	А.Т. ДУЙСЕМБАЕВА, С.Х. БЕКБАУЛИНА ӘЛЕУМЕТТІК- МӘДЕНИ СЕРВИС ЖӘНЕ ТУРИЗМДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ	159
31	А.Т. ДУЙСЕМБАЕВА, С.Х. БЕКБАУЛИНА ТУРИЗМДІ ДАМЫТУДАҒЫ АҚЫРТАСТЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ	165
32	Д.А. АЛИМБЕКОВ, Н.Ж. ЖОЛМАНОВА ТУРИЗМ - ТҮЛҒАНЫҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ	169
33	Г.Н. САФАРГАЛИЕВА, А. АРАПОВ 10-14 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАС БОКСШЫЛАРДЫҢ КОРДИНАЦИЯ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ	174
34	Г.Е. БОЛСАМБЕКОВА НОВЫЙ ЭТАП РАЗВИТИЯ ШЕЛКОВОГО ПУТИ	178
35	Ш.А. КАМЕЛОВА ОСНОВЫ ТУРИЗМА	181

36	А.К. АНАРБАЕВ, С.ЮЛДАШЕВА ПРОБЛЕМА ГИПОКИНЕЗИИ В ДОШКОЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ И В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ	184
37	Д.Е. ЖУМЕКЕНОВА, Ә.Е. ОТДАН БАЛУАНДАРДЫҢ ТӨЗІМДІЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	188
38	Г.Н. СУЛЕЙМЕНОВА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ МӘСЕЛЕЛЕРІ	192
39	Г.Н. СУЛЕЙМЕНОВА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТУРИСТІК БЕДЕЛІН АЛЫПТАСТЫРУ	196
40	Г.Н. СУЛЕЙМЕНОВА, З.Ю. ЯНТУРСИНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИСТТІК НАРЫҚ	199
41	Ә.Ж. ТАСТАНОВ ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАДА ОҚУШЫЛАРДЫ ҚЫСҚА ҚАШЫҚТЫҚҚА ЖАТТЫҚТЫРУ КЕЗІНДЕ АҒЗАНЫ ЭНЕРГИЯМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҮЙРЕТУ	202
42	А.Т. ДУЙСЕМБАЕВА, С.Х. БЕКБАУЛИНА, А.А. КАДИРБЕКОВА ТУРИЗМДЕГІ КОРОНОВИРУС ПАНДЕМИЯСЫНЫҢ САЛДАРЫ	208
43	Ш.С. НУРМУХАМЕДОВА, А.С. АЛИЕВА БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ТУРИЗМІН ДАМЫТУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ	212
44	Е.А. ТУЛЕГЕНОВ, Д.Н. НҰРГЕЛДЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ – ТАРИХЫМЫЗДЫҢ АЙНАСЫ	216
45	Ж.А. САДЫКОВ, А.Г. ГИЗЗАТЖАНОВА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭКСКУРСИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕ ИННОВАЦИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ	222
46	Ж.Е. ТҰРҒАМБЕКОВА ДЕСТИНАЦИЯ БРЕНДІНІҢ МІНЕЗ- ҚҰЛҚЫН АНЫҚТАУ: ТУРИСТТІК БАҒЫТТЫ ДАМЫТУДЫҢ ДРАЙВЕРІ РЕТІНДЕ (Алматы облысы мысалында)	229
47	Ш.С.Нурмухамедова, А.Ж.Тарихов КАК ЭПИДЕМИЯ 2020 ГОДА, ПОВЛИЯЛА НА ИНДУСТРИЮ ГОСТЕПРИИМСТВА	233